

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

Ғабитов Тұрсын Хафизұлы

МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГИЯНЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

АЛМАТЫ
2019

ӘОЖ 130.2:74/75 (574)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылған.

Оқу әдістемелік құралы

Пікір берушілер:

Философия ғылымдарының докторы **Сатершинов Б.М.**
Философия ғылымдарының кандидаты, профессор **Әлімжанова Ә.Ш.**
Философия ғылымдарының доктор **Борбасова Қ.**

Ғабитов Т.Х. Мәдени антропологиядағы зерттеу әдіснамасы. – Алматы, 2019. – 75 б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы редакциялық баспа кеңесінен 2019 жылы ___ ақпан мәжілісінде баспаға ұсынылған.

Оқу әдістемелік нұсқауларда «Мәдени антропологиядағы зерттеу әдіснамасы» мәдениеттанулық білім тұрғысынан талданады. Оқу әдістемелік нұсқау «6М020400 – мәдениеттану» мамандығының магистрлеріне, жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық мамандықтардың оқытушылары мен студенттеріне, жалпы мәдениеттану курсы барысында пайдалануға, мәдениетті зерттеуге қызығушылық танытатын барша оқырман қауымға арналған.

АЛҒЫСӨЗ

Оқу-әдістемелік нұсқаулардың мақсаты – әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы зерттеу стратегияларының әдістері мен әдіснамаларының құрылымымен және мәдениеттанулық зерттеулердің тарихымен байланысты идеялар мен түсініктердің кешені туралы студенттердің білімдерін кеңейту және тереңдету. Бұл мақсатты орындау барысында мынадай **міндеттер** туындайды:

- ғылыми бекітілген тапсырмалар мен зерттеу объектісінен тыс сапалы және сандық әдістерді тиімді қолдана білу;
- объекті зерттеудің әр түрлі сатыларында кешенді зерттеудің мүмкіндіктерін көрсету; әлеуметтік антропологияда сапалы зерттеудің нақты тәсілдерін және техникасын қолдана білуге үйрену;
- заманауи мәдениеттанулық парадигма әдістері және фактологиялық материал негізінде концептуалды жаңа білім алу; мәдениеттанулық зерттеулердегі тапсырмаларды орындау үшін жаңа әдістер жасау қабілетін игеру, ғылыми ортада коммуникативті жағын дамыту және мәдениаралық коммуникация модельдері мен әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру;
- жеке тұлғалық, мәдениетаралық коммуникация мәселелерін шеше алу; «ақпарат», «ақпараттық қопарылыс», «ақпараттық агрессия», «ақпараттық қауіпсіздік» және т.б. сияқты ұғымдарға анықтама бере алу, мәдениеттің іскерлік қарым-қатынаста, қызметтік мәселелер мен дипломаттық және ұлттық этикеттің заманауи жағдайы мен одан ары қарай дамуын саралай алу.

Курс арнаулы пән ретінде оқытылады. Осы пән шегінде магистранттар пәннің кәсіби бағытталған және жалпы арнаулы білімнің қырларын меңгереді. Курстың мазмұны: мәдениет шегіндегі мемлекеттік саясат, басқару теориясы, мәдени іс-әрекеттің маркетингі, шешім қабылдау теориясы, PR-технологиясы, шығармашылық психологиясы, білім және мәдени туризм технологиясы, жарнама теориясы және мәдени білімнің ерекшелігі туралы концептуалды ұйымдасқан білім, мәдениеттің әр түрлі тарихи типтерінің динамикасы және осы мәдениеттің тарихи типтерін үйренудегі концептуалды, әдістемелік ыңғайлар, құқықтық, экономикалық, саяси, философиялық білім негізінде алынған қазіргі социомәдени шындық туралы ғылыми және философиялық көзқарастың қалыптасуы, оның кәсіби білім контексіндегі рөлі, оның негізгі компоненттерін көрсету және оның құрылымының әдістемелік принциптері. Интернет ресурстары мен, ақпараттық технология бағытындағы білімді дамыту, кәсіби мақсаттарда қолдану, ағылшын, орыс, қазақ тілдеріндегі ғылыми және публистикалық мәтіндердегі ақпараттарды түсіну; алға қойған мақсаттары бойынша белгілі бір мәселелер тұрғысында өзінің көзқарасын қалыптастыру, оқу пәндері бағдарламасын жасауға қабілетті болуы – **маманның күзіреттілігін** арттырады.

ДӘРІСТЕР МӘТІНІ

1. МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГИЯ - МӘДЕНИЕТТАНУ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ПӘН – 2 С.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында еліміздің оқу жүйесінде мынадай инновациялық міндетті анықтады: «Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады».

Қазақстанда оқытылатын мәдениеттану пәнінің негізгі міндеттеріне тәуелсіз Қазақстанның мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттың мәдени сұраныстары мен талаптарын қанағаттандыру саясатын жүргізу жатады. Қазіргі кездегі өркениет қоршаған ортаны, әлеуметтік сипаттағы тұрмыстық жағдайды қайтарымыз түрде өзгертуде. Осы тұрғыда мәдениет көбінесе қоғамдық жаңару бастауы, шығармашылық өмірді қалыптастыру факторы ретінде көрініс табады. Мәдениетті адамның өзін-өзі жүзеге асыру құралы ретінде қарастыру арқылы, ондағы тарих пен адамға айтарлықтай әсер ететін импульстарды анықтай аламыз. Әлемге жетудің эвристикалық құралы идеология, экономика немесе саясат емес, мәдениет болып табылады. Жер жүзінде өзіндік мәдениет нұсқасын қалыптастырмаған халық жоқ. Өзін-өзі сезіну, өзіндік сананы түсіну мәдениетке әу бастан-ақ тән, ол адам болмысының өлшемсіздігі мен тереңдігін білдіреді. Ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі екі негізгі талаптарға сәйкес келуі:

- ұлттық мәдениет өзіндік даму амалымен өзіндік даму қабілетін анықтауы тиіс;
- ол қазіргі кезде қоғамда болып жатқан радикалдық және инновациялық өзгерістерге кедергі жасалмай, керісінше, оған демеу беріп, бірігіп, онымен іштесіп модернизациялануға ұмтылуы тиіс.

Өркениеттіліктің басқа қыры – ол алып келетін жағымды құндылықтар. Бұлар:

- қоғамның ашықтығы тіршілік қалыптарының жоғарылуына, экологиялық бүлдірулердің баяулауына, жалпы гүлденуге себепші бола алады;
- ашық нарық жаңа жұмыс орындарын ашады, табысты молайтады, жаңа технологияларды таратады;
- әлемдік экономикамен бірігу өзімен бірге жаңа технологиялар мен идеяларды ала жүреді, халықаралық сауданы дамытады, инфляцияны жұмсартады, инновацияларды жеделдетеді;
- ашықтық адамдық факторға инвестицияларды ұйғарады: білім беруге, денсаулықты сақтауға, инфрақұрылымға;
- өзгерістер билікті саяси және экономикалық реформаларды жүргізуге мәжбүрлейді.

Мәдениеттану мамандарын дайындауда жетекші рөл атқаратын антропология курсы өз ішіне әлеуметтік немесе мәдени антропологияны, антропологиялық лингвистиканы, ежелгі археологияны және биологиялық немесе физикалық антропологияны қамтитын пән. Антропология пәнінде теория зор мәнге ие. Ал теория мен тәжірибе өзара тығыз байланысты. Бұл бөлімде біз антропологияға қатысты негізгі мәселелерге шолу жасаймыз. Әсіресе түрлі ұлттық дәстүр ықпалымен пәнге берілген анықтамаларға, теория мен этнографияның өзара байланысына, синхрондық және диахрондық тұрғыдан зерттеудің айырмашылықтарына және пән тарихын тарихшылар мен антропологтардың қалай қабылдайтынына мән беріледі.

«Антропология» сөзінің мәні ұзақ жылдар бойы әр елде түрлі мағынада, түрлі ұғымда қолданылып келді. «Антропология» сөзі грек тілінен аударғанда, *антропос* – адам, *логос* – пайым немесе ғылым дегенді білдіреді. Ғылыми пән ретіндегі атауы алғаш рет шамамен XVI ғасырдың басында (*anthropologium* деген латын тіліндегі түрінде) пайдаланылған. Орталық Еуропа ғалымдары бұл сөзді анатомия мен физиологияға қатысты термин мағынасында қолдана бастады. Кейінгі зерттеулерде «физикалық» немесе «биологиялық антропология» деп аталатын болды. XVII және XVIII ғасырларда Еуропа теологтары да бұл терминді өз салаларында қолдана бастады. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген ғалымдар «мәдени антропология» сөзін мәдени айырмашылықтар мен әлемдегі бар адамға тән, жалпы адамзатты сипаттайтын қасиеттер жиынтығы мағынасында қолданатын. Дегенмен соңғы уақытта «мәдени антропология» термині мен «этнология» терминін синоним ретінде жиі қолданатын болды.

Америка Құрама Штаттарында «этнология» мен «мәдени антропология» сөздері бірдей ұғымға ие. Америка Құрама Штаттарында және Канадада «антропология» әдетте төрт тармақты қамтиды:

- 1) биологиялық антропология;
- 2) археология;
- 3) антропологиялық лингвистика;
- 4) мәдени антропология.

Мұнда айта кетер жайт, көптеген антропологтардың ойынша, *қолданбалы антропология* өз алдына бөлек сала болу қажет. Қолданбалы антропология дегеніміз – апаттардың салдарын жоюда, медицина саласында, қоғамды дамытуда және басқа да мәдениет пен қоғамдық маңызды салаларда мәдени антропологиядағы идеяларды қолданысқа енгізу. Кең ауқымда алып қарағанда, қолданбалы антропология биологиялық және лингвистикалық антропологияны немесе тіпті археология мәселелерін де өз ішіне қамтуы мүмкін. Мәселен, биологиялық антропология мәйіттің тірісінде кім болғанын анықтауға көмектеседі. Антропологиялық лингвистика мылқау жандарға қатысты және сөйлеу терапиясында қолданылуы мүмкін. Ал ежелгі суару жүйесіне қатысты табылған археологиялық қазбалар заманауи су құбыры құрылысына көмектесуі мүмкін.

«Антропология» біраз ортада, бірнеше құрлықта таза «мәдени антропология» мәнінде қолданылатын болып қалыптасты. Мүмкін, бұл дұрыс та шығар. Биологиялық антропология адам биологиясын зерттейді. Ол көбіне «антропологияның» алғашқы кездегі, адамзатты зерттейтін ғылым мағынасында пайдаланылады. Кейде бұл өзінің ескі «физикалық антропология» терминіне балама ретінде аталады.

Антропологтар басқа мәдениетті зерттейтіндіктен, мәдениеттану басқа адамдардың ойлау мәнерін өзімізше түсіндіруді білдіреді. Теория болса, белгілі бір деңгейде біздің өзіміздің антропологиялық мәнерде ойлауымызды түсіну болып саналады. Мәдени антропология үшін не нәрсе маңызды және не нәрсенің маңызы жоқ екенін анықтап алмайынша, онымен айналысу мүмкін емес. Студенттер антропология теориясының не қажеті бар деген сұрақты жиі қояды. Дәл сол сияқты олар мәдениеттанудың қажеті қанша деп те сұрауы мүмкін. Мәдени антропология мәдениеттің абстрактілі мағынасын тереңірек түсінуге және (мәдениеттің ерекшелігіне байланысты қалыптасқан) адамзат табиғатының болмысын анықтауға қызмет етеді. Екінші жағынан, теория этнографиясыз қандай да бір мәнінен айырылады, өйткені мәдени өзгешелікті түсіну – антропологиялық мәселелердің ішіндегі ең маңыздысы.

Батыстан тыс елдерде "мәдени антропология" терминін қолдануда төмендегідей позициялар бар:

- 1) Осы бағыттың жақтаушылары үш сипатта мәдениеттану пәндерінің бар екендігін мойындайды: мәдени антропология, мәдени философия және әлеуметтік мәдениеттану. Осындай жағдайда осы пәндердің өзара байланысы анық емес.

Зерттеушілер мәдени антропологияны этнологиямен теңдестіреді. Мәдени философия, әсіресе, Германия мен Ресейде дамыған. Қазақстандағы мәдениеттану пәні Ресейдің ықпалымен мәдениет философиясының методологиялық рөлін мойындауға сүйенеді.

2) Осындай түсіністе мәдениеттану мәдениет және өркениет туралы барлық пәндерінің теориялық синтезі болып табылады, ол Гегельдің мәдениет философиясын ұғымымен бірегейлендіріледі, мәдениет туралы жүйелі білім мақсаты болып табылады.

3) Ғылым объектісін, пәнін және субъектісін бөлмей мәдениеттану пәнін баяндау. Алдыңғы қатарға мәдени субъектісінің мәдениет шығармашылық әрекеті, мәдениет мәтінінің феноменологиялық және герменевтикалық талданылуы, мәдениеттен мағына іздеу шығады. Мәдениеттану әлеуметтік-мәдени шындықтан босатыла отыра, филологиялық-гуманитарлық пәндерге жақындайды. Мәдениеттану пәнінің осындай түсінігі Қазақстанда да кеңінен таралған.

4) Мәдениеттану пәні мәдени философиясы пәнінен шығарылады. Басқа жағдайда, мәдениеттану өркениеттік ықпал негізінде пайда болатын, теория ретінде қаралады және оның пәні цивилиографияға (өркениет философиясы) жақын тұжырымдалады, әдістемелік құралы ретінде мәдениет пен өркениет дамуының пайда болуы мен заңдылықтарын зерттейді. Оның өзі кешенді ғылыми пән болып әрекет етеді және әлемдік, отандық мәдениеттің теориясы мен тарихын, әлеуметтік мәдениеттануды, көркемдік және өнегелі мәдениеттің теориясын қамтиды.

Қазіргі заманда мәдени антропология мәселелерінің өзектілігі мен ауқымдылығын арттыратын бірнеше мәдени-әлеуметтік факторларды атап өтейік. Алдымен осы факторлардың арасында ғаламдану үдерісінің рөлі ерекше екендігіне назар аударған жөн. Әлемдік қауымдастықты құрап отырған ұлттық мемлекеттер мен аймақтардың бір-біріне өзара тәуелділігінің артуы, олардың жалпыға ортақ экономикалық, саяси және мәдени ережелері бар бір жүйеге бірте-бірте тартылуы, интеграциялануы дендеп бара жатқан ғаламданудан (глобализация) тыс қала алмайтынымыз белгілейді. Жаһандану жөніндегі түрлі көзқарастар болса да, күшті ел әлсіз елге басымдық көрсете алмайтын, барша адамзат жатырқамайтын мәдени ғаламдастыру негізінде жергілікті ұлттық дәстүрлер мен ерекшеліктерді сақтай отырып, өзге өркениеттен, өзге мәдениеттен талғап-таңдап, іріктеп, әлемдік мәдениетте лайықты орны бар, біртұтас ұлттық мәдени кеңістік қалыптастырған ләзім. Осыған сәйкес, Қазақстанда мәдени-саяси даму моделіне бағытталған жалпы мемлекеттік саясаттың құралына енетіндер:

– қоғамның жан-жақты дамуының алғы шарты болып табылатын мәдениет тәуелсіздігін сақтау;

– қоғамның негізгі субъектісі мен объектісі ретіндегі адамның жеке тұлғалық құндылықтары мен шығармашылық дамуын бағалау;

– қоғамның адамгершілік (діни, моральдық) және интеллектуальдық ресурстарын дамыту мен қайта қалпына келтіру жөніндегі қамқорлығын жүзеге асыру. Бұл бақылау орнату үшін мемлекетке адекватты механизмдерді жасауға мүмкіндік береді;

– құқықты базаларда, қоғамның жоғары дәстүрлі-моральдық құндылықтар мен этникалық нормаларға жетуі;

– негізгі ұлт қазақ халқының мәдени құндылықтарын басшылыққа алу және оны басқа ұлт өкілдерінің қабылдап, бейімделуін реттеу арқылы ұлттық модельді қалыптастыру және т.б..

XX ғасыр мәдениеттануында пайда болған мәдениеттің жаңа парадигмасы туралы тұрақты сезімді айқындайтын көптеген себептер бар. Ең негізгісі жаңа қалыптасқан шындықты мойындау: тіршіліктегі маңызды процесстердің әмбебаптылығының сипаты, мәдени аймақтардың өзара әрекеттестігі және өзара тәуелділігі, қазіргі замандағы адамзат баласының тағдырының бірлігі, былайша айтқанда, өркениеттің бастауы және сонымен қатар оның салдары болған шынайылықтар. Кейбір халықтарды

ғана емес, барлық Еуропалық қауымдастықты қамтыған тағдыры біртұтас әртүрлі аймақтар "апаттарымен" айқындалады: дүниежүзілік соғыстар, тоталитарлық режимдер, фашистік экспанциялар, халықаралық терроризм, экономикалық тоқыраулар, экологиялық күйзелістер және т.б. Бұл процестердің бәрі жәй ғана шектелген күйде, басқа халықтардың мәдени дамуының қалпын бұзбай, жанап өтуі мүмкін емес еді.

Мәдени антропологиялық зерттеулер ұлттық мәдениетті жасаушылардың ментальдық ерекшеліктерін есепке ала отырып, кез келген ұлт мәдениетінің өзіне ғана тән сипатын ашып көрсетуде қомақты табыстарға жетіп отыр. Мысалы, орыс биінің, аргентин тангосының, негр музыкасының терең ұлттық мәнін осы тамаша рухани дүниелерді өмірге келтірген халықтың ұлттық мінезін ескергенде ғана толық түсінуге мүмкіндік алған болар едік. Мәдениеттанушылардың бұл орайдағы басты мақсаты – дүниежүзілік және ұлттық деңгейдегі тарихи-мәдени процестерді тарихи шындық тұрғысынан түсіндіріп қана қоймай, оларды болжай, әрі басқара білу. Ең бастысы – мәдениеттану ғылымы мәдениеттің қайнар бұлағынан сусындай білуі қажет. Адамзат баласы өз шешімін таппаған көптеген мәселелерге белшесінен батуы қазіргі заманға мәдениеттің көп жағдайларда өз бастауын ұмыта бастағанынан да болуы керек. Ендеше, адамзаттың мәдени жаңғыруына мәдениеттану пәнінің қосар үлесі де қомақты екенін де ескерсек, әлі де болса буыны бекімеген жас ғылым саласының болашағы зор болатындығына күмән келтіруге болмас.

Қазақстан бүгінгі ғаламдану дәуіріне аяқ басар тұста жаһандану желеуімен кіріп жатқан діндік, ділдік азғындауға ұшырататын көптеген мәдени өркениеттер шырмауында қалып отыр. Әлеуметтік құрылымдағы, дүниетанымдағы, демек, мәдениеттегі берекесіздік – жас мемлекеттің жаңа іргетасы қаланып жатқан кезге тән құбылыс. Бүгінгі таңда басқа да мемлекеттер сияқты мәдени өркениеттің аясындағы ұлт дәстүріне негізделген жолмен немесе бұқаралық мәдениеттер үрдісімен жүру сондай-ақ, өзге мәдениеттерге ұқсамайтын ұлттық төл мәдениеттің өзегінен бүгінгі өмір ағымына сай мәдениет үлгісін қалыптастыру жолын таңдау да жан-жағына қарай бастаған тәуелсіз елдің бірден-бір стратегиялық құралы болады.

Қоғамның моральдық стандарттарын жетілдіру, мәдени-ақпараттық кеңістікте туындайтын мәдениетке қарсы (немесе жалған мәдени) құбылыстарды ығыстыру үшін мәдениеттің шектегіш-реттеуіш тетіктерін жандандыру ләзім. Қазіргі ғылым бойынша мәдениет ең алдымен бүкіл қоғамдық организмнің рухани ұйымдастырушысы ретінде, оң идеялар мен құндылықтарды көркем шығармашылық арқылы тұлғалаушы және таратушы ретінде нақ сол мәдениет бүгінгі уақытта адамның өмірдегі өз орнын еркін таңдауы мен орнығуы үшін жағдайлар жасау жолымен, тарихи маңызды міндеттерді шешу үшін халықты психологиялық жұмылдыруға көмектесуі тиіс. Осы тұрғыдан қарағанда мәдениет адамдардың әлеуметтік масылдық таптаурындарын, моральдық енжарлығын, пессимизм және ұлттық нигилизм, шығармашылық селқостығын жою үшін берік әлеуметтік базаға (негізге) айналуы тиіс.

Жоғарыдағы мәдени бағдарламаны сараптағанда мынадай бір ой туындайды. ХХІ ғасыр табалдырығында болашағынан үміт күттіретін мәдениет пен оның теориясы партикулярлық ұстанымдарға сүйенбеуі қажет. Тек ашық, сұхбатқа икемді, басқалармен үйлесімді этномәдениет қана заман талаптарына сай бола алады. Болашақ мәдениеттанулық зерттеулер мен жобалар қазақ мәдениетінің бірегейлігімен қоса, оның диалогтық аймағын да зерделеуі қажет. Ал осыған дейінгі мәдени ықпалдарды сылып тастап, "тап-таза қазақшылықты" уағыздау "тәлібшілдіктің" бір көрінісі болар. "Таза беттен бастап, батыстық үлгімен жүре берейік" деу де қазақ мәдениетінің жасампаздық потенциясы күмән келтіру. ХІХ ғасырда Батыс үстемдік етсе, ХХ ғасыр капитализм мен социализмнің текетіресі түрінде болды, ал ХХІ ғасырда ахуал өзгереіін деп тұр. Әлем сахнасына С.Хантингтон жіктеген басқа да суперөркениеттер шығайын деп тұр. Бұл да мәдениеттанулық талдауды қажет ететін мәселеге жатады.

Саяси мәдениеттануда мәдени саясаттың төрт моделі туралы айтылады. Американдық модельде мемлекет мәдени саясатпен тікелей айналыспайды. Мәдениетті ынталандыру және қаржыландыру ісімен негізінен жеке спонсорлар, қорлар мен муниципалитет айналысады.

Екінші – орталықсыздандырылған үлгіде "Мәдениет министрлігі" деген жоқ және мәдени басқару үдерісі жергілікті ұжымдарға бекітілген (мысалы Еуропада).

Солтүстік еуропалық модельде мемлекет өз ықпалын мәдени қайраткерлердің қоғамдық ұжымдары арқылы жүзеге асырады. Мемлекеттік қаржыны еркін шығармашылық бірлестіктері өздері бөліп алады. Бұл жүйеде мәдени сарапшылардың рөлі жоғары болады. Төртінші модель мықты әкімшілік жүйесіне сүйенеді және орталық шешуші рөл атқарады. Әрине, әр елдің саяси-мәдени жағдайы әр түрлі және оны мәдени саясат жүргізгенде ескеру қажет. Бірақ, әлемдік өркениеттің жаңа талаптарынан да тыс қалған дұрыс емес.

Қазақстанда мәдениеттану мамандығының және оның жетекші пәні мәдени антропологияның өзектілігі әлемде жүріп жатқан озық үрдістермен тікелей байланысты. Болон Декларациясына сай, адамның сапалық параметрлерін қалыптастырушы және жетілдіруші рухани өндірістің маңызды салаларының бірі - білім беру саласы. Білім беру бір жағынан, тұтас ұлттың интеллектуалды потенциалының дамуы және тереңдеуінің факторы болса, екінші жағынан - адам мүмкіндіктерінің барынша жүзеге асуының іргелі алғышарты. Білім беру экономикалық өсудің маңызды факторы, адами капиталдың ең маңызды өлшемі. Қазақстан халықтың «тапқырлық» деңгейі (яғни, антропологиялық идеялардың дамуы), ғылыми-зерттеу базасының, адам туралы ғылымдағы білімнің сапасы бойынша, сондай-ақ базалық инфрақұрылымның жаман емес жағдайына қатысты айтарлықтай жоғары бағаланады. Адам капиталы тұрғысынан ғылымға, білімге, бір адамға жұмсалатын қаржыны есептегенде біз, әрине, әлі де болса жоғары деңгейге көтеріле алмай отырмыз. Бүгінгі таңда тек білім-ғылым, жаңа технология салаларына бөлінетін қаржы Американың ішкі жалпы өнімінің 26 пайызын құрайды екен. Ресейде бұл көрсеткіш – 8 пайыз болса, Қазақстанда – 6,5 пайыз. Қазақстанда индустриялық-инновациялық бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Міне, сондықтан адам капиталының әлеуетін көтеретін кез келді. Осы мақсатта еліміздің экономикасын дамытуға мүмкіндік беретін адам капиталын дамыту жолында интеллектуалдық элита қалыптастыру үшін мәдени антропология бойынша Алан Бэрнардтың «Антропологияның теориясы мен тарихы» оқулығы өте маңызды құрал болып табылады.

Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне байланысты. Білім беру саласында «Назарбаев университеті», «Интеллектуалдық мектептер» секілді жобалар ерекше басымдыққа ие болмақ. Ендігі жерде экономикамызды жеделдете модернизациялап, инновациялық-индустриялық экономикаға көтеру үшін Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын философия ғылымдарының докторлары А.Т. Құлсариева мен А.Д.Құрманалиеваның редакциясында PhD докторы Ж. Жұмашева аударған, Алан Бэрнардтың «Антропологияның теориясы мен тарихы» оқулығы сияқты білім көздері арқылы интеллектуалды төңкеріс қажет. Кез келген пәнді жете түсіну үшін оның тарихын білудің маңызы зор.

Алан Бэрнард антропология пәнінің қалыптасуындағы көзқарастардың даму тарихын зерттеп, теориялар мен мектептердің шығу тегін талдап, түрлі идеялар төңірегіндегі пікірталасты сараптап, жүйелеген. Бұл оқулық – сол жұмыстың нәтижесі. Кітап мазмұны антропология ғылымының қалыптасу тарихын, ондағы эволюция теориясы туралы тұжырымдарды, диффузионистік және тарихи-мәдени аймақтар теорияларын, функционализм және құрылымды-функционализм, әрекетке негізделген теорияларды, процессуалдық және маркстік көзқарастағы зерттеулерді, релятивизм,

структурализм мен постструктурализмнің түрлі салаларын және енді ғана қалыптасып жатқан интерпретациялық және постмодернистік көзқарастарға қатысты тақырыптарды кеңінен қамтыған. Бұл оқулық антропология тарихы мен теориясын меңгеруге ден қойған студенттер мен жас мамандарға арналған және елімізде мәдениеттану пәнін жетілдіру үшін ауадай қажетті (1.Алан Бэрнард. Антропологияның теориясы мен тарихы. Видеокурс. 25 дәріс. Дайындаған Габитов Т.Х. <https://openu.kz/kz/courses/antropologiya-tarihy-men-teoriyasu>;
2. Лотман Ю. Семиосфера. Видеокурс. 25 дәріс. Дайындаған Жолдубаева А.Қ. <https://openu.kz/ru/courses/semiosfera>).

2. Ғылыми әдіснама түсінігі. Мәдени антропологияның ортақ ғылыми әдістері – 2 с.

Кең түрде алғанда, гректің "methodos",- деген сөзі "жол" деген мағна береді. Әр нәрсені жасағанда, адам оны белгілі бір үлгілер, тәсілдерге сүйене отырып істейді. Мысалы, бүгінгі саясатта батыс елдерінде алғаш пайда болған "пиар-технологиялар" қолданылуда. Педагогика саласында әр пәнді қалай үйрету керекті жөнінде неше-түрлі методтар шығарылған. Мұндай мысалдарды шексіз көбейте беруге болар еді. Сол сияқты ғылыми салада да неше-түрлі методтар жасалып, нәтижелі қолданылады. Бірақ, әңгімені біз сол "ғылымның өзі не",- деген сұрақтан бастауымыз керек. Содан кейін ғылыми методтарды талдауға көшуге болады.

Бүгінгі қоғам өмірін ғылым мен техникасыз көзге елестету мүмкін емес. Ғылым – дүниетану, жалпы алғанда, рухани өндірістің қалыптасқан ерекше түрі. Оның өз мекемелері (ғылыми-зерттеу институттары, лабораториялар т.с.с.), ғылыми қауымдастықтары, зерттеу жабдықтары, ақпарат алмасу (журналдар, конференциялар т.с.с.), қаржы орталықтары т.с.с. бар. Ғылымның негізгі мақсаты – адамзат қажеттіктерін өтеу жолында соған керек білімді өндіріп, оны іс жүзінде өмірде пайдалануға болатындай ғылып қайта өзгерту. Екіншіден, барлық ғылым салаларынан шығатын деректер мен тұжырымдар, теориялардың басын біріктіріп, олардың өзара байланыстарын анықтап "Дүние жөнінде ғылыми сурет" жасау болмақ. Соңғының негізінде адамдардың дүниеге деген көзқарасы қалыптасады. Әрине, ғылым дамыған сайын "дүниесурет" те өзгеріске түседі.

Мындаған жылдар бойы ғылым ұрықтары философияның ішінде пайда болып дамыды. Математиканың (геометрия) негіздері жер өлшеу, су каналдарын өткізу т.с.с., астрономия – көшіп-қонудағы аспанға қарап бағыт алудан, Орта ғасырлардағы алхимия – байлықты өсіру (қорғасынды алтынға айналдыру) іс-әрекеттерінен пайда болды. Дегенмен де, бүгінгі ғылым өз түп-тамырларымен Жаңа дәуірге, яғни капитализмнің тарихқа келуімен байланысты дүниеге келеді. Оның Отаны – Еуропа топырағы. Егер Батыс пен Шығыс елдерінің даму қарқыны мындаған жылдар бойы біркелкі болса, ХУІ ғасырдан бастап Еуропа ғылыми зерттеулерді дамыту барысында тез қарқынмен алға өрлей бастайды. Шығыс елдері ғылыми-техникалық салада артта қалады.

Енді мұндай өзгерістердің себебі неде?,- деген сұрақ қойсақ, оған ғылыми әдебиеттен әр-түрлі жауап аламыз. Бұл мәселені егжей-тегжей талдаған неміс философы К.Ясперс оның түп-тамырын христиан дінінің адамға беретін рухани бағытынан көреді (библия этосы адамнан - ол қандай зардаптан өтсе де - ақиқатқа жетуді талап етеді). Екіншіден, "Дүниені Құдай жаратқаннан" кейін, М.Лютер айтқандай, "Құдайдың ісін биттің ішінен-ақ көруге болады", осы себепті, таным дегеніміз Құдай ойының ізімен жүру болса керек. Үшіншіден, бұл Дүние зардап пен қайғыға толы болғаннан кейін, Құдайды ақтау жолында солардың түп-тамырын зерттеп, олармен күресе білу қажеттігі.

Әрине, бұл көрсетілген рухани себептердің өз орны бар. Бірақ, біздің ойымызша, К.Ясперс христиан дінінің негізгі қағидаларының бірі - Құдай адамды өзіне ұқсатып осы жаратылған дүниенің әміршісі қылып жаратты,- деген қағидасына мән бермегендей. Ал шынына келгенде, осы қағида ғылымның христиан әлемінде тез қарқынмен дамуына зор әсерін тигізсе керек. Дүниенің ішкі сырын ашып, оны өз пайдасына жаратып, ақырында сол Табиғатты өз еркіне көндіру – талай ғасырлар бойы жаратылыстану ғылымдарын дамытудағы бағыт болды десек,- ақиқаттан алшақ болмайтын сияқтымыз. Өйткені, біршама Батыс ойшылдарының өзі-ақ бүгінгі таңдағы Еуро-Атлантикалық цивилизациясының терең дағдарысын осы себептен көруде.

Бірақ, бұл мәселенің әлеуметтік-экономикалық жағы тағы да бар. Ол Еуропа топырағына Қайта Өрлеу заманының келуімен тығыз байланысты (XV-XVI ғ.ғ.). Осы кезде Италияда теңіз саудасы мен балық аулау, мата тоқу т.с.с. кәсіптердің дамуы арқасында біршама шаруалар өз қожайындарынан жеке бас еріктігін сатып алып "жаңа байларға" айналып, шеберханаларында өз еркімен келіп жалданып істейтін еңбек күшін пайдаланады. Сонымен, капиталистік экономикалық қатынастардың негізі пайда болып, тез қарқынмен дами бастайды. Соңында болған буржуазиялық-демократиялық революциялар барлық адамдарға бас бостандығын әкеліп, бүкіл халықты заң жүзінде теңейді. Жаңа қалыптасқан жағдайда әр адам "мен не істеп өз жағдайымды дұрыстай аламын, қалай жан-ұямды асыраймын",- деген ойға келіп, ізденіске кіріседі. Осы миллиондаған адамдар белсенділігінің арқасында капитализм өндіргіш күштерді орасан-зор қарқынмен дамытады. Ал ол үшін Табиғатқа бет бұрып, оның заңдылықтарын ашу арқылы ғана жаңа құрал-жабдықтар, технологиялар жасау мүмкін еді. Міне, біздің ойымызша, ғылымның ерекше салаға айналып дамуының негізінде жатқан негізгі себеп осы болса керек. Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген рухани себептерді де ескеру қажет.

Қорыта келе, ғылым мен техниканың даму сатыларын былайша көрсетуге болады:

1. ғылымға дейінгі саты (көне заманнан XV ғ. дейін)
2. қазіргі ғылымның қалыптаса бастауы (XVI – XIX ғ. 70ж.ж.)
3. классикалық ғылым мен техника сатысы (XIX ғ. 70ж.ж. бастап XXғ. ортасына дейін).

XX ғ. ортасынан бастап осы күнге дейін (постклассикалық саты)

Соңғы сатыда ғылым мен техниканың дамуы "үлкен жарылысты" еске түсіреді. Бүгінгі таңдағы өндірістегі автоматикалық зауыттар, бүкіл дүниежүзін қамтыған интернет жүйесі, теледидар, ұялы телефондар, 2,5 дыбыс жылдамдығына жеткен ұшақтар (Конкорд), Ғарышта орналасқан стансалар мен жер серіктері т.с.с. қазіргі ғылым жетістіктеріне негізделген.

Осы жетістіктерге таңырқап сүйсіне қараған ойшылдар болашақта адамзаттың барлық қайшылықтары ғылымның даму негізінде шешіледі,- деген көзқарас ұстады. Мұны біз сциентистік (scientia,- лат. сөзі,- ғылым), я болмаса, техно-оптимистік көзқарас дейміз.

Алайда, шың бар жерде, күз да барын ескеру керек. XX ғ. 70 ж.ж. бастап ғылым мен техниканың теріс жақтары да айқындалып (жағалай ортаның бұзылуы, климаттың өзгеруі, адамның техника құлына айналуы т.с.с.) көрсетіле басталды. Антисциентистік, техно-пессимистік бағыт ұстаған ғалымдар қазіргі ғылымды "құмырадан шығып кеткен жынға" теңеп, "енді әрі қарай жаңа өндіріс кешендерін салуды тоқтату керек, әйтпесе жердегі тіршілік оған шыдамай құрып кетеді",- деген пікір айтты. "Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды",- демекші, жаңа ғана дамып келе жатқан елдер өз өндіріс кешендерін орнатып, халықтарының әл-ауқатын көтергісі келеді, Батыс ойшылдарының алаңдауын олар ескермейді.

Сонда әрі қарай не істеу керек?,- деген заңды сұрақ туады. Кейбір кезде, мүмкін, Табиғаттың баласы болып, оған қарсы шықпай үндесті өмір сүрген біздің көшпенді бабаларымыз дұрыс істеген болар?,- деген де сұрақ ойымызға келеді. Әрине, ол -

романтикалық көзқарас. Ғылым мен техниканың дамуын тоқтату мүмкін емес. Сонымен қатар, ғылымның жетістіктерін өмірге еңгізген кезде (ол ғылымның негізгі мақсаты), ойланып-толғанып, тек бүгінгі күннің мүддесін ғана ойлап қоймай, сонымен қатар, алыс болашаққа тигізетін оң, я болмаса, теріс әсерін сараптауға салу керек.

3. Әлеуметтік-антропологиялық зерттеу әдістерінің және әдіснамаларының құрылымы – 2 с.

Танымдағы сезімдік және ақыл-ой сатылары ғылымда зерттеудің екі деңгейін құрайды. Олар – эмпирикалық және теоретикалық білім. Олар, әрине, бір-бірімен өте тығыз байланысты.

Қайсыбір зерттеу эмпирикалық сатыдан, яғни, ғылыми деректерді жинаудан басталады. Ол үшін зерттелетін зат (объект), я болмаса, құбылысты (феномен) бақылау қажет. Аса назар аударатын нәрсе - ғылымдағы бақылаудың ерекшелігі, өйткені, ол - "tabula rasa", - таза тақта емес. Таным субъектісі (ғалым, я болмаса, ғылыми қауымдастық) зерттелетін объект жөнінде белгілі бір пікір, тұжырым, идеяға ұқсайтын көзқараспен мақсатқа лайықты бақылауға кіріседі. Тәжірибелік таным барысында ғылыми деректер жиналып, салыстырылып, белгілі бір жүйеге келтіріледі.

Әрі қарай ғылым теоретикалық деңгейге – тәжірибелік білімді ұғым, тұжырым, заң т.с.с. ғылыми құралдар арқылы өңдеуге көтеріледі. Теоретикалық таным арқылы біз зерттелетін заттың ішкі тұрақты байланыстары мен заңдылықтарын аша аламыз.

Енді теоретикалық білімнің құрылымына (структурасына) келер болсақ, оларға проблема (мәселе), гипотеза (болжау), теория, заңды жатқызуға болады.

Таным үрдісінде белгілі бір сатыда тежеу, түсініксіз, адамды абыржуға әкелетін ақуал пайда болады. Осы сәтте проблема дүниеге келеді. Оны шешпейінше, адамнан тыныштық кетеді. Сондықтан, кейбіреулер проблеманы – білмейтінімізді білу дейді. Мұндай ақуалдың пайда болуының негізінде сан-алуан қайшылықтар жатыр. Ол белгілі бір құбылыс жөнінде екі әр-түрлі пікірдің пайда болуынан, я болмаса, ескі теория мен жаңадан ашылған ғылыми деректің арасындағы қайшылық т.с.с. себептерден болуы мүмкін. Көп жағдайда мәселенің шешілуі – оны дұрыс қоя білумен байланысты. Ол үшін, әрине, барлық жиналған ғылыми деректер мен тұжырымдарды тағы да ой елегінен өткізіп, проблеманы айқын сезіну қажет. Шешілген проблема ғылыми білімді тереңдетіп, сонымен қатар, жаңа проблемаларды тудырады.

Гипотеза (болжау) – белгілі бір зерттеліп жатқан зат, я құбылыстың себебі жөніндегі кейбір деректерге негізделген болжам болып есептеледі. Ол әлі өзін дәлелдеуді талап етеді. Кейбір гипотезалар зерттеліп жатқан құбылыстың себебін анықтаудың тіпті мүмкін еместігінен пайда болады. Мысалы, ғылымда таңғаларлық бірнеше ғана мәселелер бар. Ол осы Дүниенің өзі, содан кейін тіршілік, ең соңында, рухани пенде – адамның өзі қалай пайда болды деген сұрақтар.

Бұл мәселелер жөніндегі діни көзқарастарды жақшаға шығарып қарағанда, материалистік философия мыңдаған жылдар бойы бұл Дүние мәңгілік өмір сүріп жатыр деген көзқараста болды. Мәселенің қиындығы – осы Дүниедегі бірде-бір зат, я болмаса, құбылыстың мәңгілік өмір сүре алмайтындығында, өтпелілігінде еді. XX ғ. 70 ж.ж. астрофизиктер "Ұлы Жарылыс" (Grand Explosion) гипотезасын ұсынды. Бұл гипотеза Дүниенің мәңгілік еместігін, осыдан 13 млрд. жыл шамасында вакуумның жарылуынан пайда болғанын болжайды. Осы гипотеза арқылы Ғарыштағы "инфра-қызыл сәуле толқындарының ығысуын", "дүниенің кеңею үстіндегі үрдісін" түсінуге болатын сияқты. Уақыты келгенде (млрд. ж.ж. кейін) бұл Дүние өзінің ішкі гравитация күші арқылы тартылып, яғни, коллапсқа ұшырап, өз өмірін тоқтатады. Келесі жарылыс Дүниенің "жаңа үлгісін" әкелуі мүмкін. Мұндай болжамдар адамның ақыл-ойы, шығармашылығының ғажаптығын көрсетпей ме?! Таңғаларлық нәрсе – осы гипотезаға

ұқсас идеяларды осыдан 120 ж. бұрын орыс теософы(teos,- құдай, sofia,- даналық) Е.Блаватская өзінің "Құпия доктрина" деген еңбегінде айтқан болатын.

Ал тіршілік мәселесіне келер болсақ, көп гипотезалардың ішінен акад. Опариннің "коацерваттық", яғни алғашқы көп минералдық тұздар еріген жылы мұхитта күн сәулесінің қуаты арқылы сансыз химиялық реакциялардың негізінде тірі белоктың дүниеге келгені жөніндегі болжамы ерекше бізді тартады. Адам мәселесіне келер болсақ, ол жөніндегі гипотезаларды біз "адам болмысы" тарауында қарағанбыз (қараңыз: осы кітап, 77-101 б.б.)

Әрине, жоғарыдағы көрсетілген гипотезаларды теорияға айналдыру өте қиын, өйткені, олардың түп-тамыры млрд. жылдарға кетеді. Ал шынайы өмірдегі нақтылы табиғи, я болмаса, әлеуметтік саладағы гипотезаларға келер болсақ, олардың ақиқаттығы ертелі-кеш дәлелденеді. Сонда ғана ол теорияға айналады. Өмірдің өзі-ақ біршама гипотезалардың жалғандығын көрсетіп, оларды ғылым шеңберінен шығарып тастайды. Мысалы, флогистон, я болмаса, ғарышты толтырып тұрған эфир сияқты гипотезалар ғылым дами келе өз жалғандығын көрсетіп категориялық (ұғымдық) статусынан айырылып қалды.

Теория – зерттелетін заттар, я болмаса, құбылыстардың ішкі мән-мағнасын ашатын, практика арқылы дәлелденген, қайшылықсыз бір-бірімен байланысты ұғымдар жүйесі. Мысал ретінде А.Эйнштейннің "салыстырмалы теориясын", Ч.Дарвиннің "эволюциялық теориясын", К.Маркстің "формациялық теориясын" т.с.с. келтіруге болады.

Теорияның қоғам өміріндегі негізгі қызметіне (функция) – түсіндіру, алдын-ала болжау, іс жүзінде пайдалану (практика) жатады.

Қайсыбір теория сол саладағы неше-түрлі деректерді тәртіпке келтіріп, өзара байланыстырып, зерттелген заттың идеалдық моделін (үлгісін) жасайды, сондықтан, адам оның терең мәнін түсінуге мүмкіндік алады.

Жақсы сарапталған теория алдын-ала болжауға, әлі де болса ашылмаған заттың қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, Д.И.Менделеевтің химиялық элементтердің алмасу заңына сүйене отырып, ғалымдар біршама жаңа элементтерді ашты. Әсіресе, әлеуметтік теориялардың маңызы өте зор – солардың арқасында қоғам өміріндегі болашақ өзгерістерді алдын-ала болжауға, яғни, сол өзгерістерге саяси, құқық т.с.с. жақтардан дайын болуға мүмкіндік ашылады.

Танымның практикалық табиғатынан теорияның іс жүзінде өмірде қолдану мүмкіндігі шығады. Теория біздің танымға деген сүйіспеншілігімізді қанағаттандырып қана қоймайды. Оның негізгі мақсаты - өмірді өркендету, адамдарға өмірлік бағыт беру. Мысалы, ядролық физикада жасалған теориялардың негізінде АЭС-терді салуға мүмкіндік алып, бүгінгі таңда жер бетіндегі жүздеген атомдық стансалар адамзатты орасан-зор күш-қуатпен қамтамасыз етіп жатыр.

Заң - зерттелген заттар, я болмаса, құбылыстардың ішкі, қажетті, мәнді, қайталанатын, тұрақты байланыстарын көрсетеді. Әрбір ғылым саласы өз заңдылықтарын ашып, оларды өзара байланыстырып, теориялық дәрежеге көтеруге тырысады.

Енді таным методологиясын талдауға уақыт келген сияқты. Қазіргі ғылымда сан-алуан зерттеу методтары жасалған. Жалпы алғанда, ғылымдағы таным методтарын үшке бөлуге болады:

Жеке ғылым методтары

2. Жалпы дүниетану методтары

3. Ең жалпы (универсалды) методологиялар

Әрбір жеке ғылым саласы дами келе өз таным үлгілерін (методтарын) жасайды. Ол оның пісіп-жетілгені, жеке ғылым ретінде өз орнын (статусын) тапқанының белгісі. Мысалы, археология ғылымында қазба методтары, мәдени қабаттан табылған заттарды сақтау үлгілері т.с.с. бар. Физика ғылымына келсек, онда спектральдық анализ, тарихи тілтану ғылымында салыстыру методы бар. Археологиядағы қазба методын физикалық

зерттеуде қолдануға болмайды, сол сияқты физика методтары арқылы тіл тану мүмкін емес т.с.с.

Жалпы дүниетану методтарына келер болсақ, оларды ғылымның әрбір салаласында белгілі бір зерттеу сатысында қолдануға болады.

Ғылымның эмпирикалық (тәжірибелік) сатысында қолданылатын жалпы методтарға келер болсақ, оларға бақылау, экспериментті жатқызуға болады. Бақылау жөніндегі ойымызды жоғарыда айтқанбыз (107 б.). Экспериментке келер болсақ, ол зерттелетін заттың әлі де болса ашылмаған қасиеттерін білу үшін оны жасанды жағдай жасау арқылы зерттеу болып табылады. Оны кейбір кезде "табиғатты тергеу" дейді. Бүгінгі таңдағы эксперименттерде ғылыми аспаптар мен жабдықтар кеңінен пайдаланылады.

Теоретикалық деңгейде қолданылатын жалпы методтарға абстрактылау, жалпылау, анализ бен синтез, индукция мен дедукция, экстраполяция, моделдеу, тарихтық және қисындық, абстрактылықтан нақтылыққа өрлеу т.с.с. жатады.

Абстрактылау дегеніміз зерттеліп жатқан объектінің кездейсоқтық мәнсіз жақтарын ой арқылы "жақшаға алып", мәнді, керектілерін жинақтап, сақтау болып табылады.

Жалпылау – жинақталған жақтардың жалпы, бәріне бір ортақ қасиеттерін табу, сол арқылы олар жөнінде ұғымдану.

Анализ – зерттеліп жатқан заттың құрамдас бөліктерін ашып, олардың қасиеттерін зерттеу.

Синтез – заттың зерттелген құрамдас бөліктерін ой арқылы қайта біріктіріп, олардың бір-бірімен байланысын анықтау.

Индукция – белгілі бір текке жататын заттардың қасиеттерін зерттеу арқылы жекеліктен жалпылыққа өрлеу. Дүние шексіз болғаннан кейін индукция әрқашанда толық емес.

Дедукция – жалпылықтан жекелікке өту. Кеңінен математика, юриспруденция, қисында қолданылады.

Экстраполяция – белгілі бір жеке ғылымның әдістемелерін, я болмаса, тұжырымдарын соған жақын ғылым саласына тарату, сол арқылы жаңалықтар ашу. Мысалы, этика мен құқық ғылымдары нормативтік пәндер болғаннан кейін бірінің нәтижелерін екіншіге пайдалануға болады (әрине, салыстырмалы түрде).

Моделдеу – кеңінен жаңа техника, я болмаса, технологиялар жасағанда қолданылады.

Мысалы, жаңа ұшақтың ең алдымен қуыршақ моделін жасап, аэродинамикалық трубадан өткізіп, оның ұшу қасиеттерін тексереді. Содан кейін барып шынайы жаңа ұшақтың сынағы басталады.

Тарихтық және қисындық методтар да бірге қолданылады. Белгілі бір заттың қалайша дүниеге келгенін, қандай нақтылы сатылардан өткенін, сол жолда басқа заттардың оның даму жолын қалай бұрмалағанын т.с.с. біз тарихи метод арқылы зерттейміз. Ол, әрине, ең алдымен қоғам өмірін зерттегенде кеңінен қолданылады. Мысалы, тарихи метод арқылы Қазақ елінің дербестік алғаннан бері қандай сатылардан өткенін, оның даму жолында қандай кедергілердің болғанын, бүгінгі таңда қандай деңгейге көтерілгенін тарихшылар егжей-тегжей зерттеуде. Қисындық деп заттың ішкі табиғатынан, Аристотельдің сөзімен айтсақ, энтелехиясынан шығатын түзу жолды айтамыз. Яғни, қисындық дегеніміз қысқартылған тарихтық. Соңғы - қисындықтың өзге болмысы.

Абстрактылықтан нақтылыққа өрлеу методы - ғылымдағы кең қолданылатын және де қиын тәсіл. Оны жете түсіну үшін "сезімдік нақтылық", "ой нақтылығы" деген ұғымдардың мәнін ашып алуымыз керек.

Көз алдымызда күнбе-күн кездесетіннің бәрін біз түйсіктеріміз арқылы біртұтас зат ретінде қабылдаймыз. Оны біз сезімдік нақтылық дейміз. Ол бізге заттың терең ішкі мәні жөнінде ештеңе айтпайды.

Ой нақтылығы дегеніміз зерттелген заттың абстрактылық ұғымдар арқылы ішкі жан-жақты байланыстары мен қатынастарының бірлігін, олай болса, оның мәнін ашатын метод болып табылады.

Ой нақтылығына жету үшін ең алдымен сезімдік нақтылықтан абстрактылық ұғымдарды жасауға өрлеу қажет. Ол үшін жоғарыдағы көрсетілген біршама тәсілдерді пайдаланып белгілі бір тектегі заттардың ішкі қасиеттерін бөлек-бөлек көрсететін абстрактылық ұғымдарды жинақтаймыз. Яғни, сол саланы бейнелейтін категориалдық (ұғымдық) жүйе жасалуы қажет. Бірақ бұл жасалған жүйенің кемшілігі – оның абстрактылығында. Мысалы, бүгінгі таңдағы саясаттану ғылымында жүздеген ұғымы бар абстрактылық демократия теориясы бар. Ал, осы демократия теориясын нақтылай келгенде, ол әр елде әртүрлі келбетімен көрінеді. Өйткені, әр елдің өз тарихи жолы, мемлекет жөнінде жинақтаған тәжірибесі, әдет-ғұрпы, соған сәйкес менталитеті (ой өрісі) т.с.с. бар. Сондықтан, Қазақ еліндегі демократиялық үрдістің нақтылы теоретикалық моделін жасау үшін сол абстрактылық ұғымдарды пайдаланып, абстрактылықтан нақтылыққа өтуге болады. Сонда ғана біз ой нақтылығына өтеміз. Енді танымдағы ең жалпы (универсалды, яғни, философиялық) методологияға келер болсақ, ол барлық ғылым саласында қолданылады, оның негізгі қағидалары нақтылы жүріп жатқан зерттеудің басынан аяғына дейін басшылыққа алынады.

4. Мәдениетті зерттеудегі эволюциялық және салыстырмалы-тарихи әдістер – 2 с.

Адам мәселесі, оның ішінде шығу тегі, мәні, табиғаттағы оның орны және қоғамдық өмірдегі оның рөлі мәселелері фундаменталдық философиялық тақырыптардың бірі болып табылады. Философияның пайда болғанынан қазіргі уақытқа дейін адам оның басты назарында болды, ал бүгінгі күндері адам әрекетінің әртүрлі қырларын зерттеуді негізгі мақсат тұтатын өзге де ғылыми салалар пайда болды.

Өкінішке орай, адамды зерттеу саласындағы жетістіктерге қарамастан оның шығу тегі де, Жердегі өмірдің қай кезде пайда болғаны сияқты қазіргі ғылым үшін жұмбақ күйінде қалып отырғанын мойындауға мәжбүрміз. Адам қалыптасуының алғы тарихын түсіндіріп беруге қабілетті, теріске шығармайтындай айғақтар және дәлелдермен бекітілген сенімді теория болмай отыр. Адам туралы бар көзқарастар негізінен гипотезалар мен ұсыныстарға ғана сүйенеді. Бұған таңдануға болмайды, өйткені әлем туралы қазіргі ғылыми көзқарастар бұдан 300-400 жыл бұрын ғана қалыптаса бастады, ал бұл адамзаттың көп ғасырлық тарихындағы аз ғана мезет. Алайда, осыған қарамастан адам табиғатын философиялық түсіндіру жалпы теориялық деңгейде үлкен сенімге ие бола отырып, дұрыс бағыт сілтейді. Адам туралы алғаш идеялар философия пайда болғаннан көп уақыт бұрын айтыла басталды. Бұл туралы біздің заманымызға дейін жеткен мифтер (аңыз, әпсаналар) мен алғашқы қауымдық діни түсініктер мәлімет береді. Аңыздарда, әпсаналарда, мифтерде табиғаттың, оның болмысының мақсаты мен мәні қарастырыла бастайды. Адамды философиялық тұрғыда түсінудің іргетасы осы қалыптасқан түсініктердің, идеялардың, образдар мен ұғымдардың негізінде және қалыптаса бастаған философия мен мифологияның арасындағы сұхбат нәтижесінде қаланды. Дәл осылайша адам туралы алғашқы ілімдер ежелгі Шығыс мемлекеттерінде пайда болды.

Адамның ежелгі үнділік философиясы ең алдымен өз бойына мифологиялық, діни, философиялық дүние танымдарды бірдей жинаған ерте үнді әдебиетінің ескерткіші – Ведаларда берілген. Адамға деген қызығушылық Ведаларға жақын мәтіндерде – Упанишадтарда аңғарылады. Онда адамның адамгершілігі мәселесі,

сонымен бірге оның объектілер мен құмарлықтар әлемінен азат етілу жолдары мен тәсілдері ашылады. Адам осы азат етілу ісінде неғұрым табысқа жеткен сайын, соғұрым ол рухани жетіле түседі. Азат етілу индивидуалдық жанның (атманның) әлемдік жанға, өлшемнің универсалдық принципіне (брахманға) сіңіп кетуі арқылы жүзеге асады. Упанишадтың маңызды құрамдас бөліктеріне өмірдің айналымы концепциясы (сансара) және онымен тығыз байланыстағы жазмыш заңы (карма) жатады. Сансара туралы ілімде адам өмірі қайта туылудың шексіз тізбегінің белгілі бір формасы ретінде түсіндіріледі. Бұл түсінік өзінің бастауын адамдардың анимистік көзқарастарынан алады. Қарма заңы индивидтің қайта туылудың мәңгі айналымына енуін білдіреді және өткен өмірдегі барлық әрекеттерінің нәтижесіне сай адамның болашақтағы тууын алдын ала анықтайды. Сондықтан да өткен өмірінде тек абыройлы қылықтар мен үгілікті істер жасағандар ғана жоғары сословиенің (варнаның) өкілі ретінде туыла алады: дін қызметкері ретінде (брахмандар), әскери немесе тайпалық биліктің өкілі ретінде (кшатрийлер), шаруа, колонерші немесе саудагер /вайшья/ ретінде. Ал егер кім құнаһарлықпен өмір сүрсе, онда ол болашақта төменгі варнаның өкілі - шудра ретінде туылады, немесе оның атманы жануардың тәніне енеді. Мұнда тек қана варна емес, адамның өмірдегі барлық басынан кешіретіні кармамен анықталады.

Ежелгі Үнді философиясында адам әлемдік жанның бөлігі ретінде пайымдалады. Жанның көшуі туралы ілімде тірі жандар /өсімдіктер, жануарлар, адамдар/ мен құдайлардың арасындағы шекара шартты және өтпелі. Алайда өзінің эмпирикалық болмысындағы құмарлықтардан азат болып, еркіндікке ұмтылу тек адамға ғана тән. Упанишад бүкіл Үндістанда адам философиясының дамуына орасан зор ықпал етті. Әсіресе, ол джайнизм, буддизм, индуизм, санкхья, йога ілімдеріне мол әсерін тигізеді.

Ежелгі Қытай философиясы да адам туралы өзіндік ілім қалыптастырды. Оның ең көрнекті өкілдерінің бірі Конфуций болып табылады. Оның түпкі тұжырымы ретінде "аспан" концепциясын алуға болады, өйткені ол әлем мен адамның дамуын анықтайтын тек табиғаттың бөлігі ғана емес, жоғары рухани күшті де білдіреді. Бірақ оның философиясының негізін аспан, немесе жалпы табиғи әлем емес, адам, оның жердегі өмірі мен тіршілігі құрайды, яғни антропоцентристік сипат алады. Конфуций ең алдымен адамның адамгершілік әрекетіне назар аударады. Ол аспанның үлесімен белгілі бір этикалық қасиеттерге ие болған адам мораль заңына - даоға сәйкес қылық жасауы тиіс және бұл қасиеттерді оқу процесінде жетілдіруі тиіс деп жазды. Оқытудың мақсаты Конфуцийдің шығарған концепциясына сай "идеалды адам", "қайырымды ер" (цзюн-цзы) деңгейіне жету болып табылады. "Цзюн-цзыға" жақындау үшін әрбір адам бірқатар этикалық принциптерді сақтауы керек. Олардың ішіндегі негізгісі "өзіңе қаламағанды өзгеге жасама" деген ережеге сай отбасы мен мемлекеттегі адамдар арасындағы идеалды қатынастар заңын білдіретін өмір концепциясы (адамшылық, гумандылық, сүйіспеншілік) болып табылады. Жоғарыдағы келтірілген ереже адамгершілік императив ретінде кейінірек әртүрлі варианттарда "ежелгі" Грециядағы "жеті данышпандардың" ілімдерінде, Инжілде, Кантта кездеседі. Конфуций сяо (кішінің инабаттылығы және ата-анаға, үлкенге деген құрмет) принципіне де үлкен көңіл бөледі. Ол өзге жақсы қасиеттердің негізі және "үлкен отбасы" ретінде қарастырылатын елді басқарудың эффективті методы болып табылады.

Конфуций және оның ізбасарларының ілімімен қатар ертеқытай философиясындағы келесі бір бағыт – даосизмді де атап өтуге болады. Оның негізін қалаушы Лао-цзы деп саналады. Даосизмнің түпкі идеясы дао туралы ілім болып табылады. Дао - бұл жекелеген адамның қылығы және ойлауымен қатар, қоғамның, табиғаттың көзге көрінбейтін, барлығын қамтитын заңы. Адам өзінің өмірінде дао принципіне сүйенуі керек, яғни оның іс-әрекеті мен қылығы Ғаламның және адамның табиғатымен

үйлесуі керек. Дао принципін сақтау толық азаттыққа, бақыт пен игілікке жеткізеді, ал егер кім оны сақтамаса өлім мен сәтсіздікке ұрынады. Ғаламды да, индивидті де жасанды жолмен тәртіп пен үйлесімділікке әкелуге болмайды, ол үшін олардың еркіндігі мен жаратылысынан бар ішкі қасиеттерін дамыту қажет. Сондықтан да данышпан билеуші дао жолымен жүре отырып, елді басқару үшін ешнәрсе істемейді (қылық жасамау принципін ұстанады); сонда ғана ол және оның мүшелері тыныштық пен үйлесімділік жағдайында болады. Даода барлық заттар бір бірімен тең және барлығы да бір тұтастыққа бірігеді: Ғалам мен индивид, ерікті мен құл, тұрпайы мен әдемі. Дао жолымен жүретін данышпан барлығына бірдей қатынас жасайды және өмір туралы да, өлім туралы да қайғырмайды, оның өткіншілігін түсінеді.

Ежелгі Шығыстың адам философиясын сипаттай отырып, оның маңызды бөлігі жеке тұлғаның әлеуметтік әлемге де, табиғи әлемге де бірдей өте құрметті және гуманды қатынас жасайтын бағдары екендігін атап өтуге болады. Сонымен бірге бұл философиялық дәстүр адамның ішкі әлемін жетілдіруге бағытталған. Қоғамдық өмірдің, тәртіптің, әдет-ғұрыптың, басқарудың және т.б. жақсарту сыртқы әлем мен жағдайларды өзгертумен емес, ең алдымен индивидтің өзгеруімен, оның қоғамға бейімделуімен байланыстырылады. Адам өзін жетілдірудің жолын өзі анықтайды және өзінің құдайы мен құтқарушысы болып табылады. Ежелгі Шығыстың адам философиясы және буддизм, конфуцийшілдік, даосизм сияқты дүниетанымдық ағымдар адам туралы ілімнің кейінгі дамуына, сонымен қатар Шығыс елдерінің дәстүрлері мен мәдени үлгілеріне, ойлау тәсілі мен өмір сүру тәртібінің қалыптасуына орасан зор ықпалын тигізді.

Ежелгі грек философиясында адам бастапқыда өз-өзінен өмір сүрмейді, тек абсолюттік тәртіп және ғарыш ретінде қабылданатын белгілі бір қатынастар жүйесінде өмір сүреді. Өзінің барлық табиғи және әлеуметтік ортасымен, көршілерімен және полиспен, жанды және жансыз заттарымен, жануарлармен және құдайлармен бірге ол біртұтас, ажырамас әлемде өмір сүреді. Ғарыш түсінігінің өзі мұнда адамдық мәнге ие болады, сонымен қатар адам тірі ағза ретінде, макрокосмның бейнесі микрокосм ретінде, ғарыштың бір бөлігі ретінде пайымдалады. Гилозоизм позициясының, яғни тірі мен өлі арасындағы шекараны теріске шығарып, универсумның жалпы жандылығын мойындайтын позицияны ұстаған милет мектебі өкілдерінің көзқарастары дәл осындай еді.

Тікелей антропологиялық проблематикаға өту софистердің сыншыл және ағартушылық әрекетімен және философиялық этиканың негізін қалаған Сократтың әрекетімен байланысты болды. Сократ үшін негізгі мәселе адамның ішкі әлемі, оның жаны мен қасиеттері болып табылады. Ол "жақсылық - білім" деп тұжырымдай отырып, алғаш рет этикалық рационализм принципін негіздейді. Сондықтан да қайырымдылық пен әділеттілікті таныған адам жаман және әділетсіз қылық жасамайды. Адамның міндеті ақиқатты тану негізінде үнемі адамгершілік парасаттылыққа ұмтылуда. Және бұл ең алдымен өзіңді өзің тануға, өз адамгершілігінің мәнін ұғынуға бағытталады.

Демокрит - адам туралы ілімдегі материалистік монизмнің өкілі. Демокрит бойынша, адам - табиғаттың бөлігі, табиғат сияқты ол да атомдардан тұрады. Адамның жаны да атомдардан құралады. Тәннің өлуімен бірге жан да жойылады. Оның айтуынша өмірдің мақсаты - бақыт, бірақ ол тәннің ләззат алуы мен өзімшілдік емес. Бақыт бұл ең алдымен рухтың қуанышты және жақсы көңіл-күйде болуы. Оның маңызды алғышарты - ақыл-ой. Демокритпен салыстырғанда Платон жан мен тән антропологиялық дуализмі позициясын ұстанады. Бірақ жан ғана адамды адам ететін субстанция болып табылады, ал тән оған қарсы материя ретінде қарастырылады. Сондықтан да адамның жалпы сипаттамасы, оның мақсаты және әлеуметтік статусы жанның сапасына бағынышты. Адам жаны үнемі идеялардың

трансцендентті әлеміне тартылады, ол мәңгі, ал денеге өлім тән. Платон бойынша, адам өмірінің мәңгі трагизмі жанның тұтастығында және жан мен тәннің қарама-қарсылығында.

Аристотельдің концепциясында адам қоғамдық, мемлекеттік, саяси деп қарастырылады. Және адамның бұл әлеуметтік табиғаты оны жануарлардан да, "адамгершілік тұрғыда жетілмегендерден" де, "жоғары адамнан" да ерекшелендіреді. Сондықтан да ол былай деп жазады: "егер кімде-кім өзіне-өзін жеткілікті санап, ешқандай қарым-қатынасқа түсуге қабілетті болмай, оған деген қажеттілікті де сезінбесе, онда ол мемлекеттің элементін құрамайтын не жануар, не құдай болғаны". Адамның тағы бір ерекше белгісі - оның ақылдылығы, "адам - бұл ең алдымен ақыл-ой". Сонымен, Аристотельдің пікірінше, адам - бұл ақылға ие қоғамдық жануар. Әлеуметтік пен ақылдылық - оны жануардан айрықшалайдыратын екі негізгі сипаттамасы. Аристотель адамның әрекеттік мәні туралы жағдайды қалыптастыруға өте жақын келеді. Оның ойынша адамның игілікті ісі әрекеттен көрінеді және онда тұлғаның өзін көрсетуінің жалғыз мүмкіндігі берілген. Қоғам мен тұлғаның арақатынасында Аристотель индивидтен гөрі әлеуметтік тұтастықтың басымдылығын мойындайды. Алайда ол жеке меншікті жақтай отырып экономикалық индивидуализмді қолдайды және ең алдымен "өзінді-өзің көбірек сүю керек" дей отырып этикалық индивидуализмді жақтайды. Бұл жерде біз ақылды эгоизм концепциясымен кездесеміз.

Ертегрек философиялық антропологиясы да ежелгі шығыстың философия сияқты мифология мен діннің таңбасын өзімен ала жүреді және олармен тікелей сұбаттаса дамиды. Бірақ ежелгі Грециядағы адам философиясы өзінің мектептеріне, бағыттары мен позицияларына қарай әртүрлі болып табылады. Оның шығыстық философиядан басты ерекшелігінің бірі, мұнда адамның әлемге қатынасы ашық және қоғам мен оны өзгертуге қатысты белсенді позиция ұстанады. Оның үстіне шығысқа қарағанда, батыстың философиялық антропологиясында рационализм принципі басым.

Орта ғасырда адам ең алдымен құдайдың бекіткен әлемдік тәртібінің бөлігі ретінде қарастырылады. Ал ол туралы көзқарас христиан дінінде көрсетілгендей адам "құдайдың бейнесі және ұқсастығы" дегенге саяды. Әлеуметтік тұрғыда ортағасырларда адам күдіретті тәртіптің бей-жай қатысушысы деп жарияланды және құдайға қатынасында ол төмен және бейшара жан болып табылады Ортағасырлық христиандық философияның көрнекті өкілі Аврелий Августиннің пікірінше адам өз алдына дербес болып табылатын жан мен тәннің қарама-қайшылығы. Алайда, тек жөн ғана адамды адам ете алады. Бұл оның жеке имманенттік субстанциясы. Августиннің бұл мәселеге қосқан жаңалығы бұл - адами тұлғаның дамуы. Августинмен салыстырғанда Фома Аквинский адам туралы христиандық ілімді негіздеуде Аристотельдің философиясын пайдаланады. Адам - бұл жануарлар мен періштелердің арасындағы жан. Ол жан мен тәннің тұтастығын білдіреді, бірақ жан тәннің қозғаушысы," және адамның мәнін анықтайды. Егер Августин үшін жан тәннен тәуелсіз және адаммен бірге болса, ал Фома Аквинский үшін адам екеуінің де тұлғалық тұтастығы болып табылады. Жан - материалды емес субстанция, бірақ өзінің толық көрінісін тек тән арқылы ғана көрсете алады.

Жаңа заманның философиялық антропологиясы пайда болып келе жатқан капиталистік қатынастардың, гуманизм деп аталатын жаңа мәдениет пен ғылыми білімнің ықпалымен қалыптасты. Егер ортағасырдың діни философиясы адам мәселесін мистикалық тұрғыда шешсе, ал Қайта өрлеу дәуірінің философиясы адамды жерге түсіріп, оның мәселесін осы түбірде шешуге тырысады. Адамның әуел бастағы құнарлығы туралы ілімге қарсы, ол адамның қайырымдылыққа, бақытқа және үлесімділікке табиғи ұмтылысын бекітеді. Бұл философияға гуманизм және антропоцентризм тұтастай тән.

Бұл дәуірдің философиялық антропологиясында жеке мүдде үстемдігі мен туындап келе жатқан капиталистік қоғамдық қатынастармен байланысты жақындай бастаған индивидуализмнің, эгоизмнің және утилитаризмнің қадамдары байқалады. Жеке мүдде үстемдігінің адам туралы көзқарасқа әсері Т.Гоббстің концепциясынан білінеді. Аристотельге керісінше, ол адам табиғаты жағынан қоғамдық жан емес деп есептейді. Керісінше, "адам - адамға қасқыр", ал "барлығының барлығына қарсы соғысы" қоғамның табиғи жағдайы болып табылады. Оның методологиялық индивидуализмі мен номинализмі әлеуметтік және этикалық индивидуализммен тығыз байланысты.

Алайда жаңаевропалық рационализмнің негізін қалаушы Рене Декарт болып есептеледі. Оның ойынша адамзат өмір сүруінің жалғыз күмәнсіз айғағы ойлау болып табылады және ол мынадай негіздеуші тезистен келіп шығады: "Мен ойлаймын, демек, өмір сүремін". Оның үстіне бұл философтан жан мен тәннің екеуін екі түрлі сападағы субстанция ретінде қарастыратын антропологиялық дуализмді аңғаруға болады. Декарттың ойынша, дене өзіндік машина болып табылады, сана оған әсер етеді, және өз кезегінде оның ықпалын да қабылдайды. Бұл адамды машина ретінде қарастырған механистік көзқарас жаңа заман философиясына кеңінен таралды. Ж.Ламетридің "Адам - машина" деп аталатын жұмысында механистік материализм көзқарасы негізделеді. Ол бойынша, тек біртұтас материалдық субстанция ғана өмір сүреді, ал адам ағзасы сағат тетігі тәрізді дербес аталатын машина.

Мұндай көзқарас XVIII ғасырдағы француз материалистеріне (Гольбах, Гельвеций, Дидро) де тән. Олардың философиялық антропологиясының өзгеше ерекшелігі адамды табиғаттың заңдарымен детерминацияланған оның өнімі ретінде қарастыру.

И.Канттан бастап немістің классикалық философиясы адамды философиялық зерттеулердің негізгі объектісіне айналдырады. Декарт сияқты Кант та антропологиялық дуализм позициясын ұстанады, бірақ оның дуализмі емес, адамгершілік-табиғи дуализм. Канттың пікірінше, адам бір жағынан табиғи қажеттілікке жатса, екінші жағынан адамгершілік еркіндік пен абсолюттік құндылықтарға жатады. Сезімдік әлемнің құрамдас бөлігі ретінде ол қажеттілікке бағынса, ал руханилықтың тасымалдаушысы ретінде ол ерікті. Бірақ Кант адамның адамгершілік әрекетіне басым рөлді береді. Кант адамды автономды және тәуелсіз бастау ретінде және өзінің теориялық, практикалық әрекетінің қожайыны ретінде бекітуге ұмтылады. Адам әрекеті мен қылығының түпкі принципі категориялық императив болуы тиіс. Категориялық императив – кез келген тұлға өзіндік мақсат өзіндік жетілу болғандықтан ол ешқашанда қандай да бір міндеттердің, тіпті игілікті міндеттердің де жүзеге асуының құралы ретінде қарастырылмауы тиіс деген тұжырымға негізделген формалды ішкі талап.

Өз ілімінде Кант сана және бейсаналық мәсел елерін де қозғайды. Ол адамда ақылмен бақыланбайтын "қаранғы елестердің" бар екенін айтады. Және бұл танылмаған елестердің саласы сананың саласынан әлдеқайда көбірек. Осылайша Канттың философиялық антропологиясы Фрейдтен көп уақыт бұрын адамдағы сананылық пен бейсаналылықтың арақатынасы мәселесін күн тәртібіне қойды. Бұл жағдайда, егер Фрейд бойынша ләззат алу принципі биологиялық қажеттіліктерді өтеумен байланысты болса, ал Кант үшін "жұмыс өмірмен шаттанудың жақсы тәсілі". Адам көп жасаған сайын көп өмір сүрді, өмірі неғұрлым әрекетке толы болған сайын, өмірден көп ләззат алды.

Гегельдің антропологиялық концепциясы, оның бүкіл философиясы сияқты рационализммен қамтылған. Адамның жануардан артықшылығының өзі ең алдымен адамзатқа оның адамдығы туралы хабар беретін ойлауында. Ол адамның рухани әрекеттің субъекті және жалпы маңызды рух мен ақыл-ойдың тасымалдаушысы ретіндегі жағдайын аса үлкен күш-жігермен дәлелдеп берді. Тұлға индивидпен

салыстырғанда адамның өзін "шексіз, жалпы және еркін" жан екендігін сезінгенде ғана басталады. Элеуметтік тұрғыда оның ілімі индивидтен элеуметтік бүтіндіктің приоритеті принципін айшықты түрде көрсетеді.

Гегельдің идеализімен салыстырғанда материалист Фейербах тірі, эмпирикалық адамның маңыздылығын бекітеді. Ол адамды ең алдымен табиғаттың бөлігі, сезімдік-тәндік жан ретінде түсінеді. Оның философиясының өзегін құрайтын антропологиялық принцип адамның дәл осындай түсінігін ұсынады. Фейербахтың антропологиялық монизмі адамның идеалистік түсінігіне қарсы, жан мен тәннің дуализміне қарсы бағытталған және табиғатқа материалистік көзқарасты бекітумен байланысты. Бірақ адамның өзін Фейербах өте абстрактылы түсінеді. Оның адамы нақты элеуметтік байланыстар және әрекеттерден оқшауланып қалады. Оның философиялық антропологиясының негізін Мен және Сен арасындағы қатынастар, оның ішінде, әсіресе еркек пен әйел арасындағы қатынастар ерекше маңызға ие бола отырып құрайды.

Маркс адамды түсінуде ең алдымен еңбек әрекетін алға тартады. Қоғамдық болмыс қоғамдық сананы анықтайды. Қоғам тұлғаның қасиеттерін детерминациялайды.

Өмір философиясы (Ницше, Дильтей) адамның ерекшелігін бірде органикалыққа, биологиялыққа жақындайтын, бірде мәдени-тарихи мәнде түсіндірілетін өмір феноменінен көреді. Өмір философиясында алдыңғы орынға адамның ақыл-ойдан тыс қабілеттері шығады: сезім, ерік, интуиция. Көбіне санаға адам қылығының терең қайнар көзі болып саналатын бейсаналық қарсы қойылады. Фрейд және фрейдизм бейсаналықты санадан жоғары қояды. Діннің, мәдениеттің, барлық адамзаттықтың қайнар көзі адамның өзі ол туралы есеп бере бермейтін бейсаналықта деп есептеледі. Экзистенциализм, ең біріншіден индивидуалды адам өмір сүруінің шынайылығына мазасызданады. Ол еркіндікті табиғилықтан да, барлық тұлғасыз күштерден де іздейді. Алдыңғы орынға сезім, бірақ жай ғана сезім емес, сезіну, алаңдау, мазасыздану процесі шығады. Бір мезеттік сезімдердің орнына ұзақ уақыттарға созылатын сезімдік көңіл-күй келеді.

Гуссерльдің феноменологиясы тұлғаның тұйықтығын игеруге ұмтылады. Көңіл-күй әуел бастан сыртқы әлемге бағытталғандықтан, ол интенционалды деп есептеледі. Адам жай ғана өмір сүріп қоймайды, ол әлемде өмір сүреді.

Өмір философиясы мен Гуссерльдің феноменологиясында негізі қаланған тенденцияларды дамыта отырып, XX ғасырдың 30-жылдары Германияда Шелер мен Плессердің жұмыстарының арқасында адам проблематикасымен айналысатын ерекше философиялық пән - философиялық антропология қалыптасты. Философиялық антропологияның өкілдері адамды өзінің барлық толық болмысында философиялық тану бағдарламасын ұсынды. Олар адам болмысының әр алуан саласын онтологиялық, жаратылыстанымдық-ғылыми және гуманистік зерттелуін бүтіндей философиялық игерумен біріктіруге ұмтылды.

5. Адам және оның мәні туралы қазіргі көзқарастар 2 с.-

Ғылымның қазіргі жетістіктері адам биологиялық факторлармен қатар элеуметтік факторлар да маңызды рөлге ие болатын эволюциялық дамудың өнімі деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. Осы орайда адамның жоғары ұйымдасқан жануарлардан басты айырмашылықтары туралы және осы айырмашылықтарды мүмкін еткен процестерді ғылыми тұрғыда түсіндіру туралы мәселе шешуші маңызға ие болады.

Алайда әлемнің қазіргі ғылыми картинасында антропогенез процесі көп жағдайда белгісіз күйінде қалып отыр. Бұл жағдай "адам феноменін" тамаша зерттеуші, атақты

француз философы, биологы, палеонтологы және антропологы Пьер Тейяр де Шарденнің мынадай сөздерімен түсіндіріледі: адам "эволюцияның өзегі және шыңы" болып табылады және "адамның кілтін табу, демек әлемнің қалай құрылғанын және ол қалайша ары қарай құрылуы тиіс екенін білуге ұмтылу деген сөз".

Жетіспейтін айғақтардың жоқтығы, адамға деген ескі көзқарасқа күмән келтіретін жана ашылымдар адамның мәні мен табиғаты туралы әртүрлі концепцияларды туғызды. Оларды жалпы, шартты түрде рационалистік және иррационалистік деп бөлуге болады. Иррационалистік көзқарастың негізіне адам әрекеті немесе оның кең мағынасында адам болмысы түсіндіруге келмейтін ішкі мотивтер, ырықтар, көңіл-күйлердің көрінісі позициясымен талданатын идеялар құрайтын экзистенциализм, неотомизм, фрейдизм ілімдерін жатқызуға болады. Бүтіндей алғанда иррационалистік концепциялар адамның кейбір қырлары мен қасиеттерін ашқанымен, адамның шығу тегі жөнінде ешқандай логикалық тұрғыда дайындалған теория немесе ең болмағанда гипотеза да бермейді.

Адам туралы біздің қазіргі көзқарастарымыз иррационалистік бағыттағы ойшылдардың жетістіктерін ескергенімен, көбіне рационалистік – материалистік және идеалистік идеяларға сүйенеді. Мысалы, жүздеген, мүмкін мыңдаған жылдарға созылған адамның жануарлар әлемінен бөлініп шығу процесін түсіндіре отырып Маркс және Энгельс былай жазады: "адамдарды жануарлардан санасына, дініне жалпы тағы басқалар қарап айыруға болады. Ал олар өздерін жануарлардан өмірлік қажетті құралдарды өндіре бастаған кезден айыра бастайды, адамдар өздерінің материалдық өмірін жанама жолмен өздері өндіреді". Жануарлық жағдайдан адамға өтуге мүмкіндік беретін басты критерий оның мәдениеттенуі, бұл жерде материалдық өндіріс болып көрінеді. Адамның әлеуметтік-биологиялық эволюциясын түсіндіруде Энгельстің ұсынған антропогенездің еңбек теориясының маңызы зор. Бұл теорияның жақтаушылары еңбек биологиялық заңдардың әсерін теріске шығармайды, бірақ ол табиғи сұрыпталу әрекетінің сипатын өзгертеді, қалыптасушы адамның өз жеке өлшемі бойынша табиғатты өзгерту қабілетіне және адамның өзінің қалыптасуына ықпал етеді деп санайды. Еңбек әрекетінің арқасында адамның биологиялық және рухани қажеттіліктері өтеледі, адамдардың бірігуінің ауқымы кеңейе түседі. Еңбек арқылы адам өзін, өзінің физикалық және ақыл-ой қабілеттерін көрсете алады.

Адам және адамзат тұлғасының қалыптасуындағы үлкен рөл тілге тиесілі. Тілдің арқасында адамның ойлауы дамиды. Тіл алғашқы қауымдық адамдардың бірлескен еңбек әрекетінің арқасында қоғамның қалыптасуымен бірге пайда болды және дамыды. Дыбыстарға бөлінген сөздің пайда болуы адамның қалыптасуы мен дамуында, адамдар арасындағы қатынастың орнауында және алғашқы адам қауымдастықтарының түзілуінде орасан зор рөл атқарды.

Тілдің маңызы ең алдымен, онсыз адамдардың еңбек әрекеті практикалық тұрғыда мүмкін еместігімен сипатталады. Өзара қатынастың арқасында, адамдар бір-бірімен байланыс орнатты, өзара әрекеттің әртүрлі мәселелері бойынша келісті, тәжірибе бөлісті және т.б. Тілдің көмегімен бір ұрпақ келесісіне ақпарат, білім, әдет-ғұрып және дәстүрлерді жеткізіп отырды. Онсыз бір қоғамда өмір сүретін әртүрлі ұрпақтар арасындағы байланысты көзге елестету қиын.

Адамзат психикасының қалыптасуы мен адамзат ойлауының дамуында тілдің рөлі өте үлкен. Адамның жоғарыда келтірілген барлық қасиеттері адам қауымдастығынан тыс пайда болуы, өмір сүруі, дамуы мүмкін емес еді. Бұл жолдағы маңызды қадам моногамды отбасы мен ру түріндегі алғашқы адам қауымдастықтарының пайда болуымен сипатталады. Мұның арқасында адамның биологиялық түр ретінде сақталуы мен дамуына қолайлы алғышарттар қалыптасып қана қоймай, оны "тәрбиелеумен" айналысуға, яғни бірлесіп өмір сүрудегі тәртіптер мен ғұрыптарды сақтап, ұжымдағы өмірге үйретуге жағдай туды.

Адамның мәні мәселесі адам туралы философиялық ілімнің өзегін құрайды. Адамның дамуы мен тарихи негізін және оның мәнін құрайтын субстанция ретінде қазіргі ғылым қоғамдық өндіріс шеңберінде жүзеге асатын еңбек әрекетін атайды. Қоғамдық өндіріс пен Еңбек әрекетінің дамуы нәтижесінде адамдардың қоғамдық қатынастары да дамиды. Индивидтің жеке дамуы қоғамдық қатынастардың бүкіл жиынтығын өн бойында жинақтауына, игеруіне және оны жүзеге асыруына байланысты. Сондықтан да Маркс адамды абстрактылы тұрғыда түсінгені үшін Фейербахты сынап отырып, былай деп жазды "адамның мәнділігі жекелеген индивидке тән абстракт емес. Ол өзінің болмысында барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады".

Бұл жерде қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде оның материалдағы мен идеалдылығы да, бүгінгі мен өткені де айтылады. Адам бір мезгілде өндіруші де, ақылды да, мәдени де, адамгершілікті де, саяси да және т.б. жан болып табылады. Ол өз бойында белгілі дәрежеде қоғамдық қатынастардың барлық түрлерін қорыта отырып және осылайша, өзінің әлеуметтік болмысын іске асырады. Бұл мәселенің тағы бір қыры - бұл адамның адамзат тарихының жемісі екендігі. Қазіргі адам "ешқайдан" шыққан жоқ, ол қоғамдық-тарихи процесс дамуының нәтижесі болып табылады. Басқаша айтқанда, адам мен адамзат тегінің біртұтас екендігі сөзсіз.

Алайда, адам қоғам мен қоғамдық қатынастардың нәтижесі ғана емес, өз кезегінде оның жаратушысы да. Осылайша, ол бір мезгілде қоғамдық қатынастардың объекті де болып табылады. Адамда субъект пен объектің тұтастығы жүзеге асады. Осылайша адамның әлеуметтік-әрекеттік мәні туралы айтуға болады. Әрекетсіз, әлеуметтік қарым-қатынастарсыз адам адам бола алмайды.

Бірақ адам өз мәнділігінде салыстыруға келмейді. Бұл нақтылық оның өмір сүруі барысында аңғарылады. Және де, егер адамның мәні - бұл адамзат тегінің жалпы сипаттамасы болса, ал әрбір индивидтің өмірі өзінің нақты-эпирикалық тұрғысында әрқашанда индивидуалды және тек мәнділікпен ғана қамтылмайды. Адамның өмір сүруі өзінің алуан түрлі формалары, түрлері мен қасиеттері көріністерінің бүтін тұтастығы ретіндегі индивид болмысы болып табылады. Бұл бүтіндік, ең алдымен адамның үш негізгі бастаудың - биологиялық, әлеуметтік және психикалық бастаулардың тұтастығы екендігінен, адамның биопсихоәлеуметтік феномен екендігінен көрінеді. Бұл фактордың кез-келген біреуін алып тастасақ, адамның өзін де жою едік. Сондықтан да, адамның қабілеттерінің дамуы, және оның бүтіндік қалыптасуы әрқашанда осы негізгі факторлармен байланысты: табиғи жаратылыспен әлеуметтік ортамен және ішкі Менімен (ерік, ұмтылыс, мүдде т.с.с.).

Адамның өмір сүруі мәселесі де адамның мәні мәселесі сияқты маңызды. Оның алғышарты туралы емес, адамның өмір сүруі мен мәнділігінің тұтастығы мен қажетті байланысы туралы айтуға болады. Адам әрқашанда, бір жағынан әуел бастапқы "нәрсе" және, екінші жағынан, ол өзінің ізі мен шектеуін қалдыратын әлеуметтік ортада дамиды. Сондықтан да индивидуалдық өмір сүру осы қажеттіліксіз, оның мәнін құрайтын қоғамдық қатынастарының жүйесінсіз мүмкін емес. Сонымен қатар, оның мәні де оның өмір сүруінен тыс бола алмайды.

Адамның бойындағы биологиялық пен әлеуметтіліктің арақатынасы мәселесі де осы өмір сүру мен мәнділік мәселесімен байланысты. Өзінің мәні жағынан адам әлеуметтік жан. Сонымен бір мезгілде ол табиғаттың жемісі және оның шектерінен тыс өмір сүре алмайды, өзінің биологиялық қажеттіліктерін өтейді, ішеді, жейді, дене қабатын тастап кете алмайды. Адамдағы биологиялық пен әлеуметтілік ажырамас тұтастықта орналасады оның бір жағын "әлеуметтік сапаға" ие тұлға құраса, екінші жағын оның табиғи негізі болып табылатын ағза құрайды.

Өзінің биологиялық жаратылысы жағынан әрбір индивидтің өз ата-анасынан алатын гендер жиынтығы – белгілі бір генотипі әуел бастан қаланады. Туылысымен-ақ ол нышандары генде сақталған биологиялық тұқым қуалаушылыққа ие болады. Бұл

нышандар индивидтің сыртқы, физикалық кейпіне де (бойы, терісінің түрі, бет-әлпеті, дауысының күші, өмірінің ұзақтығы және т.б.), психикалық қасиеттеріне де (эмоция, темперамент, кейбір мінез-құлықтары және т.б.) Кейбір ғалымдардың пікірінше, адамдардың әртүрлі әрекет түрлеріндегі де дарындылығы да тұқым қуалаушылықпен беріледі. Алайда мұнан адамның қабілеттері тек табиғи алғышарттармен байланысты деген қорытынды шығарудың қажеті жоқ. Нышандар-бұл адам қабілеттерінің алғышарттары ғана, оны генотипке әкеліп тіреуге болмайды. Қабілеттер де өзінің жалпы түрінде үш фактордың бірлігі: биологиялық, әлеуметтік, психикалық.

Әлеуметтілік пен биологиялық мәселелерін қарастырғанда екі көзқарастан бойды аулақ ұстау керек: әлеуметтік факторды абсолюттендіру және биологиялық факторды абсолюттендіру. Біріншісінде адам әлеуметтік ортаның абсолюттік нәтижесі болып көрінеді. Екінші концепцияға әртүрлі биологияландырушы ілімдер жатады. Оның ішінде, мысалы табиғи тұрғыда бір нәсілді екіншісінен жоғары қоятын нәсілшіл теорияларды жатқызуға болады. Нәсілшілдіктің жарамсыздығын адам генотипінің ерекшелігінің нәсілдік емес, индивидуалдық деңгейде көрінетіндігі арқылы дәлелдеуге болады. Табиғатта қандай да болсын нәсілдік, ұлттық немесе әлеуметтік генотиптер өмір сүрмейді. Дарвиннің табиғи сұрыпталу ілімін негізге ала отырып қоғамдық өмірді түсіндіруге тырысқан социал-дарвинизмнің өкілдері де осы биологияландырушы позицияны ұстанды.

Қазіргі кездегі ғылымда адамның биоәлеуметтік табиғаты туралы пікір қалыптасты. Мұның үстіне адамның әлеуметтілігі төмендетілмейді, есесіне *Homo sapiens* жануарлар әлемінен бөлініп, оның әлеуметтік жанға айналуындағы шешуші рөлі баса айтылады. Адам пайда болуының биологиялық алғышартын ешкім теріске шығара алмайды. Тіпті ғылыми дәлелдерге сүйенбей-ақ, қарапайым бақылаулар мен қадағалауларды жетекшілікке ала отырып, адамның табиғи өзгерістерге – атмосферадағы магниттік борандарға, күннің белсенділігіне, жер стихиялары мен апаттарына барынша бағыныштылығын аңғаруға болады.

Екінші жағынан адамның қалыптасуындағы үлкен рөл еңбек, адамдар арасындағы өзара қатынастар, олардың әлеуметтік және саяси институттары сияқты әлеуметтік факторларға тиесілі. Бұлардың әрқайсысы жеке өз алдына адамның жануарлар әлемінен бөлініп қалыптасуына әкелуі мүмкін емес. Бұл тек олардың өзара әсері мен диалектикалық тұтастарының арқасында ғана мүмкін болады.

Адам жер бетінде өмір сүретін биологиялық түрдің біріне жатқандықтан оның биологиялық табиғатын гомоид (адамға ұқсас) ретінде оған тиесілі түрлік қасиеттердің жиынтығы анықтайды. Алайда, осы биологиялық параметрлердің өзіне әлеуметтік фактор тікелей әсер етеді, мысалы, өмірдің ұзақтығына, жас ерекшеліктеріне және т.б. әсер етеді. Жануарға тән өмір сүру ортасына түскен нәрестенің өзі қалыпты жағдайларға сай физикалық тұрғыда тірі қалғанымен, ол адам болып қалыптаспайды. Бұл үшін индивид әлеуметтендірудің белгілі бір кезеңдерін бастан өткізуі керек. Сонымен қатар төмендегі пікірмен де келісуге болады: "Туылған сәтінде нәресте адамға кандидат қана, ал оқшау жағдайда кандидат та бола алмайды: ол адам болуды адамдармен қарым-қатынас барысында үйренеді" (А.Н.Леонтьев). Басқаша айтқанда, әлеуметтік жағдайлардан тыс, тек биология ғана адамды тұлға ретінде қалыптастыра алмайды.

Адамдағы әлеуметтіліктің биологиялыққа ықпалының тағы бір қыры биологиялықтың әлеуметтік формада қанағаттандырылуы мен жүзеге асырылуында. Адам өмір сүруінің табиғи-биологиялық жағы әлеуметтік-мәдени факторлармен "адамданады" және ортаға түсіріледі.

Осылайша, биологиялық алғышартсыз гомоидтың пайда болуын көз алдыға келтіру мүмкін емес болса, әлеуметтік алғышартсыз да адамның қалыптасуы мүмкін емес. Ары қарай мұның арқайсысы жағдайларға байланысты адамның күш-жігерін

бірде азайта, бірде күшейтті. Жалпы, бүтіндей алғанда адамның пайда болу кезінде де, қазіргі кезде де оның өмір сүруі биологиялық пен әлеуметтіліктің тұтастығымен қамтамасыз етіледі.

Адам өмір сүруінің психикалық және биологиялық жақтарын бейнелейтін философиялық антропологиядағы бейсаналық пен саналық мәселесі де биологиялық және әлеуметтілік мәселесімен тығыз байланысты.

Ұзақ уақыт бойы философияда антропологиялық рационализм принциптері үстемдік етті, адам оның қылықтары және болмысының өзі саналық өмірдің көрінісі ретінде қарастырылып келді. Адам "ақылды адам" ретінде ғана саналып келді. Ал Жаңа заманнан бері философиялық антропологияда бейсаналық мәселесі үлкен орын ала бастады. Лейбниц, Кант, Кьеркегор, Шопенгауэр, Ницше сияқты авторлар адам санасынан тыс психикалық процестердің маңызы мен рөлін әр түрлі қырлары мен позициялары тұрғысынан талдай бастады.

Адамның өлшемі мен өмір сүруінің аса маңызды факторы ретінде бейсаналықты бекітіп, философиялық антропологиядағы бүкіл бір бағытты ашқан З.Фрейд бұл мәселенің шешілуіне үлкен ықпал етті. Ол бейсаналықты санаға қарсы тұратын күш ретінде танытады. Фрейдтің ойынша, ең басты күші жыныстық қатынас - либидо болып табылатын бейсаналық моральдық стандарттар және шектеулермен қоса қоршаған әлеуметтік ортаға үнемі бойұсынып отыратын саналықпен қақтығыста болады. Ортаның шектеулері индивидті күйзеліске ұшыратады, соның нәтижесінде бейсаналық қатынастар невроз, түс көру, көбіне агрессивті қате әрекеттерге ұрындырады. Қақтығыстық ахуалдың шектен тыс қысымынан индивид ығыстыру көмегімен құтылады: индивидке тиімсіз ойлар, көңіл-күйлер санадан "қуылып", саналықтан кейінгі деңгейге көшіріледі, бірақ оның әрекетіне, қылығына әсерін тигізіп отырады. Осылайша фрейдтік талдау биологиялық қатынастар мен саналық әлеуметтік нормалар арасындағы, саналылық пен бейсаналылық, өмір инстинкті мен өлім инстинкті арасындағы бірқатар қайшылықтардан құралады. Бірақ, ақарында биологиялық бейсаналық анықтаушы рөлге ие болады. Фрейдтің және оның ізбасарларының концепциясындағы бейсаналықтың рөлін бағалай отырып адамға және оның өмір сүруін бейсаналылық және саналықтың арақатынасы арқылы қарастыру бұл мәселені философиялық түсінуде жаңалықтар әкелгені сөзсіз. Бірақ, сонымен қатар Фрейд бейсаналылықтың рөлін біршама абсолюттендіріп көрсетеді.

Осылайша, бейсаналылық мәселесін ойластыру адам психикасы аймағын саналылық және бейсаналылық салаларына бөле отырып индивидуалды және қоғамдық саналардың құрылымын зерттеуге үлкен үлес қосты. Осыған байланысты қазіргі кездері кеңінен таралған менталитет, ментальдылық сияқты ұғымдарға көңіл аудару қажет. Ментальдылық құрамына бейсаналықты да енгізетін индивидуалдық және ұжымдық сананың терең деңгейін білдіреді. Ол индивидтің немесе әлеуметтік топтың әлемді белгілі бір тәртіппен қабылдауының, ойлауының және әрекет етуінің ерекше қалпы мен жүйесінің жиынтығын білдіреді. Тұлғаның менталитеті дәстүрдің, мәдениеттің және адамның әлеуметтік ортасының негізінде қалыптасады және , өз кезегінде оларға да әсер етеді.

Адам текті ұғым болып табылады сондықтан адамзат тегіне қатысты барлық белгілер бейнеленеді. Бірақ мұндай көзқарас адам мәнін анықтау үшін жеткіліксіз. Адамның сапалық сипаттамасын беру мақсатында индивид, тұлға, индивидуалдық сияқты ұғымдар қолданылады. Адам адамзат тегінің жекелеген өкілі ретінде индивид түрінде қарастырылады. Бүкіл адамзат тегіне тән жалпы белгілерімен қатар, оның өзгелерден ерекшеленетін өз қасиеттері бар. Бұл табиғи-бойы, көзінің түсі, дене құрылысы, және әлеуметтік-дамуының интеллектуалдық деңгейі, психологиялық қыртысы, рухани мәдениеттің әртүрлі деңгейі сияқты ерекшеліктері болып табылады. Индивидуалдық ұғымы индивид түсінігімен тығыз байланысты. Оны индивидпен байланыстыратыны олардың негізі биологиялық, табиғи екендігі болып

табылады. Индивидуалдық күрделірек және жан-жақты болады. Индивидуалдылық ең алдымен адамның табиғи және психикалық қасиеттерінен, нақтылап айтқанда, оның жадынан, темпераментінен, мінез-құлқынан, эмоционалдылығынан көрінеді. Индивидуалдық белгілер адамның саналы әрекеттерінен де, оның пікірінен, қылығынан, мәдени қажеттіліктерінен де байқалады. Бір әлеуметтік топтың өкілдері арасында айырмашылық аз болғанымен, индивидуалдық үшін өзгеше нәрселер тән болады.

Адамның әлеуметтік қасиетінің келесі бір жоғары деңгейдегі сипаттамасы оның тұлғаға айналуы болып табылады. Көбіне адамның биологиялық табиғатына негізделетін индивид пен индивидуалдықпен салыстырғанда тұлғаның мәнінің ерекшелігі оның әлеуметтік қасиеттерге негізделетініде. Бірақ табиғи индивидуалдықтың тұлға дамуына өз әсерін тигізетінін ескеру керек.

Әлеуметтік индивидуалдылық, әрине, бос жерде пайда болмайды. Адам нақты тарихи уақытта және әлеуметтік кеңістікте, тәрбие мен практикалық әрекет барысында қалыптасады. Сондықтан да тұлға әлеуметтік индивидуалдылық ретінде – бұл әрқашанда нақты нәтиже, өте әр алуан факторлардың өзара әрекеті мен синтезі. Адам неғұлым үлкен деңгейде әлеуметтік-мәдени тәжірибені бойына жинақтаса, соғұрым тұлға маңыздырақ және ол, өз кезегінде, оның дамуына өзінің индивидуалды үлесін қосады.

Тұлғаның қалыптасуына қандай факторлар ықпал етеді және тұлғаның қарапайым адамдардан қандай айырмашылығы бар? Әрине, мұндай факторлар өте көп, бірақ оның қалыптасуындағы негізгі рөл әлеуметтік жағдайларға – тәрбиеге, білімге, қоршаған әлеуметтік ортаға, ата-анаға тиесілі екендігін атап өту маңызды. Тәрбиенің рөлі адамның балалық және жасөспірімдік кездері қандай моральдық және қоғамдық құндылықтарды игеруімен байланысты. Білім адамға әр алуан ақпаратты және ең маңыздысы, өтіп жатқан оқиғаларды талдау және бағалау қабілетін беріп, ойлауды дамытады. Қоршаған әлеуметтік орта – бұл адамның мекен ету әлемі, бұл тұлғаның қалыптасуына тікелей әсер ететін дүниетанымдық, кәсіби, адамгершілік құндылықтар. Алайда, тұлғаның қалыптасуына басты ықпал ететін – ата-аналар. Нәрестенің көз алдында олар "алғашқы әлем", онымен танысу барысында нәресте еліктеуді, теріске шығаруды немесе өзгертуді үйренеді. Сондықтан ата-ананың жеке абыройы, олардың бала тәрбиелеудегі қатысы, қоғамға және өзі сияқтыларға қатынасы – баланың тұлға болып қалыптасуындағы маңызды фактор болып табылады.

Тұлға бос кеңістікте емес, ұжымда, қоғамда әрекет ететіндіктен, ол белгілі дәрежеде оларға бағынышты. Мұндағы қоғамның рөлі тұлғаның пайда болуы және оның мүмкіндіктерін жүзеге асыруға қажетті алғышарттар қалыптастырумен қатар, осы жолда кедергілер құруымен де көрінеді. Сондықтан да қоғамдық құрылыс, экономикалық және әлеуметтік дамудың деңгейі үлкен мәнге ие болады. Нақтылап айтқанда, қоғам әрбір адамға өзінің ақыл-ой және физикалық қабілеттерін іске асыру үшін білім алуға мүмкіндік, еңбек ету мен еркіндікке құқық береді.

Философиядағы тұлға ретіндегі адамның мәні, оның әлем мен тарихтағы орны мәселелері. Тұлға бұл жерде адамдардың әрекеті мен қарым-қатынастарының, қоғамдық қатынастардың, қоғамдық идеалдардың, құндылықтардың индивидуалдық көрінісі және субъекті ретінде қарастырылады. Олардың тарихи тұрғыда да, "нақты болмысы" тұрғысында да салалары тұлғаның тарихи типі қалыптасуына, оның нақты жағдайлары мен қасиеттеріне орасан зор ықпал етеді. Әсіресе, әрекеттің тұлғаға әсері ерекше екендігін атап өткен жөн. Адамның әрекетінің негізінде және соның арқасында тұлғаның дамуы және оның қоғамда әртүрлі рөлдерді атқаруы жүзеге асады. Тек әрекетте ғана индивид тұлға ретінде бекітіледі, онсыз ол "өзіндік зат" болып қалған болар еді. Адам өзі туралы қаншама ойларға беріліп, кез-келген қиялдар тудыруы мүмкін, ал өзінің нақты болмысында тек іс арқылы ғана

аңғарылады. Бекерден бекер Конфуций адамдардың сөздерін тыңдап қана қоймай, олардың істерін де көре білген, сол сияқты Аристотель де былай деп жазған: "Жеңістің сыйлықтарын тек жарысқа қатысқандар ғана алады".

Басқаша айтқанда, адамның әлеуметтік әрекеттік мәні ең алдымен тұлғаның әлеуметтенуінің негізіне жатады. Әлеуметтендіру – бұл индивидтің қоғамда өзінің өмірқамын дұрыс тәсілмен іске асыруына мүмкіндік беретін білімдердің, нормалар мен құндылықтардың белгілі бір жүйесін игеруі процесі болып табылады. Ол адамның әлеуметтік тәжірибені игеру барысында жүзеге асады, бірақ ең алдымен оның белгілі бір қоғамдық қатынастарға, әрекет түріндегі қарым-қатынас формасына түсудің нәтижесінде іске асады. Бұл жағдайда әлеуметтену филогенезде де (адамның тектік қасиеттері мен сипаттарының қалыптасуы), онтогенезде де (нақты тұлғаның қалыптасуы) жүзеге асырылады. Адамның тарихи дамуы тұрғысында да, онтогенезде де тұлға индивидтің әлеуметтенуінің нәтижесі. "Тұлға болып туылмайды, тұлға болып қалыптасады" (А.Н.Леонтьев). Әлеуметтену динамикалық сипатта болғандықтан, тұлға - бұл әрқашанда процесс, бұл үнемі қалыптасу. Өзінің қалыптасуында, өзінің ұмтылысында тұрып қалған, қатып қалған тұлға – бұл демек, кері кетуші тұлға. Тұлғаның деградациялануы индивидтің өзге ерікке толығымен бағынып және оның әрекеті алдын-ала бағдарланып қойылған жағдайда, яғни әрекет пен таңдау еркіндігіне орын қалмаған жағдайда да орын алады.

Индивидтің қарым-қатынастан және таңдау мүмкіндігінен, белгілі дәрежеде еркін қимылдаудан айырылуы да тұлғаның дамуы мен оның көңіл-күйіне кері әсер етеді. Адамды қоғамнан және қарым-қатынастан бездіру үнемі ең қатал жазалардың бірі болып саналды, өйткені үнемі оқшаулану мен жалғыздық тұлғаның өзінің мәніне қайшы келеді. Бірақ өзге ерік пен ойды тұлғаға таңу онан да теріс ықпалын тигізеді. Басқа ерікке толығымен бағынған және өз дүниетанымынан, өз ойы мен көзқарасынан айырылған адам – бұл тұлға емес. Сол сияқты белгілі бір себептерге байланысты ақыл-ойы мен жадыдан айырылған индивидті де тұлға деп айтуға келмейді.

Тұлғаның тағы бір маңызды сипаттамасы – оның адамгершілік-рухани мәні. Тұлғаның мазмұнының және оның бағалануының маңызды компоненті ретінде оның санасының дүниетанымының, адамгершілігінің және жауапкершілігінің деңгейімен сипатталатын тұлғалық бағдарлары мен санасының барысы көрінеді. Әрине тұлғаның қалыптасуы мен қылығына әлеуметтік ортаның үлкен ықпал етері сөзсіз. Бірақ тұлғаның бағдары мен қылығы да сол деңгейде адамның ішкі, рухани әлеміне бағынышты. Адамның бойындағы интеллектуалдық-адамгершілік және ерікті қасиеттері неғұрлым айшықты көрінген сайын, оның өмірлік бағдарлары жалпыадамзаттық құндылықтармен сәйкес келеді, тұлғаның өзінің де маңызы артып, бұл құндылықтардың бекітілуі мен дамуына өздерінің оң ықпалдарымен әсер етеді. Бұл тұрғыда ол өзінің рухы, еркіндігі, шығармашылығы мен қайырымдылығы жақтарымен сипатталады.

Тұлғаның ерік-жігері мен рухының күштілігі, оның адамгершілік қайырымдылығы мен тазылығы тек нақты практикалық әрекетте және белгілі бір әлеуметтік жағдайларда ғана бекітіліп, іске асады. Дәл сондай жағдайда ғана, яғни іс нақты қылыққа жеткенде ғана тұлға болудың, еркін болудың, адал, принципіалды болудың және т.б. қиын да ауыр екендігі аңғарылады. Өйткені, егер индивид өзін шын тұлға деп есептеп, соған ұмтылса, ол өзінің тек ақыл-ойында ғана емес, ең алдымен қылықтарында да жауапкершілікті болуы тиіс. Тұлғаның еркіндік жағынан сипаттамасы, сөзсіз қажет. Еркіндік – бұл тұлғаның атрибуты. Бірақ жауапкершіліксіз еркіндік – бұл шектен тыс бей-берекетсіздік. Сондықтан жауапкершіліктің тұлға атрибуты ретіндегі маңызы бір де кем емес, кейде ерікті болғаннан жауапкершілікті болу қиынырақ.

Сонымен, тұлға болу қиын. Нағыз тұлғаның еркіндігі мен жауапкершілігі үнемі шығармашылықты, көңіл-күйдегі уайым-қайғыны талап етеді. Тұлға неғұрлым жоғары және маңызды болған сайын, оның өзінің және өзгерлердің алдындағы жауапкершілік деңгейі де жоғары.

6. Мәдени антропологиядағы психологиялық бағыт – 2 с.

Адам - ғарыштың тудырған ғажап пендесі. Өйткені, оның денесі болса да, ол ең алдымен – рух. Осы тұрғыдан алып қарағанда адамның басқа тіршілік әлемінен айырмашылығы – шексіздікке кетеді. Сондықтан, ғасырлар бойы қайсыбір дін “адамды Құдай жаратты” деген қағиданы осы уақытқа дейін ұстап отыр.

Философияның көп мәселелері ішіндегі ең өзектілерінің бірі – адам мәселесі. Бүгінгі таңда тек гуманитарлық ғалымдар ғана емес, сонымен қатар, жаратылыс танушылар да “антроптық принципті” қолдап отыр. Осыдан 13 млрд. жыл бұрын “Ұлы Жарылыстың” негізінде пайда болған Дүние - Ғарыш Әлемі - қажетті түрде сан-алуан кездейсоқтар тоғысының барысында тіршілікті, содан кейін саналы пендені – адамды тудырады екен.

Философия тарихында мыңдаған жылдар шеңберінде адамға деген сан-алуан анықтамалар жасалды. Солардың ішіндегі ең кең тарағаны - “Homo Sapiens” – саналы адам, яғни, ол - рухани пенде. Адам өз алдына неше-түрлі мақсат-мұраттар қойып, соларды іске асыруға ұмтылады. Оларды іске асыру жолында ол басқа адамдармен сан-алуан саналы қарым-қатынасқа түседі. Адамның неше-түрлі алаңдау мен күту, қайғы мен қасірет, шаттық пен шығармашылыққа толы ішкі рухани өмірі бар.

Американ саяси қайраткері, сол елдің “Конституциясын” жасауға ат салысқан Д.Франклин адамға “Homo Faber” - құралданған адам,-деген анықтама берді. Шынында да, тек қана адам еңбек құралдарын жасап оларды үнемі пайдаланады. Мысалы, маймыл жерде жатқан бұтақты, я болмаса тасты алып пайдалануы мүмкін. Бірақ, содан кейін ол оны лақтырып тастайды да, оған екінші рет қайтып оралмайды. Бірде-бір маймыл жасанды өз ойына сәйкес келетін құрал жасап көрген жоқ. Оны істей алатын тек қана адам.

Уақытында ұлы Аристотель адамды “Zoon Politikon”- қоғамы жануар - деген болатын. Ол да адамның тектік қасиеттерінің бірі. Өйткені, ол басқа адамдармен бірігіп қана өзінің сан-алуан қажеттіктерін өтей алады, яғни, қоғамның шеңберінде ғана өмір сүре алады. Алғашқы қауымдық қоғамдағы жазалаудың ең қатаң түрі – адамды остракизмдеу, яғни рудың шеңберінен шығарып тастау болатын-ды. Жаңғыз қалған адам әрі қарай өмір сүре алмай жыртқыштарға жем болады.

И.Кант адамның ішкі ар-ұжданына таңғалып, оған “Homo Morales” деген анықтама берген болатын. Уақытында ұлы Абай оны “нұрлы жүрек”,- десе, Шәкәрім “үш анықтың” біреуіне жатқызды. Егер де адамның ар-ұжданы болмаса, ол жануарлардан қулық-сұмдығы жүздеген есе асатын нағыз жан түршігерлік сайтанға айналар еді. Бүкіл көркем әдебиеттің дәріптейтін аса құнды адамның қасиеті – оның ар-ұжданы. Қиын-қыстау жағдайда нағыз адам өз ар-ұжданын, абыройын сақтап қалу жолында өзінің тәнін құрбан етуге дейін барады. Австрия ғалымы В.Франкл Құдайды Ғарыштан, тіпті оның

әр жағынан іздеу керек емес, ол – адамның ішіндегі оның ар-ұжданы деген ғажап ой айтады.

“Homo Aestheticus” – сұлулыққа ұмтылған адам - деген анықтама да адамның ғажап жағын бізге көрсетеді. Адам дүниедегі кез келген нәрсенің әсем жағын байқап одан ләззәт алатын пенде. Ыстық жаз күндердің бірінде күннің орасан-зор қан-қызыл түсте батуы ешкімді де немқұрайды қалдырмайды. Керісінше, ол бізге шабыт беріп шығармашылыққа, табиғаттың кереметтігін мойындауға, оған бас иуге итермелейді. “Әсемдік Дүниені сақтап қалады”, - деген Ф.Достоевскийдің нақыл сөзі жоғарыдағы ойлардан шықса керек. Біз болсақ, тек қана ар-ұжданға, моральдық құндылықтарға сенер едік, өйткені, өкінішке орай, бүгінгі өмірде салқын лебезді, ар-ұжданның талабына сәйкес келмейтін сұлулық жиі кездеседі.

Голландия ойшылы И.Хейзинга адамға “Homo Ludens” – ойнайтын адам – деген ат қойып, сол жөнінде көлемді еңбек жазды. Адам өз өмірінің шеңберінде жүздеген әлеуметтік рөлдерді ойнайды. Мысалы, ол - әке, жұмыста есепші, біреудің жолдасы, я болмаса, туысы, саяси партияның мүшесі, ауладағы футбол командасының капитаны т.с.с. Әрбір рөлдің мазмұны мен әлеуметтік нормалары өзгеше. Тіпті өлер алдында адам сол рөлді ойнап, ол да болса оны қоршаған жақындарына өнеге болып қалады. Сонымен, рөлдер тек театр сахнасында ғана ойналып жатқан жоқ, ол бүкіл жер бетінде адамдар бар жерде жүріп жатыр. Ал жануарларға келер болсақ, олардың күшіктері бір-бірімен ойнап өз табиғи инстинктерін оятады, уақыт өтіп есейген сәтте олар тоқталады.

“Homo Erectus” – тік жүретін адам – деген анықтаманың да терең мазмұны бар екенін байқаймыз. Адамға ұқсас маймылдардың тарихи адамға айналу барысында, оның алдыңғы екі қолы жерге түскеннен кейін босап, еңбек ету арқасында нағыз ғажапқа – ешқандай теңдесі жоқ - адамның қолына айналады. Адам өз қолдарымен 2000-нан артық әр-түрлі нәрселерді жасайды екен !!! (микроскоп арқылы көздің жарасын тігуден бастап, алып экскаваторды басқаруға дейін). Бірде-бір жануардың осындай икемі бар дене мүшесі жоқ. Егер де жер бетіндегі адамдардың бәрі де жойылып, тек бір ғана адамның қол сүйегі қалса, соған қарап, Ғарыштан ұшып келген саналы пенделер осы жер бетінде ақыл-ойдың, рухтың болғанын байқар еді !!! Өйткені, адамның қолы – рухтың дүниеге келу барысындағы сонымен бірге қалыптасқан туындысы.

Француз ойшылы Э.Кассирер адамға “Homo Symbolicus”- нышан, белгі жасайтын адам – деген анықтама берген болатын. Кең түрде алғанда символға қайсыбір халықтың тілі, бабалардан қалған аңыз-дастандар, дін, өнер қағидаларын, неше-түрлі өмірдегі кездесетін белгілерді (мысалы, машинамен келе жатып, алдымыздан ортасында қызыл кірпіш көрсетілген дөңгелек белгіні көргенде, біз тоқтап әрі қарай жүрмейміз) т.с.с. жатқызамыз. Қайсыбір нақыл сөздер, көркем әдебиеттегі салыстырма, бейне, мысалдардың т.с.с. әр жағында неше-түрлі мән-мазмұнның жатқанын байқауға болады. Мысалы, Прометей бейнесі бізге нағыз адамды сүйу (гуманизм), ал Сизиф болса нәтижесіз зардапқа әкелетін еңбек, Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлу – мөлдір махаббатың символдары ретінде көрінеді.

Ф.Ницше адамға “уәде беретін жануар”, Ж.Ж.Руссо “бұзылған жануар” деген анықтама берген болатын.

Адам сондай күрделі, сан-қилы пенде болғаннан кейін оған беруге болатын анықтамаларды жалғастыруға болады. Мысалы, адам “күле алатын”, “жылай алатын”, “өлетінін білетін” т.с.с. пенде. Бірақ, У.Оккамның ұстарасы “мән-мағнаны қажеттіктен тыс көбейту керек емес”, - дейді. Олай болса, жоғарыда көрсетілген адамның қасиеттеріне негізделе отырып, оған біршама көлемді анықтама беруге мүмкіндік келген сияқты. Адам – санасы арқылы Дүниені танып-білетін, соның нәтижесінде еңбек құралдарын жасап, өзара бірігіп, қоршаған жағалай ортаны өзгертіп, сан-алуан қажеттіктерін өтей алатын пенде, - дер едік. Ал, жоғарыда көрсетілген және басқа да адамдардың сан-алуан қасиеттерін осы анықтамадан бірте-бірте шығаруға болады.

Адамның дүниеге келу мәселесі

Адамның Дүниеге келу мәселесі - ғылымдағы ең терең құпиялардың бірі. Біз оны Дүние, болмыстың өзінің пайда болу мәселесі мен жалпы тіршіліктің жер бетіне келуімен пара-пар келетін мәселе дер едік. Осы аталған үш тұңғықтың біреуіне тереңдеп көрелік.

Философия тарихында мыңдаған жылдар бойы кең таралған теологиялық тұжырым – адамды Құдайдың жаратқан пендесі ретінде түсінеді. Христиан діні тіпті адамды Құдай өз бейнесі мен ұқсасты ғылып жаратты деген тұжырым айтады. Сондықтан, оның санасы, рухы бар және сол себепті ол табиғаттың әміршісі болуы керек,- дейді. Әрине, соңғы қағида адамның тәкәппарлығы мен өркөкіректігін тудыруы ғажап емес. Бүгінгі Еуро-Атлантикалық цивилизацияға көз жіберсек – ол соның дәлелі болмақ.

Ислам діні Алла-тағала адамды саналы ғылып жаратқанмен, осы фәниде басқа тіршіліктердің арасынан өз орнын табуға шақырады, Ол оған табиғат әміршісі бол демейді.

Буддизмге келер болсақ, ол адамды тек қана рух ретінде түсініп, олай болса, материалдық құндылықтардан үзілді-кесілді бас тартуға шақырады, өйткені, рух – материядан жоғары.

Әрине, адам жөніндегі теологиялық көзқарасқа осы уақытқа дейін миллиондаған адамдар сенеді, сондықтан, онымен санаспауға болмайды. Теологиялық тұжырым ешқандай дәлелдеуді талап етпейді, тек қана осы мәселе жөніндегі діни құжаттарға толығынан сену қажет. Алайда, бүгінгі таңдағы адамзаттың пілдей бөлігі оған сенбей, ғылыми деректерге сүйенген тұжырымдарды талап етеді.

Екінші мутациялық тұжырым – осыдан 5 млн. жыл бұрын болған шынайы оқиғаға сүйенеді – ол Еуро-Азиялық құрылық пен Африканың бір-біріне соқтығысуы, соның нәтижесінде жердің жоғарғы қабатына радиоактивті заттар шығып бүкіл тіршілікті өз сәулелерімен улап, тұқым қуу механизмдеріне залалын тигізуі. Нәтижесінде, бізді тудырған адамға ұқсас маймылдар әлсіз, инстинктері сөнген ұрпақтарды дүниеге әкеле бастайды. Оларды, біріншіден, көп жылдар бойы тәрбиелеу керек болды, екіншіден, сөнген инстинктердің орнына олардың миы тез өсіп сананың пайда болуына әкелді. Бір қарағанда, мұндай болжау қызықты және ғылыми деректерге негізделген сияқты. Алайда, мутация үрдістерімен айналысып жүрген экологтар мен генетиктердің жеткен нәтижелері бұл тұжырымға теріс баға береді. Бүгінгі таңдағы зерттеулер бірде-бір радиациялық мутацияның оң нәтиже бермейтінін, ол тек организмнің құлдырауына әкелетінін көрсетеді (Семей полигоны, Арал теңізі маңындағы экологиялық апаттың құрбандары, олардың мутацияға түскен сәбилері осы ащы шындықты дәлелдейді).

Үшінші - Ғарыштық тұжырым – адамды бізден де жоғары “ғарыштық зерде” жаратты,- деген дәлелдеуі жоқ қиял айтады.

Енді ғылыми деректерге негізделген реалистік тұжырымды талдайық. Оған алғаш рет жол ашқан ағылшын ғалымы сэр Чарльз Спенсер Дарвин болды. Өзінің дүниежүзілік сапар шегу барысында көне заманнан қалған адамға ұқсас маймылдардың сүйек құрылысын зерттей келе адамның маймылдан эволюциялық үрдістің нәтижесінде жаратылғаны жөнінде тұжырым айтты. Сол кездегі қоғамдық пікірге ол жарылған бомбадай болды. Дегенмен де, бұл пікір бірте-бірте ғылымда өз орнын тауып, оны дамыған теоретикалық қағидаға айналдырған Ф.Энгельс болды. Ол адам мен қоғамның біруақытта бір-бірімен байланысты түрде дүниеге келгенін айтады. Философиялық тілде оны антропосоциогенез деген ұғыммен береді. Бұл үрдістің шын мәні – биологиялық қозғалыс формасынан әлеуметтікке секіріс арқылы өту болатын-ды.

Миллиардтаған жылдар бойғы даму барысында жер бетінде тіршіліктің миллиондаған дамыған формалары бір-біріне тығыз байланысты түрде дүниеге келіп, өзінің ең биік мәресіне - “ақылды жануарларға” дейін жетті. Оларға маймыл, ит, піл, жылқы, дельфин т.с.с. жануарларды жатқызуға болады. Олардың кейбіреуі өз даму барысында нақтылы түрде ойлау (жасап - қателесу арқылы) , өз өмір шеңберінде бірдемеге үйрену, жағалай ортаға ыңғайлы түрде бейімделу мүмкіндіктеріне жетеді. Зоологиялық күшке

негізделген үйірлік өмір сүру түрі дүниеге келеді. Бұл биологиялық өмір сүрі тәсілінің жеткен ең биік шыңдары еді – оның шеңберінде әрі қарай жетілудің мүмкіндері толығынан сарқылып біткен болатын.

Енді әрі қарай жетілу үшін әлеуметтік және дүниені идеалды түрде бейнелей алатын сана, рухтың дүниеге келуі қажет болды. Міне, мұндай мүмкіншілік табиғаттың күрт өзгеруімен байланысты өмірге келді. Жер бетінде ауа райы өзгеріп, ну ормандар сиреп, ақырында маймылдар жер бетіне түсуге мәжбүр болды. Нәтижесінде, олар артқы екі аяғына тұрып, алдыңғы аяқтарымен жердегі жатқан кепкен бұтақты, тасты т.с.с. алып пайдаланды. Бірте-бірте маймылдың алғы аяқтары адамның қолына ұқсас бола бастады.

Бұл өзгерудегі шешуші нәрсе – еңбек құралдарын жасап, оларды үне бойы пайдалануда еді. Өйткені, “бірде-бір маймыл ешқашанда бірде-бір еңбек құралын жасап көрген жоқ”, - дейді Ф.Энгельс.

Енді теоретикалық тұрғыдан сонау көне заманда болған осы үрдісті талдап көрелік. Ең қарапайым тасты тасқа ұру арқылы жасалған “ашель кескішін” алсақ, оны жасау үшін ең қажет нәрсе - оның тұрпайы формасын үне бойы есте сақтау қажеттігі. Екіншіден, өзеннің жағасында көп жүріп соған ұқсас тасты тауып алу. Содан кейін ол тасты екінші таспен соғып өңдеуі керек. Ол аса ұқыптылықты талап етіп оның назарын дамытады. Егер ол тасты ақырындап соқса, ол өңделмейді, қатты соқса, - қаққа жарылып, бүкіл істелген іс заяға кетеді. Нәтижесінде, өкінішке ұқсас сезім пайда болады. Енді ол тағы да жаңа тас іздеуге мәжбүр болады, яғни, оның ырқы қалыптасады. Енді екінші тасты ол аса ұқыптылықпен өңдеп, ақырында құралды істеп шығарады. Сол сәтте қуаныш, шаттыққа ұқсас сезім оның жүрегін кернейді.

Егер істелінген зат қисықтау болып шықса, ол ыңғайсыз және еңбек ету барысында тез сынып қалады. Сондықтан, ол екінші құралды симметриялық тұрғыдан мұқият қарап жасайды – ол оған үлкен қанағат, қуаныш сезімін әкеледі. Симметриялық форма бірте-бірте оның санасына кіріп, нәтижесінде, қарағайдың симметриялық бұтақтарын, т.с.с. заттарды көргенде оның жүрегінде себепсіз тамаша сезім пайда болады. Ол сезім болашақта сұлулық ұғымын тудырып адамның жан-дүниесінің ажырамас бөлігіне айналады.

Сонымен, қарап отырсақ, ең тұрпайы еңбек құралын жасаудың өзі адамның сана-сезімін, назарын, ырқын, керек десеңіз, тіпті оның эстетикалық сезімін оятады екен.

Еңбек құралдарын жасап, бірге еңбек ету барысында, әсіресе, аң аулауда бір-біріне ақпарат жеткізу қажеттігі пайда болады. Олай болса, тілдің алғашқы формасы – ымдау, дене, қол қимылы арқылы байланыс жасау дүниеге келеді. Ал сезім толқындары негізінен неше- түрлі дыбыс арқылы жеткізілді. Соңынан үйірдің ішіндегі аса дарынды пенделер күнбе-күнгі жиі кездесетін қажетті нәрселерге ат қойып, басқаларды соларға үйретеді. Жер бетінде әр-түрлі тілдердің пайда болуы, құрылым ерекшеліктері – олардың жағалай қоршаған табиғаттағы дыбыстарға еліктеуінен пайда болса керек деген ойдамыз.

Адамның санасы мен дене құрылысының өзгеруіне, әсіресе, оның миының өсуіне отты игеріп пайдалану үлкен әсерін тигізді. Отқа пісіріп жеген тамақ, әсіресе, отқа қақталған ет мидың тез дамып көлемінің өсуіне әкелді. Екінші жағынан, піскен тамақ жеңіл қорытылғаннан кейін оның іш-қазаны өзгеріп, жақ сүйегі мен азу тістері де кішірейді. Үшіншіден, үнгірдің іші отпен жылынып дене үстіндегі жүндердің азайуына әкелді.

Сонымен, еңбек құралдарын жасау және оны пайдаланып еңбек ету – басқалармен бірігіп қана іске асатынын байқадық. Миллиондаған жылдар бойы үйір – негізгі қауымдасу формасы болғанын білеміз. Әрине, ол жартылай биологиялық, жартылай әлеуметтік құбылыс болса керек. Антропологтардың пайымдауы бойынша, осыдан 40-50 мың жыл бұрын үлкен секіріс болып - үйір руға айналады, нағыз таза әлеуметтілік дүниеге келеді. Міне, осы уақыттан бастап қазіргі адам толығынан қалыптасып (кроманьон адамы), оның жер бетіндегі тарихы басталады. Рудың шеңберінде

бұрынғыдай ретке келтірілмеген жыныс қатынастары жойылады, өйткені, бәрі бір-бірімен қанға негізделген туыстықта. Егер де алғашқы үйір өз-өзіне жеткілікті құбылыс болса, енді рулардың арасында жан-жақты қарым-қатынас пайда болады. Оның негізінде болашақ ұрпақтарды жалғастыру мәселесі жатты: ол үшін “қыз алу, қыз беру” керек болды, құдалық рәсімдер, неше-түрлі әдет-ғұрыптар тез уақытта пайда болып, қалыптаса бастайды.

Тек рудың шеңберінде ғана нағыз адами махаббат сезімі дүниеге келеді, өйткені, ұнатқан қызы, я болмаса, жігіті жанында емес, алыста, - басқа руда. Сондықтан ол оны аңсап, қиял-арманға шомылады, бір сәт болса да көзінің қиығымен көріп қалғысы келеді, сүйіктісін дүниедегі ең әсем сұлуға теңеп өз шығармашылық шабытын оятады.

Моральдық қағидалар мен құндылықтар да рудың шеңберінде қалыптаса бастайды. Егер де үйірдің шеңберінде біреу аяғын сындырып алса, ол өлер еді,- оған ешкім көмектеспейді. Рудың шеңберінде өзара көмек беру, аяу, жақсы көру, қорғау, қамқорлық көрсету т.с.с. моральдық құндылықтар мен сезімдер пайда болады.

Үйірдің руға айналуын түсіну - қоғам тану ғылымдарындағы ең қиын мәселелердің бірі. Уақытында Ф.Энгельс “гносеологиялық тұжырымды” ұсынған болатын. Оның ойынша, алғашқы адамдардың сана-сәзімі өскен сайын олар қаны жақын адамдардың жыныстық байланысы жаңа ұрпақтарды әлсірететінін байқап, үйірдің ішіндегі жыныстық қатынастарға тиым салады. Сол себепті үйір руға айналады. “Тотемдік” және З.Фрейдтің “әкені өлтіру” тұжырымдары да терең қарағанда гносеологиялық негіздеуге жақын. “Тотемдік” тұжырым “біздің шыққан тегіміз неде?,- деген сұраққа жауап беруді талап етеді, ал “әкені өлтіру” де балалардың арасындағы жақындықты сезінумен байланысты. Бүгінгі таңда біршама этнографтар мұндай көзқарастарды сынға алады.

Біздің ойымызша, шындыққа жақын “бейбіт өмір қажеттігі” жөніндегі тұжырым болса керек. Ол және де біршама тарихи деректерге негізделген. Алғашқы үйірлер тұрақталған жерлерде археологтар бір мәнермен өлтірілген адамдардың сүйектерін табады. Оларды арт жағынан байқатпай келіп таспен басына ұрып өлтірген. Жүргізілген зерттеулер өлгендердің бәрі де еркектер екенін көрсетті. Осыдан ғалымдар оның себебін әйелдер үшін талас арқылы болғанын болжайды. Еркектердің санының азайуы - олар негізінен аңшы болғаннан кейін - аштыққа, тіпті үйірдің құрып кетуіне әкелетін қатер туғызады. Сондықтан, бейбіт өмір қажеттігі үйірдің ішіндегі жыныс қатынастарына тиым салуға мәжбүр етіп, нәтижесінде, үйір руға ауысады.

Міне, қисындық жолмен, кейбір тарихи деректерге сүйене отырып біз адамға ұқсас маймылдардың (архантроптардың) адамға айналу жолын көрсеткен тәріздіміз. Әрине, көп нәрселер әлі күңгірт екенін жасыруға болмайды. Мысалы, сонау Зинджантроптан бастап (2 млн. жыл бұрын өмір сүрген, Оңтүстік Африкадан табылған)) Синантроп (қытай адамы), Явандық (Ява аралынан табылған), Еуропада Гейдельберг, Неандерталь адамымен Кроманьонға (қазіргі адам) дейінгі уақыттың шеңберінде өмір сүрген көп өтпелі түрлердің сүйектері әлі табылған жоқ. Дегенмен де, жоғарыда көрсетілген болжамның өміршендігіне сенгіміз келеді.

Адамның биологиялық және әлеуметтік табиғаты

Адам - қайшылықты пенде. Оның бір жағынан - денесі, екінші жағынан – сана, рухы бар екенін әркім біледі. Оған да басқа тіршіліктерге сияқты су, ауа, жылу, қоректену, ұрпақ жалғастыру т.с.с. қажет. Сонымен қатар, ол дүние жөнінде ойланады, өмірде өз орнын іздейді, шаттанады, қайғырады, сүйеді, жек көреді т.с.с. Егер де жануарды оның инстинктері итермелесе, адам өз инстинктерін әлеуметтік нормаларға бағындырады, ол - өз-өзін бақылауға ала алатын пенде. Десек те, адамның бұл ішкі қайшылығы философияда әр-түрлі шешіледі. Мысалы, Орта ғасырлардағы діни философияда адамды рух ретінде өте биік деңгейге көтеріп, дене ретінде құлдыратып, тіпті жануарлардан да төмен қояды.

Жаңа дәуірдегі философияда бұл мәселе жөнінде бір-біріне қарсы тұрған биологиялық және әлеуметтік редукционизмді (негіздеу) келтіруге болар еді.

Бірінші тұжырымда адам дене құрылысының ерекшеліктері асыра бағаланып, олар оның ішкі мән-мағнасын анықтайды деген пікір қалыптасқан. Оған нәсілшілдік, ломброзиандық, әлеуметтік-дарвинизм, әлеуметтік биология бағыттары жатады.

Нәсілшілдікке келер болсақ, оның тарихи пайда болған ең біріншісі – ақ түсті адамдарды асыра бағалап, қалғандардың бәрін – артта қалған, табиғи дарындары мен қабілеттері төмен,- деп түсінеді.

Қара нәсілшілдік - отарланған Африка континенті халықтары өз бостандығын алғаннан кейін олардың ұлттық сана-сезімі өсуімен байланысты “негритюд” сияқты ілімдерде кездеседі. Ол қара адамдардың дүниені ақыл-оймен емес, сезім, инстинкт арқылы терең игеруі, әуендегі ритм мен спортқа деген басқалардан гөрі қабілеттерінің молдығы т.с.с. мақтан етеді.

Сары нәсілшілдік те ақтарды “піспеген”, қараларды “күйіп кеткенге” теңейді.

Бүгінгі таңдағы жаһандану заманында, елдер мен халықтардың бір-бірімен терең қатынастарға түсуі, бір-бірінің жетістіктерімен бөлісуі қайсыбір нәсілшілдікті тамырынан шабады. Бүгінгі уақыттың қойған “Талабына” барлық халықтар өзіне тән “Жауап” іздеуде. Өндіргіш күштерді қазіргі замандағы ғылым мен техниканың жетістіктеріне сәйкес дамытқан елдер ішінде Оңтүстік Африканы (қаралар), Жапонияны (сарылар), Германияны (ақтар) мысал ретінде келтіруге болар еді. Спорт, әуен, өнер, сәулет т.с.с. қоғам салаларын алсақ, онда да осындай жағдайды аңғаруға болады. Ең соңында, олардың түп-тамыры бір екенін генетикалық тұрғыдан дәлелдеуге болатын сияқты. Мысалы, ақ пен қара қосылған жанұяда өмірге келген сәбиді мулат дейміз. Ал, сары мен ақтың баласы метис аталады. Бұл әр-түрлі нәсіл өкілдерінің бір-біріне генетикалық деңгейдегі сәйкестігін көрсетеді. Қайсыбір қарапайым өмірде сирек болса да кездесетін нәсілшілдік сол адамның надандығын, я болмаса, ұлтшылдық пиғылын көрсетсе керек.

Өткен ғасырдың басында Чезаре Ломброзо деген итальяндық психиатр, антрополог, - түрмедегі адамдардың дене құрылысын зерттей келе қылмысқа баратын адамдардың биологиялық табиғаты қазіргі адамның деңгейінен төмен болуымен байланысты,- деген пікір айтқан болатын. Мұндай көзқарас уақытында біршама заңгерлер, дәрігерлер мен психиатрлар арасында қызу айтыстарға әкеліп, ломброзиандық деген ағымды тудырды. Ч.Ломброзо мысал ретінде ондай адамдардың төменгі жақ сүйектері үлкен, маңдайы қысқа, қабақтары бір-бірімен қосылып кеткен, көздері терең орналасқан, қолдары ұзын т.с.с.,- дейді. Ол мұндай дене құрылысы бар адамдар әлеуметтік ауытқуға, әсіресе, қылмыстыққа өте жақын,- деген пікір айтады. Бұдан кейін жүргізілген зерттеулер бұл пікірдің жалған екенін айқындады, өйткені, қылмыстық - негізінен алғанда, әлеуметтік құбылыс. Дегенмен де, кейбір адамдарға мұндай пікір осы уақытқа дейін өз әсерін тигізуде.

Әлеуметтік дарвинизм бағыты да қоғам өмірін адамдардың өмір сүру үшін күресінен, табиғи таңдау, тұқым қуушылықтан көреді, яғни биологиялық эволюционизм заңдылықтарын қоғамға таңады.

Социобиологияға келер болсақ, олар жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жануарлардың да әлеуметтік қасиеттерінің бар екенін айтады. Мысалы, жануарлардың альтруистік инстинктері (баласын қорғап қалу жолында өз өмірін беруге дайындығы, оған деген қамқорлығы, үйір шеңберіндегі өзара көмек беру т.с.с.) Ч.Дарвиннің ашқан биологиялық эволюционизм принциптеріне қайшы келеді. Расында да, тек қана жеке организмнің жағалай ортаға бейімделіп өмірін сақтап қалуынан үйір шеңберіндегі өзара бірігіп іс-әрекет жасау туындамайды. Бұл пікірмен келісуге болады. Сондықтан, олар эволюциялық үрдіс тиімді жүру үшін жеке организм мен қатар үйір болып жағалай ортаға бейімделу қажеттігін көрсетеді. Олай болса, олар әлеуметтіліктің алғашқы негіздері үйірдің шеңберінде пайда болатыны жөніндегі қорытындыға келеді. Мұндай көзқарас даму тұжырымына қайшы келмейді, өйткені қайсыбір жаңаның ұрығы ескінің

ішкі шеңберінде пайда болады. Бірақ, мұндай қорытудан қоғамдағы құбылыстардың іргетасты негізі биологиялық үрдістерде жатыр деп есептеу жалған болар еді.

Енді әлеуметтік редуцианизмге келер болсақ, оның шынайы өкілі ретінде марксизмді келтіруге болады. Бұл ілімдегі түсінік бойынша, адамның терең мәнін нақтылы түрде қалыптасқан “қоғамдық қатынастар жиынтығы” құрайды, яғни, ол - оның әлеуметтілігінде. К.Маркстің жасаған коммунизм ілімінің негізгі іргетастарының бірі ретінде осы адам жөніндегі тұжырымнама жатыр. Коммунистік қоғамда тек қана биік дәрежеге жеткен өндіргіш күштер ғана емес, сонымен қатар, “жаңа адам” дүниеге келеді, өйткені, қоғамдық меншікке негізделген адамдар арасындағы қатынастар мен байланыстар оны қажетті түрде тудырады. Сондықтан да, ол қоғамда саяси-құқық сала (мемлекет, құқық, түрме, тергеу мекемелері т.с.с.) керек болмай қалады, адамдар тек моральдық құндылықтарды басшылыққа алып өмір сүреді.

Осы айтылған “жаңа адамды” қалыптастыру жолында тарих қойнауына кірген Кеңес Одағында ондаған жылдар бойы халық арасында миллиондаған лекциялар мен сұхбаттар жүргізіліп, қаншама арнаулы тәрбие жұмыстары жасалса да, ол сол бұрынғы адам болып қала берді...

Бүгінгі таңдағы ғылымда адамның био-әлеуметтік табиғаты мойындалды. Адамның дене ретіндегі өмір сүруі биологиялық заңдарға тәуелді. Күнбе-күнгі өмірімізде адамдардың табиғат өзгерістеріне тәуелді екенін емші болмасақ та байқауға болады (ауа қысымының өзгеруі, геомагниттік дауылдар, күн сәулесінің күшейуі т.с.с. табиғи құбылыстардың адамға тигізетін ықпалы). Адамның өмір сатылары да биологиялық заңдарға тәуелді (өмірге келу, балалық, жастық шақтар, ересек өмір, кәрілік, дүниеден озу). Әрбір адамның тарихтағы қайталанбастығы да оның әке-шешесі арқылы берілген генетикалық ерекшелігінде жатқанын да мойындамасқа болмайды. Мұндай деректерді жалғастыра беруге болар еді.

Сонымен қатар, адамның өмір сүруі мен қалыптасуы, дамуында әлеуметтік факторлардың орасан-зор рөлін көрсетпесе тағы да болмайды. Мысалы, алғашқы қауымдық қоғамда адамның орта жасы 25-те болса, қазіргі дамыған қоғамдарда ол көрсеткіш 75-78-ге келді. Егер әуенге деген аса дарыны бар сәби дүниеге келсе, оған арнаулы білім беріп, оны әлпештеп өсірсе, ол ұлы композитор, я болмаса, орындаушы болуы мүмкін. Бірақ, ондай жағдай жасалмаса, оның дарыны сөніп, ең дегенде “ауылдың домбырашысы” ғана болып қала береді. Ғасырлар бойы қаншама аса дарынды адамдар дүниеге келіп, әлеуметтік жағдайдың жоқтығынан “ашылмаған гүл” секілді келмесе кетті десеңізші !!! Қоғам өміріндегі әрбір тұлғаны гүлдетіп жан-жақты дамыту – осы уақытқа дейін адамзаттың орындалмаған арманы болды десек те болғаны.

Адамзаттың ғылыми-техникалық орасан-зор қарқынмен дамуы бүгінгі таңда адам өміріне бұрынғы-соңды болмаған қауып-қатерлерді тудыруда. Бірінші күрделі мәселе – жан-түршігерлік күші бар соғыс қару-жарақтардың жыл сайын жаңа түрлерінің пайда болуында. Егер бұрын жеке адамдар өлгенімен, бүкіл адамзат өмірде қала беретініне ешкім күмәнданбайтын. Бүгінгі таңда адамзат толығынан құрып кетуі мүмкін. Ол әрбір адамды алаңдатып отыр.

Екінші үлкен қауып – экологиялық апаттың бүкіл жер бетінде етек алып кету мүмкіндігі. Өйткені, лас ауа мен суға қоятын мемлекеттік шекара жоқ!! Бүгін адам өмір сүруінің екі жағы бір-біріне қайшы келді. Бір жағынан, біз Табиғаттың ажырамас бөлігіміз, Ол – біздің арғы анамыз. Екінші жағынан, саналы адам алдындағы жатқан Дүниені танып-біліп өз мүдделеріне сай өзгертеді. Сол себепті көп жерлер ластанып, өсімдіктер мен жануарлардың біршама түрлері өмірден келмесе кетті, Табиғат әлсіреуде.

Табиғаттың байлығы шексіз, одан қаншалықты алсаң да азаймайды,- деген бұрынғы заманда қалыптасқан пікір жалған болып шықты. Табиғат алдымыздағы жатқан “жағалай орта” ғана емес, ол біртұтас орасан-зор организм, “Үлкен Жүйе”, оның ішіндегі барлық элементтер бір-бірімен миллиардтаған жылдардың ішінде тиімді

байланыс құрды. Адамзаттың өзі осы жүйенің ішінде белгілі бір орын алады. Сондықтан, адамзат ғылым мен техниканы пайдаланудың жаңа стратегиясын жасамай, өз-өзін құртып алуы мүмкін.

Жоғарғы айтылған қауып-қатерлерден кем емес, бірақ-та қоғамдық сананың назарына әлі дұрыс ілікпеген үлкен мәселе – адамның тұлға ретіндегі био-элеуметтік табиғатын сақтап қалуы болып отыр. Кейбір ғалымдар оны “антропологиялық дағдарыс”,- дейді. Оның терең мәні – адамзат жыл сайын ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйене отырып, өз Дүниесін күрделентуде. Ол оның жақсы жақтарын пайдаланғанмен, өмірге келеңсіз, өз табиғатына қарсы жатқан салдарларды тудырып, көп жағдайларда оны бақылай алмай қалады. Адам Дүниені қаншалықты терең өзгерткен сайын, соншалықты теріс элеуметтік факторлар пайда болып оның өмір сапасын төмендетеді. Дүниенің тез қарқынмен дамуы адамды өз ұлтының әдет-ғұрыптарынан айырып, басқа мәдени үлгілерді игеруге, “ол жақта, я болмаса, бұл жақта да емес” маргиналдық ақуалға әкелетінін бүгінгі таңдағы реформа барысында көріп жүрміз.

Енді мәселені нақтылай түсіп, бүгінгі таңдағы Қазақстан қоғамын адами тұрғыдан талдасақ, біздің мемлекеттің бұл мәселеге көп көңіл бөліп жатқанын байқаймыз. Негізгі жетістік – адамдардың - қоғам өмірінің қай саласы болмасын – белсенділік көрсетуіне, яғни, олардың өз ынтасының арқасында дамуына жол ашылды. Тәуелсіздік алғаннан бері біздің елде қаншама жастар өнер, білім, спорт, саясат, экономика салаларында шығармашылық деңгейге көтеріліп, өз мүмкіндіктерін өмірде іске асырып жатыр ! Десек те, істейтін нәрселер әлі шаш етекпен. Ең алдымен елде етек алып кеткен туберкулез, гепатит сияқты “элеуметтік ауруларды” алсақ, ішетін суды, ауаны тазартпай, жейтін тамақты күшейтпей, оларды жеңе алмаймыз. Жұмыссыздық, көп жастардың баспана мәселесінің көп жылдар бойы шешілмеуі де адам дамуының элеуметтік факторына жатады.

Қорыта келе, адамның биологиялық және элеуметтік жақтарын ажыратпай бір-бірімен байланыстырып қарау керектігін баса айтуымыз қажет.

7. Адам өмірінің мән-мағнасы – 2 с.

Адам дүние жөнінде неше-түрлі ұғымдар мен бейнелерді тудырып, солар арқылы кеңістік пен уақыттың шектеуінен ой арқылы шығып кету дәрежесіне көтеріледі. Ол заттар мен құбылыстардың ішкі сырын аша алатын пенде. Ол неше-түрлі рухани құндылықтарды басшылыққа алып өмір сүреді, сонымен қатар, оларды жойып, тіпті өзін жойып жіберетін кездер де болады. Ең соңында, адам өз-өзін бақылап, баға беріп, өзімен өмір мен өлім жөнінде сұхбаттаса алатын пенде. Егер жануарлар өз табиғатына сай өмір сүрсе, адам алдында “мен неге дүниеге келдім?”, “не үшін өмір сүруім керек?”, “қалай өмір сүруім керек?”,- деген т.с.с. сұрақтар пайда болады. Оның себебі жоғарыда көрсетілген адамның ішкі рухани өмірінде жатыр. Міне, бұл қойылған сұрақтар адам өмірінің мән-мағнасын анықтауға итереді.

Адам өмірінің мән-мағнасы ғасырлар бойы талданып келе жатқан мәселе. Өмір өзгерген сайын болашақта да бұл мәселе талай рет көтерілетіні сөзсіз. Яғни, бұл адамзаттың өзіне қойған “мәңгілік” сұрақтарының біреуіне жатады. Орыстың ұлы ойшылы Л.Н.Толстой “адамның ішінде екі “мен” бар сияқты және олар бір-бірімен сыйыспай күресіп жатқан сияқты”,- дейді. Бір “мен”: “мен ғана нағыз өмір сүріп жатырмын, қалғандардың бәрі өмір сүріп жатқан сияқты ғана, сондықтан, бүкіл дүниенің мән-мағнасы маған деген жақсылықтың болуында”- дейді. Екінші “мен”: “Бүкіл Дүние саған емес, өз мақсаттарына, сондықтан, саған бұл өмірде жақсы ма әлде жаман ба, ол оны білгісі де келмейді”,- дейді. Бұл өмір сүруге қорқыныш сезімін әкеледі”,- деп қорытады ұлы ойшыл. Әрине, адамның ішкі өмірі неше-түрлі қайшылықтардан тұрады. Біршама жағдайда біз тек ақыл-оймен ғана емес, инстинктер, интуиция арқылы бір нәрселерді (жақсы, я жаман болсын) жасауымыз ғажап емес...

Адам өз өмірінде, басқа тіршіліктер сияқты, әр-түрлі қажеттіктерін өтейді. Жаңғыз ғана дәулетке жету адамды қанағаттандырып, оның өмірінің мән-мағнасын құрай алмайды. Оның сыртында талай рухқа негізделген адамның қажеттіктері тұр. Уақытында америкалық ғалымы А.Маслоу адам қажеттіктерінің төменнен жоғары көтерілетін тізбесін жасаған болатын. Ең төменгі - іргетасты физиологиялық (тамақтану, тыныс алу, қозғалу, киім, баспана т.с.с.) жыныстық (дүниеге ұрпақ әкелу) қажеттіктер. Екінші – экзистенциалдық қажеттіктер (қауыпсіздік, ертеңгі күнге деген сенімдік, өмір сүру жағдайларының және қарым-қатынасқа түсетін қоршаған адамдардың тұрақтығы т.с.с.). Үшінші - әлеуметтік қажеттіктер (басқа адамдармен бірігіп, қарым-қатынасқа түсіп, солардың сый-сияпатына ие болу). Төртінші - престиждік, яғни, беделді басқалардың назарына ілігу, еңбек сатыларымен жоғарылау, жоғары тұлғалық бағаға ие болу т.с.с. Бесінші – рухани қажеттіктер - шығармашылық арқылы өз мүмкіндігінді өмірге еңгізу, іске асыру.

А.Маслоудың ойынша, төменгі қажеттіктер өтелмейінше жоғарғылар әлі де болса адамға қызықты емес. Өтелген қажеттіктер өз күшін жойып, адамды жоғарғы қажеттіктерді игеруге итермелейді. Егер де төменгі қажеттіктерді өтеу - қоғамның даму деңгейіне байланысты - қиын мәселеге айналса, ол адам өмірінің негізгі мән-мағнасына айналуы мүмкін. Бүгінгі таңда қаншама адам “нан табу” мәселесінің шеңберінен шыға алмай жүр?! Оны тарихи қалыптасқан қоғам өмірінің кемшілігі ретінде қарау жөн болар.

Сонымен, өмірдің ең биік мән-мағнасы – шығармашылық сатыға көтеріліп, өз қабілеттеріңді іске асыру, соның арқасында өз тұлғаңның ерекше орнын анықтап, қанағаттану болмақ. Ондай адамға тән нәрселер:

өмірдің әрбір күнін теңдесі жоқ сый ретінде қуанышты сезіммен қабылдау;

басқаларды өзінді сияқты бағалап қабылдау;

басқаларға тәуелді болмау, әр мәселе бойынша өз пікіріңді көрсете білу, өзгелердің пікірін де қабылдап сыйлау;

өз таңдаған ісінді сүю, шығармашылық деңгейінде игеру;

үне бойы өз қабілеттеріңді әрі қарай дамытуға тырысу;

мақсат-мұратқа жететін құралдарды таңдау, жақсылық пен жамандықты, сұлулық пен түрсіздікті айыра білу;

қай жерде болмасын өзінді қарапайым күндегідей ұстай білу; т.с.с.

Адам өмірінің мән-мағнасы жөнінде арнайы еңбек жазып құнды пікірлер айтқан ХХ ғ. өмір сүрген австрияның ұлы ойшылы В.Франкл болды. Ол бүгінгі адамның өмір ақуалына тоқтала келе оның қиындығы жөнінде сыр шертеді. Бүгінгі адам жануарлар сияқты инстинкттің, кешегі қоғамдағы сияқты әдет-ғұрыптың талабына сай өмір сүре алмайды. Сондықтан, ол басқалар сияқты болғысы келеді (конформизм), я болмаса, басқалардың айтқанын істейді (тоталитаризм). Ол оның рухани дағдарыста екенін, өмірдің мән-мағнасын әлі таба алмағанын көрсетеді. Нәтижесінде, адам “экзистенциалдық вакуумға” (өмір сүрудегі мәнсіздікке) келіп тіреледі. Ондай адам әлеуметтік аномияға (ауытқуға) ұшырауы мүмкін. Олар: нашақорлық, ішімдікке салыну, қылмыстыққа бару, құдай іздеу жолына түсу, өз-өзін өлтіру (суицид) т.с.с. Батыс қоғамында кең тараған жалған көзқарас ретінде В.Франкл өмір мәнін байлықтан іздеуді келтіреді. Мысалы, әке-шешесі өз баласына барлық жағдай жасап, не қалағанын алып береді де, оның алдындағы өз борышын орындағандай сезінеді. Ал ол баланың ішкі жандүниесі қандай, ол кім болғысы келеді, нені қиялдайды т.с.с. – оған көңіл бөлуге олардың қолдары да тимейді. Ақырында, киімі көк, тамағы тоқ бала көзді ашып-жұмғанша ересектік сатыға келеді. Балалық қиялдарының бәрі артта, ерекше тұлғалық дәрежеге көтерілген жоқ, өмірден өз орнын таба алмай қалды. Не істеу керек? – бұл сұраққа ол жауап бере алмайды. Бұл қиын ақуал кездейсоқ біреудің нашаны ұсынуымен аяқталады. Ол оны қабылдап - өз армандарын орындаған сияқты тәтті сезімге шомылады...

Ішімдікке келер болсақ, ол да аз уақыт болса да “ащы шындықтан қашуға” тең нәрсе. Мұндай сараптауды жалғастыра беруге болар еді. Оқырман оны жақсы түсінді ғой деп ойлаймыз.

Әңгіменің қиындығы - өмірдің мән-мағнасын тудыру, жасауға болмайды, оны тұлға өзі іздеп тауып алуы керек. Бұл Дүниеде өмірге келген әр адамның өз орны бар, сондықтан, әр адам өмірінің мән- мағнасы өзгеше. В.Франклдің айтуынша, бұл өмірде әр адамға өзіне керек іс тауып, қайсыбір ақуалдың шеңберінде өмірлік мән-мағнаны ашуға болады. Біреу өмірінің мән мағнасын балаларын жеткізуден, екінші – табиғи дарынын ашудан, үшінші – сүйген адамы үшін өмір сүруден т.с.с. көруі мүмкін.

В.Франклдің ойынша, жалпылай келе, өмірлік мән-мағнаны үлкен үш топқа бөлуге болады. Оның ең биігі – шығармашылық құндылықтарына жету, яғни, тарихта бұрынғы-соңғы болмаған жаңаны тудыру. Ол үшін, әрине, табиғи дарыннан тыс, сол саланы толығынан игеріп, шыңына жету керек. Ол негізінен элитарлық топтарға тән нәрсе.

Бірақ, кең түрде алғанда, шығармашылық - адамның тектік қасиеті. Сондықтан, әр адам - өзінше шығармашылық сатысына көтеріледі. Мысалы, талай жылдар гүл өсіріп, осы істі сүйетін адам күндердің бір күнінде гүлдің бір жаңа түрін тудырмай қоймайды. Киім тоқыйтын көп балалы әйел журналдағы көп өрнектерді игереді де, күндердің бір күнінде өз өрнегін ойлап шығаруы мүмкін. Бәлкім, ол өрнек модалар журналында басылмас, бірақ, ол шығармашылық деңгейге көтерілді емес пе?! Егер қайсыбір нәрсені бұрынғыдай емес, жаңа жолмен, әдіспен жасасаңыз – ол да шығармашылықтың нышаны болмай ма?

Көп жағдайда өз өмірінің мән-мағнасын жоғалтып алмас үшін белгілі бір алдына қойған мақсатқа жете алмасаң, соған деген көзқарасыңды өзгертсең болғаны. Оны В.Франкл “құндылықтарға деген көзқарас” деген ұғыммен береді. Ондай ақуал қарапайым адамдардың арасында қиын-қыстау заман кезінде жиі кездеседі. Мысалы, құндыздан тігілген қымбат киімді армандап, сол себепті дұрыс ұйықтай алмай, жүйкесі тозып жүрген сұлу бикеш өз көзқарасын өзгертіп, Джина Лолобриджида секілді осы құндылыққа деген өз көзқарасын өзгертсе (аңның терісінен киім кию – соларды өз қолыңмен өлтіргенмен тең), я болмаса, үнді халқының тудырған “еш тіршілікті зәбірлемеу” философиясын қабылдап, басқа материалдан тігілген киім алса – мәселе сол сәтте-ақ шешілер еді.

Адамның өмірінде тіпті ойға келмейтін қиын жағдайлар туып (соғыс, жер сілкінуі, түрмеге түсу, қатерлі ісіктің пайда болуы т.с.с.) қолынан еш нәрсе келмей, тағдырдың тәлкегіне түскен кезде ол өмірінің мән-мағнасын жоғалтып тұңылуы мүмкін. Ондай жағдай болмағанның өзінде әр адам өз өмірінің аяғында “қайғылы үштіктен” (зардап, күнә, өлім) өтеді. Осындай жағдайдың өзінде адам өз өмірінің мән-мағнасын жоғалтып алмауы керек,- дейді В.Франкл. Ол “ой-толғау құндылықтарына” көшу керек, сонда зардап шегудің өзінен жан-дүниені тазартатын, көп нәрселерге жаңа баға берілетін мән-мағнаны табуы мүмкін.

Осы араға келгенде біз үлкен экзистенциалдық мәселеге - өлім мен өлместікке келіп тірелдік.

Адамның өлімі мен өлместігі

Қайсыбір өмірдің өліммен аяқталатынын әрбір адам біледі. Бұл Дүниеге келгеннен кейін уақыты келгенде кету керек. Ол бізге тәуелді емес, қолымызда тұрған жоқ, ол - табиғи заңдылық. Адамзаттың мыңдаған жылға созылған өмір тәжірибесі бірде-бір өлген адамның тіріліп өмірге қайта келгенін көрсеткен жоқ.

Әсіресе, жақын адамдардың бұл дүниеден кетуі біздің жан-дүниемізде ауыр жаралар қалдырады. Енді біз оларды ешқашан да көре алмай, іштегі сырымызды айтып, бірге қуанып, сонымен бірге қайғы-қасіретімізді бөлісе алмаймыз. Бәрі де өткен шақтың қойнауына кетті. Сол сәтте біз өзімізді де сондай тағдыр күтіп тұрғанын үрейлене аңғарамыз.

Сонымен қатар, біз ақыл-ой таразысына “мәңгілік өмір сүру” мәселесін салсақ, онда оны адамға берілген ең ауыр жаза екенін байқауға болар еді. Өйткені, егер адам шексіз өмір сүре берсе, онда оның еш мән-мағнасы болмай қалады. Шексіз өмір жөніндегі ой өрісі бүгінгі күннің ашынған өзекті мәселелеріне немқұрайлы қарауды тудырып, қоғам өмірі мелшиіп бір орнында тұрып қалар еді.

Мәселеге терең қарағанда, өмірдің мән-мағнасы болуының өзі оның өліммен бітетінінде болса керек. Расында да, біле-білген адамға өмірдің шектелгені әрбір күн мен жылды, минут пен сағатты бағалауға, тиімді жұмсауға итереді. Өйткені, өмірді ешқандай байлыққа сатып алуға болмайды, бірақ, оның бір ғана өлшемі бар – ол “Ұлы мәртебелі Табиғаттың” (я болмаса, егер адам сенімде болса - Құдайдың) әр адамға берген өмір жасы, яғни, уақыты. Бұл дүниеде бір де бір жасалған ұлы нәрсені істеген адамдар, әрине, өз өмірінің шектелгенін біліп, сондықтан, асығып, “соны үлгірсем екен”, - деген ой-үмітпен оларды аяқтады емес пе?! Егер ол мәңгілік өмір сүрсе, сол ұлы істерді бастамас та еді ғой !! Антик дәуіріндегі стоиктер “Өлімді есіңнен шығарма !”, - деген болатын. Оның терең мәні - өз өмірінде әр іс-қимыл, басқа адамдарға деген қатынастар, айтайын деген сөзіңді өмірдің соңындағы сияқты сезінуде. Мұндай өмірлік бағытты ұстау - адам өміріндегі қайсыбір уақиғаны терең сезініп-тебіренуге, мейлінше мазмұнды өмір сүруге әкеледі. Жайшылықты өмірде байқалмайтын кіші-гірім нәрселерге көңіл бөлініп, Дүниенің ғажаптығы айқындалып сезіледі.

Бұл Дүниеде қайсыбір тіршілік формасы – соның ішінде адам да – бір ұрпақты екінші ұрпақпен ауыстырып өз өмірін жалғайды. Табиғаттың “даналығы” осында. Соның арқасында алға өрлеу – даму бар.

Әр адам өлімді адамның жүрегі мен тынысы тоқтап, санасының өшуімен теңейді. Дегенмен де, адамның кейбір жақтары әлі де болса талай күндер тіршілік жасайды. Мысалы, адамның сақал-мұрты, шашы, тырнақтары дене толығынан шіріп біткенінше өсе береді... Егер адамның жүрек қысылымы өсіп, оның миына қан құйылса, ол ешкімді танымай, өзіндік санадан айырылғанмен, талай айлар төсек тартып, тірі болып қала беруі мүмкін. Бірақ, ол тұлғалық қасиеттерден толығынан айырылды. Кейбіреулер ондай адамға “тірі өлік” (живой труп) деген ат береді...

Уақытында ұлы Платон философия ғылымы бізді абыроймен өлуге үйретеді, - деген болатын. Бұл пікірге толығынан қосылуға болатын сияқты. Кейбіреулер өмірінің жартысын “гүлге қонған көбелек” сияқты өткізіп, қырыққа келіп, ақылы тоқталған кезінде өз алдына өмірлік мақсаттар қойып, оны асыға істей бастайды. Бірақ, көп жағдайда “Ұлы мәртебелі Табиғат” оларды аяқтауға уақыт бермейді. Ондай адам өлер алдында бұлқан-талқан болып, бүкіл ағайын-туғандарын тік тұрғызып, көп жағдайда азапқа салады. Ондай адамға өлер алдында “Әттең-ай!”, - деген өкініш келіп, сол аянышты сезіммен өмірден кетеді.

Екіншілерге өлім үрейін аттап өтуге діни сенім көмектеседі. Олар тәні болмағанмен, жан-дүнием мәңгі өмір сүреді, - деген үмітпен өмірмен қоштасады.

Үшіншілер бұл күйбең өмірде ішіп-жеу, ойын-сауық құру, әр сәттен ләззәт алудан басқа еш нәрсе жоқ, - деген өмірлік бағыт ұстайды. Бірақ, оқтын-оқтын мешітке барып (кім біледі, мүмкін Алла-тағала бар шығар, - деген ой кейбір кезде оның жүрегін сыздатады) садақа беріп, намаз оқытады. Бірақ, бәрібір ол болашақ өлімнің мұздаған лебінен құтыла алмай, жаны түршігеді.

Енді Платонның айтқан философиялық дайындығы бар адамға келсек, ол өз өмірін бүкіл Табиғаттың, Ғарыштың өмірімен байланыстырып, өзін телегей-теңіздегі бір ғана тамшы ретінде сезінеді. Ол оны үлкен тебіреніске әкеліп, өлім өмірдің соңында келетін заңды табиғи үрдіс екеніне көзі жетеді. Ондай адамды өлім үрейлендіре алмайды.

Бесінші адамдар өз тағдырының шеңберінде тырысып бағып өмірдің шаттығын да, зардабын да толығынан басынан өткізіп, бұл өмірде өзіне тән із қалдыру жолында бар күш-қуатын аямай жұмсап, өлім алдына өмірден шаршаған сияқты сезіммен келеді. Ол өз өмірін толығынан аяқтады. Ешқандай өкініш жоқ. Орындалмаған армандар

болғанның өзінде, ол оны табиғи заңдылық ретінде түсінеді. Ол – нағыз адам. Ондай адам көп жұрттың есінде мәңгілік қалады.

Соңғы жылдары Батыс университеттері мінбелерінде “аутоназия” (auto - өзім, nazia - өлім) мәселесі қызу талқылануда. Орыс әдебиетінде бұл терминді өз тілдеріне жақындатып “эвтаназия”, - дейді. Өңгіме адамның өз еркімен қоғамның көмегі арқылы бұл дүниеден кетуі. Яғни, оның “суицидтан”- өзін-өзі өлтіруден айырмашылығы – ол қоғамның рұқсаты және көмегімен өз қалауы бойынша дүниемен қоштасады. Тәндік-сезімдік ләззәт алу өмір бағытын ұстаған Батыс адамы өмірінің соңында да еш зардап шекпей бұл өмірден тәтті ұйқыға шомылып кете барғысы келеді. Енді бұл мәселені біз де талдап көрелік.

Бір қарағанда бұл мәселені Батыс цивилизациясының гуманистік даму жолындағы үлкен жетістіктерінің бірі ретінде қарағың келеді. Расында да, егер адам қатерлі ісікпен (рак) ауырып, қатты зардап шегуде, я болмаса, қартайып, қолынан күш кетіп ешкімге керек болмай қалған т.с.с. жағдайда қоғам ондай адамдарға өз еркімен дүниеден кетуге көмектесе де болатын сияқты.

Бірақ, мұндай көзқарас бүкіл дүниежүзілік діндердегі өмір жөніндегі терең интуицияларға (көкей көзге) қайшы келеді. Бұл Дүниеге келген әр адам Иса пайғамбардың арқалаған ауыр жүгіне мойынсынуы керек. Екіншіден, бірде бір адам өмір соңында “қайғылы үштікті” (зардап, күнә, өлім) аттап кете алмайды. Ол да болса өмірдің соңғы тәжірибелерінің бірі, қоршаған адамдарға ой салатын өнеге емес пе?! Соңғы өмір зардаптарынан өту – адам рухын шексіз күшейтіп, оның ішкі жан-дүниесін тазартып, адамның абыроймен бұл дүниемен қоштасуына мүмкіндік жасайды.

Мәселеге философиялық тұрғыдан келсек, бұл Дүниеде адамнан асқан құндылық жоқ, сондықтан, ешкімнің де адам өмірін қиуға (соның ішінде - адамның өзін-өзі де) құқы жоқ.

Аутоназияның моральдық-құқтық жағына келер болсақ, ғалымдардың айтуына қарағанда, заңды түрде оны өмірге енгізгенде неше-түрлі басқа теріс салдарлар пайда болуы мүмкін. Мысалы, адамның дене мүшелерін сату, екіншіден, адам жүрегіне үрей салып өмірден кету жөнінде шешімге келуге мәжбүрлеу т.с.с. келеңсіз жағдайлардың пайда болуы ғажап емес.

Бүгінгі таңда тек Голландия елінде парламент деңгейінде аутоназия жөнінде заң қабылданып ол іске асуда.

Енді келесі үлкен мәселені – өлместікті талдауға уақыт келген сияқты. Бұл мәселе адам өмірі мән-мағнасымен тығыз байланысты екенін сол сәтте байқауға болады. Егер бұл дүниеге келген адам өз ізін қалдырмаса, онда ол не үшін келді, оның жаңбыр құртынан айырмашылығы қандай?,- деген сұрақ пайда болады емес пе!

Өлместік мәселесі - қайсыбір діннің өзегін құрайды. Құдайдың бар, я болмаса, жоқ екенін ешқашанда ешкім дәлелдей алмаса да, миллиардтаған адамдар осы уақытқа дейін Оған сенеді, өйткені, өлместікті аңсайды. Өлместік идеясы сонау көне заманда адамдардың өлімнен қорқу сезімінен өз бастауын алады. Көне Үнді және Мысыр елдерінде адам өлгенде оның жаны басқа денеге көшетіні жөніндегі идеялар қалыптасты. Буддизмдегі мойындалатын нәрсе – жан әрбір жаңа денеге көшкен сайын өз күнәсінен тазара береді.

Көне гректер адам өлгеннен кейін оның екінші өмірі басталады деген пікірде болған. Олардың ойынша, құдайлар мен адамдардың арасында онша көп айырмашылық жоқ, өйткені, жақсы адам өлгеннен кейін өлместік сыйына ие болып, құдайлардың қатарына кіреді. Ал құдайларға келсек, олар өмір сүріп жатқан адамдарға келіп, қарым-қатынасқа түсіп, тіпті жердегі әйелдер олардан аса күшті ер балалар, я болмаса, аса сұлу қыз балаларды туады екен. Мысалы, Геракл Зевс құдайы мен Алкмена деген әйелден туыпты-мыс.

Бүгінгі таңдағы иудаизм, христиандық және ислам діндері адам өлгеннен кейінгі оның жан-дүниесінің өлместігін мойындайды. Дегенмен де, бүгінгі таңдағы бірде-бір дін өмір, я болмаса, өлімнің не екенін түсінікті ғылып адамға жеткізе алмайды.

Идеалистік философиядағы өлместік жөніндегі ойлар діни көзқарасқа өте жақын. Алайда, мыңдаған жылдарға созылған адамзат тәжірибесінде ешкім де қайта тірілген жоқ және қазіргі білімді адамға “о дүниеде денесіз мәңгі өмір сүретін жанды” көзге елестету өте қиын шаруа екенін ашық айту керек. Көп адамдар оған сенбейді де.

Олай болса, өлместік деп нені түсінуге болады? Бүгінгі таңдағы ғылыми деректерге сүйене отырып, біз тіпті дене ретінде де мүлде өшпейтінімізді айтып кетуіміз керек. Өйткені, өмір жаңа өмірді тудырып өз өмірін жалғастыра береді. Біздің бет-әлпет, мінез-құлық, сезім, дене бітім, табиғи дарын т.с.с. ерекшеліктеріміз – толығынан болмаса да – болашақ ұрпақтарға дариды. Олай болса, біз толығынан бұл өмірден кетпейміз, бала, немере өмірі арқылы қала береміз.

Енді адамның жан-дүниесі, рухына келер болсақ, ұлы адамдардың шығармашылық ісі адамзат тарихында мәңгілік сақталады. Абай, Құрманғазы, Шоқан, т.с.с. мыңдаған қазақ халқы тудырған асылдар өз шығармашылығымен тарихта мәңгі өмір сүреді. Олардың тудырған рухани құндылықтарынан біз мәңгіліктің қоңыр лебін сезінгендей боламыз.

Енді миллиондаған қарапайым адамдардың тағдырына келер болсақ, олардың өлместігі - өз өмір шеңберіндегі жасаған басқа адамдарға деген жақсылығымен байланысты болса керек. Өйткені, ол олардың есінде қалады. Ол дене ретінде көз алдымызда жоқ болса да, рух ретінде – бізбен бірге өмір сүріп қала береді. Ұлы Конфуцзы айтқандай, жақсы адам халықтың сый-сияпатына ие болса, жаман адам ит сияқты бір шұңқырда ұмыт болып қалады.

Десек те, әрине, қазіргі адам мұндай көзқараспен келіскісі келмейді, ол шынайы өлместікті армандап, барлық үмітін ғылымға артады. Әсіресе, тез қарқынмен дамып келе жатқан гендік инженерия саласы болашақта адам өмірін бейнақтылы ұзарта беруге болатынын айтады. Алайда, біздің ойымызша, ол – жалған жол болса керек. Әрине, гендік инженерияның жетістіктеріне сүйене отырып тұқым қуатын аурулармен күрессек - ол жақсы. Ал адамның өмірін гендік жолмен ұзартуға бағытталған зерттеулер қандай салдарларға әкелуі мүмкін – оны ешкім бүгінгі таңда білмейді. Кейбір ғалымдардың айтуына қарағанда, оның теріс салдары – ядролық бомбаны ойлап шығарғаннан да жаман болуы мүмкін. Екінші жағынан, адам Дүниедегі ең теңдесі жоқ биік құндылық болғаннан кейін оның өмірі мен денесіне жасанды тәжірибелер жасау - қылмыс болар еді (адам көлбақа емес қой).

Мәселенің ғылыми емес, моральдық жағына келер болсақ, бірде-бір жер бетінде өзі тудырған қауып-қатерді адамзат әлі шешкен жоқ. Жеке адамның өмірін ұзартпақ түгіл, бүкіл адамзаттың құрып кету мүмкіндігі (ядролық соғыс, я болмаса экологиялық апат) осы уақытқа дейін күн тәртібінен шығарылған жоқ. Осы адамға шынайы өлместіктің керегі қанша, егер ол күнбе-күн соғыс-қақтығыстарда бір-бірін осы уақытқа дейін өлтіріп жатса?,- деген заңды сұрақ дереу ойға келеді.

Қорыта келе, шынайы өлместік бүкіл миллиардтаған жылдар бойы қалыптасқан іргетасты табиғат заңдылықтарына қайшы келеді,- дер едік. Әңгіме бізге берілген теңдесі жоқ сый - өмірді – бақытты мүмкіндіктерді іске асыруға, өз өмір шеңберінде үлкен маңызды істерді жасап өз ізінді қалдыруда болса керек. Оларды өлім жоя алмайды.

8. Адам - халықтың рухани тірегі – 1 с.

Адамның әлемдегі түбірі(шығу тегі) , әлем мен болмыстың түпнегізімен байланысы әрбір мәдениетте өзінше түсіндіріледі. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде «адам –жер-

әлем» қатынасы арқылы адамның әлемге, табиғатқа, өмірге деген қатынасының ерекшелігі ашып көрсетілді, яғни олар рухани өмірдің өзегі ретінде түсіндірілді. Қазақтардың жерге деген қатынасының негізінде жерді өздерінің өмірлік болмыстарын айқындаушы ретінде қасиет тұту жатыр. Қазақтар дүниетанымында «туған жермен» тамырластықты, туыстықты сезіну ана жатырынан, ана жүрегіннің түбінен басталады. Осы құнды- рухани байланысты сәби дүниеге келгенге дейін беру үшін, яғни ана жатырындағы сәбидің жермен басты қатынасын қалыптастыру үшін арнайы салт- дәстүрлер жасалынады. Осындай ежелгі және құпия салттардың бірі – жас ананы жылқы сүтінің көбігімен сусындату болып табылды. Жылқының таңғы сауыны кезінде сүттің бетінде пайда болған қар сияқты көгілдір көбікті үлкен әйелдер, ана жатырындағы сәби соның дәмі арқылы жер мен әлемнің таң шуағындағы (таңғы) иісін сезінсін деген ниетпен жас анаға ішкізеді. Кешкі сауын кезінде сүттің бетіне аппақ-мөлдір (матово- сияющая) қалың көбік көтеріледі, болашақ дүние есігін ашатын нәрестеге бүкіл әлем мен жердің күндізгі, жанға жайлы жылы да таза ауасын жеткізу мақсатында болашақ ананы осы көбікпен сусындатады. Осы салтты орындау барысында дәл осы сәттегі жер бетінің сұлулығы туралы тақпаққа ұқсас әуенді жырлар үздіксіз айтылды. Оның мәні сәбиге болашақта есігін ашатын әлем – оның туған жері екендігін білдіру, туған жердің жарығы мен жылуын, иісін сезіндіру болды.

Осы ежелгі салттың бізге белгілі жақтарымен бірге, құпиялары да көп: әуелі, көбікті жас әйелдердің өзін- өзі жақсы сезінулері үшін пайдаланған. Ал косметикалық мақсатта бетке түсетін әртүрлі дақтардан сақтану үшін қолданып отырған.

Салттың келесі бір құпия мағынасы болашақ дүние есігін ашатын сәбиге туған жерінің жұпар иісін, жылуы мен жарығын , сұлулығын жеткізу болды. Осы жермен таныстыру рәсімі бала дүниеге келгенше үздіксіз жалғастырылып отырды.

Белгілі бір уақыт болғанда жусан шөбінің тұнбасымен денені және ауызды шаю салты орындалған себебі, жүктілік кезінде әйелдің терісі ерекше қабылдау қасиетіне ие болатындықтан, сол арқылы ана жатырындағы сәби өзіне берілген жердің иісін терең сезінеді, сол сәттен бастап оны туған жерімен мәңгілікке байланыстырып жатқан рухани кіндігі пайда болады.

Аталған жусан иісі, жарыққа толы күн мен жұлдыздар, күндер мен түндер, өзіне арналған әндер әуеніндегі туған жерге деген сүйіспеншілік ана жатырындағы сәби сезіміне тереңдеп еніп, айналдыра қоршап, ең алғашқы жөргегіне айналады және қаны мен ұрығына таралады.

Қазақтың дәстүрлі геронтологиясы бойынша сәбидің жарық дүние есігін ашу сәті- ол үшін басқа, жаңа әлемге келу сәті өте қиын да жауапты кезең. Сондықтан, сәби дүниеге келгенге дейін жасалған салт- дәстүрлер оған серік болып, осынау сәтті жеңіл өткізуіне септігін тигізеді: туылған соң, ол бұрын да ана жатырында сезінген иісті «таниды» және қабылдайды , ары қарайғы сәби өмірінің негізгі арқауы да осы «танисудан» негіз алады. Сәби дүниеге келгеннен кейін де жермен, әлеммен рухани сусындатуға негізделген әртүрлі салт- дәстүрлер жасалады.

Осы туған жермен тамырластықты, ажырамастықты сезіну өсе келе адамның жан- дүниесін жайландырып, бүкіл өмірінің рухани константасын (тұрақтылығын) қалыптастырады, осы сезім бірте- бірте сол адамның "органикалық" бөлігіне айналады. Адамның туған жерге деген қатынасынан туындаған осындай шабытқа толы ішкі жан-дүние сезімін қайта бағалау мүмкін емес. Осы сезім адам жанының тереңде, жасырын жатқан тонусын көтеріп, әрбір адамның өмірін шабыттандырады, сондықтан да адамға сыйланған өмір және сол өмірдің адамға бергені осы жандүние негізінде қабылданады. Жерге деген осы баға жетпес қатынас өмір философиясында көрінеді, атап айтсақ көшпелілік өмір болмысының қатал жағдайындағы малшылардың күнделікті еңбегіне қажетті рух түрінде және өз кеңістігін ұдайы қорғауынан көрініс тапты. Егер осы өзара қатынасты тұтастай алып қарасақ, онда жердің рухын сезіну, оған тереңдеп ену, жердің "тілін" түсіну Жаратушы сияқты адамның жерлік болмысында да бір қасиет, құдірет бар екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Өзара тамырластықтың, ажырамастықтың рухани формуласы қазақтың дәстүрлі музыкасында, күйлерде жан- жақты қамтылған. Халық рухының қазынасы дәстүрлі музыкада жататыны бәрімізге белгілі. Ол адамның ішкі рухани әлемінің терең де тұрақты көңіл-күйін білдіреді. Жер мен адам өзара байланысының құпиясы, әрбір адам тағдырының жермен байланысы, онсыз адам әлемнің де, өзінің де мәніне терең бойлай алмайтыны қазақтың дәстүрлі музыкасында

(күйлерде) шебер берілген. Қазақ музыкасының осындай сапалы мағынасын әрқилы тағдырлармен қазақ даласында болғандардың барлығы ерекше атап көрсетеді. Солардың бірі А.И.Левшиннің пікіріне тоқталсақ, қазақтар өз жерлерін жауынгерлікпен, ерлікпен қорғап қана қоймай, өз жерлерінің барлық кеңістігін музыкаларымен қамтып игеріп отырды. Қазақтар қай жерде жүрсе де, өз күйлерін тыңдағанда, сол күйдің шексіз ырғағында туған жерінің барлық бұрышын сезініп, оған рухани шолу жасап шығады. Осы туған жерді тұтастай сезіну, қабылдау қабілеті көшпелі өмірдің рухани-практикалық тәжірибесінен, жерді ортаққа пайдалану тәсілінен, жердің әрбір сүйемін қастерлеуден туындады. Қазақ музыкасының ерекшелігін Қазақ радиосында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен радиожурналист, көптеген әдеби-музыкалық бағдарламалардың авторы И. Бобряшов атап өтеді. Кезекті бағдарламаға музыка таңдау кезінде ол бізге күйлер каталогын нұсқап: "Мұндай туынды ешкімде жоқ" - деді.

Бұл жерде атап өтетін нәрсе, бастапқыда күйлер циклдардан құралды, әрбір цикл 62 күйден тұрды (адамның рухани жан-дүниесіне, эмоционалды, психологиялық жағдайларына едәуір ықпал ететін ең ірі қантамырларының санынан тұрды, осы 62 тамырдың әрқайсысына күй арналды) және олар дәл осылай аталды: "62 тармақты ақжелең", "62 қосбасар" т.с.с. Осы 62 күй адам жаны мен тәнінің, рухының терең сырын, оның әлеммен қатынасының әр қырын бейнелей алды. Сондай-ақ 62 күй әр түрлі жағдайларға: кездесулер мен қоштасуларға, соғыс пен жеңіске, мерекелерге байланысты орындалды. Бірақ, осы күйлердің басталуы еш өзгеріссіз сақталды, ол жерге алғыс айту, ризашылық сезімін білдіру еді. Осы себептен күйдің туындауына арқау болып отырған оқиға терең мағынаға ие болды. Күйдің осы сапалық мазмұны күнделікті күйбең тіршіліктің шеңберінен шығуға мүмкіндік береді. Осындай ішкі рухани биіктікте "болу" күнделікті шынайылық көкжиегін кеңейтіп, адамға Жер мен Жарық Дүние кеңістігін тұтастай қамтуға жол ашады.

Әуен ғана адамның рухани жетістіктерін терең де жан-жақты бейнелейтіні белгілі. Дәстүрлі әуен бастапқыда, адам жанының туған жерімен байланыста дамығанын, ал оның ақыл-ойы мен санасын, өнегелілік бастамасын осы негізде аялап өсіргенін, сол себепті де болмысты сезіну-түйсіну дәстүрлі қазақтық сананың константасы болғанын, сондықтан да, осы қатынастар шексіз берілу қатынасына ұласты. Шексіз берілу феноменінің өзегібіреуінің бірінсіз жоқ екенін сезінуден туындайды.

Туған жермен қарым-қатынастың рухани- практикалық тәжірибесін терең сезіну бастапқы табиғи нақтылық түрінде, яғни жер мен ел- егіз, - деген концептуалды және бейнелі формада берілген.

Жермен рухани жақындық әлемді, өмірді ерекше түйсінуді, сезінуді, мінез-қылықтың ерекше қырларын қалыптастырды. Мұны халық мінез-қылығындағы көнтерлілік, төзімділік, мейірімділік сияқты қасиеттерден көреміз.

Шығыста өмірдің мәні мен мағынасына тереңдеп енудің, Жаратылыстың құпияларын түсінудің басты мүмкіндігі данышпандық болып табылады. Өзін жердің егізі ретінде жете түсінген адам, тіршілік пен болмыстың да мәніне жетудің тәсілдерін тапты. Ол әрбір күнді терең бағалауынан көрінді. Бұл жердегі қазақтардың данышпандығы - әрбір күнді өмірдің «өзегі» ретінде қабылдауы. Күнделікті өмір, күндер, әдетте, бірсарындылығымен, еш оқиғасыз, бірыңғайлығымен ерекшеленеді. Батыс мәдениетінде олар тектен текке жабырқаңқы, жалықтырғыш, зеріктіргіш, сұр деп сипатталмайды. Ал жай күндерге осындай мағына беру жанның, рухтың ерен еңбегі екенін атап өту керек.

Мұнда күнделікті өмір барысы «туған жермен» тұтастықтағы баға жетпес игілік ретінде іштей шабытқа толы. Осы әркім өмірінің ішкі жаратылысы, осы өмір шығармашылығы қатал көшпелі тұрмыс пен болмыс жағдайында баға жетпес болып табылды. Күнделікті өмірге терең мән беру, оған тереңдеп ену – бұл қазақтар үшін өзіндік ақиқат және өмірінің басты ережесі болды. Жермен өзара бірлікте болу рухани және сезімдік тірек ретінде өмірді жаратты, осы бірлік мәдениеттің барлық формаларында өз бейнесін тапты.

Ел мен жердің «егіздей» жойылмас бірлігі ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа: «Қазақ елі көсіле шабар жерімен біртұтас» - деген өсиет түрінде жетіп отырды. Осындай рухани - өнегелі сенім адамның бүкіл өмірінде талап етіліп отырды. Осы қажеттілік туған жер үшін құрбан болу феноменінен көрінді. Адам күн мен түн ат үстінде дамыл таппай өз жерінің кеңістігін күзетті- туған

жер үшін жанын беріп қызмет етті. Бұл аспектіде табиғатқа деген қатынас көңіл аударуды талап етеді, ол қазіргі экологиялық, табиғатты тек өмір сүру ортасы, күш салу объектісі, жаттанған, бір сыртқы нәрсе ретінде қарайтын көзқарастан түбегейлі ерекшеленеді. Қазақтың дәстүрлі экологиясындағы негізгі идея адам мен табиғаттың бастапқы бірлігін негізгі мән ретінде қабылдау, осыдан барып жер- бұл отан деген органикалық пайымдау келіп шығады, қарым-қатынастың үзілмес, керісінше, жылдан жылға тереңдеп, байып отыратын өнегелілік негізі туындайды: жер адамды бүкіл ғаламмен байланыстырып тұр, сондықтан да Доспамбет жырау: "күңіреніп күн түбіне жортамын" деп жырлайды. Бұл жерде дәстүрлі экологияның терең этикалығы көрінеді.

СЕМИНАР ЖӘНЕ МӨЖ КЕСТЕСІ

Апт а	«Мәдени антропологиядағы зерттеу әдіснамасы», 2 кредит		
	Тақырыптың аталуы	Сағ ат.	МӨЖ тапсырмалары
I тақырыптық жүйе Әлеуметтік-антропологиялық зерттеулердің әдіснамасы және әдістері			
1, 2	Семинар 1, 2 Ғылыми әдіснама түсінігі. Мәдени антропологияның ортақ ғылыми әдістері	4	
	Сапалық әдіснаманың теоретикалық негіздері және қалыптасу тарихы.	2	
3, 4	Семинар 3, 4 Әлеуметтік-антропологиялық зерттеу әдістерінің және әдіснамаларының құрылымы.	4	Мәдени антропологияның ортақ ыңғайларының мазмұны мен басты бейнесін ашып көрсету. Әлеуметтік-антропологиялық зерттеудің ортақ және нақты-ғылыми әдіснамасын салыстырмалы мінездеме беру.
	Мәдени антропологияның объектісі және пәні: зерттеу әдіснамасын таңдау мәселесі.	2	
5	Семинар 5 Мәдениетті зерттеуге эволюциялық және салыстырмалы-тарихи ыңғайлар	2	
	Әдіс, категория, пән, объект бойынша пәнге шек қою.	1	
6	Семинар 6 Мәдени антропологиядағы психологиялық ыңғай.	2	
	Мәдениетті психологиялық оқудың қазіргі әдіснамасы.	1	
7, 8	Семинар 7, 8 Мәдениеттің функционалды талдауы.	4	Нақты әлеуметтік-антропологиялық зерттеудің таңдау құрылымының ережесін мысалда көрсетіңіз. Далалық зерттеудің нақты әдістерін салыстырмалы сипаттама беріңіз.
	Қазіргі функционализм және постфункционализм және олардың әдіснамалық мүмкіндіктері.	2	

АБ 1			
II тақырыптық жүйе			
Мәдениеттанулық зерттеу тәсілдерінің басты мінездемесі.			
9, 10	Семинар 9, 10. Мәдени антропологиядағы құрылымдық сараптама.	4	
	Құрылымдық сараптаманың әдістері және процедуралары.	2	
11	Семинар 11. Мәдениетті зерттеудегі символикалық және интерпретативты ыңғай.	2	
	Интерпретативты ыңғай антропологиялық дәстүр және герменевтика идеясы, тіл философиясының синтезі ретінде.	1	
12	Семинар 12. Далалық зерттеуде бағдарламалаудың ұйымдастырылуы және тәсілі.	2	Адамзаттың мәдени эволюциясының бірсызықты және көпсызықтығына дәлел келтіріңіз. Өзіңіздің тұжырымдамаңызды нақтылаңыз.
	Ғылыми зерттеудің ұйымдастырылуының принциптері мен ережелері. Антропологиядағы далалық зерттеулердің түрлері.	1	Әлеуметтік-антропологиялық зерттеуді нақты-ғылыми және ортақ әдіснамасын салыстырмалы сипаттама беру.
13	Семинар 13. Ақпаратты жинаудағы негізгі тәсілдер.	2	
	Алғашқы ақпаратты жинақтау тәсілінің ортақ мінездемесі.	1	
14, 15	Семинар 14, 15. Сараптаманың әдісі және мәліметтерді интерпретациялау.	4	Этномәдениеттік зерттеудегі сұрау қағазының құрастырылу логикасын айтып беріңіз.
	эмпирикалық материалдың теоретикалық жалпылау моделін өңдеу.	2	Этникалық қақтығыстың фазаларын бейнеле беріңіз. Сіз қайсысын зерттедіңіз және басыңыздан өткердіңіз?
АБ 2			

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. XXI ғасыр табалдырығында. – Астана, 2016
2. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры. – Астана, АКОРДА, 2018 / <http://www.akorda.kz/ru>
 1. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы // «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Т.1-10. – Алматы, 2005-2009
 2. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы // «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Т.1. – Астана, 2005
 3. Қазақ этикасы және эстетикасы // «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Т.12. – Астана, 2007
 4. Қазақтың тарих философиясы // «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.

Т.6. – Астана, 2006

5. Философиялық антропология және мәдениет философиясы // «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Т.19. – Астана, 2006

6. Қазіргі түркі философиясы // «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Т.20. – Алматы, 2009

1. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата, 1972.
2. Баласагуни Ю. Благодатное знание / пер. С.Н. Иванова. – М., 1983.
3. Бейсенова Г.А. Проблемы образовательного знания в диспозитиве культуры. – Алматы: Искандер, 2005.
5. Барнард Алан. «Антропология тарихы мен теориясы»/пер. на каз.яз. Аударған Ж. Жұмашева. . – Алматы., 2018.
6. 6.1. Алан Бэрнард. Антропологияның теориясы мен тарихы. Видеокурс. 25 дәріс. 2018 ж Дайындаған Ғабитов Т.Х. <https://openu.kz/kz/courses/antropologiya-tarihy-men-teoriyasu>; 6.2. Алан Бэрнард. История и теория антропологии. Видеокурс. 25 лекции. Подг. Масалимова А.Р. 6.3. Лотман Ю. Семiosфера. Видеокурс. 25 дәріс. Дайындаған Жолдубаева А.Қ. <https://openu.kz/ru/courses/semiosfera>).
7. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: Мультимедиялық оқулық. – Алматы: Эверо, 2018.
8. Ғабитов Т.Х. История казахской культуры. – Алматы: Эверо, 2018
9. Ғабитов Т.Х., Абдигалиева Г.К., Исагамбетова З.Н. Философия культуры: Учебник для студентов вузов и колледжей. – Алматы: Эверо, 2013
10. Ғабитов Т.Х., Мүтәлипов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану: Оқулық. – Алматы: Лантар Трейд, 2019
11. Ғабитов Т.Х., Муталипов Ж., Кулсариева А. Культурология: Учебник. – Алматы: Лантар Трейд, 2019.
12. Tursun Gabitov. Kazakh Culture Challenges. – Алматы: Эверо, 2018.
13. Ғабитов Т.Х., Құлсариева А. Мәдени-философиялық энциклопедия – Алматы: Лантар Трейд, 2018
14. Жолдубаева А.К. Культурология: практикум. - Алматы: КазНУ им.аль-Фараби, 2014.
15. Каиржанова А. Palaeoturcica. Мир древних тюрков. – Алматы, 1999.
16. Карабаева А.Г. Эпистемологические этюды. – Монография. - А., Қазақ университеті, 2016.
17. Кондыбаев С. Введение в казахскую мифологию. – Алматы. 1999.
18. Қазақстан руханияты мен мәдени ескерткіштерінің энциклопедиясы. – Алматы, 2018
19. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М-Л, 1951.
20. Маргулан А. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1979.
21. Масалимова А.Р. Культура и цивилизация. – А., 2005.
22. Молдабеков Ж.Ж. Казактану. - Алматы, 2015.
23. Молтобарова К.И. Мәдениеттану. - А, 2018.
24. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология. - Алматы, 2011.
25. Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. – Алматы, 2012.
26. Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. –Алматы: Ценные бумаги. –2001. –228 б.
27. Сарсенбаева З.Н. Этнос и ценности. – 2-е изд. перераб. и доп. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОНРК, 2018.
28. Старр С.Ф. Утраченное Просвещение: Золотой век Центральной Азии от арабского завоевания до времен Тамерлана. – М.: Альпина Паблицер, 2017.
30. Акишев К.А. Искусство и мифология саков. - А., 1984.

31. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы, 1998.
32. Барманкулов М. Хрустальные мечты тюрков о квадронации. – Алмат, 1998.
33. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Средняя Азия и Восточный Туркестан. – Алматы, 1997.
34. Геродот История. В 9 кн. Кн.4. – М., 1999.
35. Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии: Эпоха и цивилизации. - М., 1993.
36. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 2008.
37. Касымжанов А.Х. Стелы Кошо-Цайдама. – А.: ТОО «Компания Printing Systems», 1998.
38. Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. - А., 2001.
39. Кастельс М. Галактика. Интернет. – Екатеринбург: У-Фактория, 2004.
40. Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. – СПб, 2006.
41. Кляшторный С.Г. Древние рунические надписи. – М., 1964.
42. Маклюэн Г.М. Галактика Гутенберга. Становление человека читающего. – М.: Академический проект, 2005.
43. Melikoff I. Ahmad Yesevi and Turkic Popular Islam, Electronic Journal of Oriental Studies - 2003. №6, № 8.
44. Молдабеков Ж.Ж. Интеллектуальная нация. Стратегический курс и культурно-национальные факторы становления. – А.: КазНУ им. аль-Фараби, 2015.
45. Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. - Алма-Ата, 1994.
46. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. // Геополитика: Антология, - М., 2006.
47. Шваб Клаус Мартин «Төртінші индустриалық революция» / пер на каз.яз. – А., 2017
48. Антология исследований культуры. Т. 1. Интерпретация культуры. СПб., 1997.
49. Антропология насилия / Под ред. В.В. Бочарова, В.А. Тишкова. СПб., 2001.
50. Байбурин А.К., Топорков А.Л. У истоков этикета. Л. 1990.
51. Бочаров В.В. Антропология возраста. СПб., 2000.
52. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. М., 1983.
53. Информационное обеспечение культурно-антропологических исследований в США. М., 2010.
54. Основы научных исследований. Учеб. Пособие. М., 1989.
55. Берка К. Измерения: понятия, теории, проблемы. М., 1987.
56. Пископель А.А. Научная концепция: структура и генезис. М., 1999.
57. Пэнто Р., Гравитц М. Методы социальных наук. М., 1972.

МӨЖ / МОӨЖ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР.

1. Эссе тақырыптары:

- Ғылыми зерттеудің әдіснамасы дегеніміз не? Әдіснама, логика, әдіс және зерттеу тәсілі бір-бірімен қалай байланысады;
- Әлеуметтік мәдениеттік құбылыстарды зерттеудегі антропологиялық ыңғайлардың құрылымы неде? Әлеуметтік шындықты антропологиялық көрудегі ерекшеліктерді көрсетіңіз.
- Әлеуметтік-антропологиялық зерттеулердің нақты-ғылыми және ортақ әдіснамасына салыстырмалы мінездеме беріңіз.
- Тұтас антропологиялық әдіске өз түсінігіңізді беріңіз;

- Мәдени антропологияның ортақ ыңғайларының басты бейнесін және мазмұнын ашыңыз;
- Әлеуметтік-антропологиялық зерттеу бағдарламасының мәні неде?
- Антропологиялық зерттеулердің өлшеу және кодтау процестері қалай өтеді;
- Нақты әлеуметтік-антропологиялық зерттеудің сұрыптауының қалыптасуын мысалдарда көрсетіңіз;

- Далалық зерттеудің нақты әдістеріне салыстырмалы мінездеме беріңіз;

2. рефераттардың тақырыбы:

- Әлеуметтік-антропологиялық зерттеулердің әдіснамасы: түсінік, құрылым және ұйымдастырылу деңгейі;
- Мәдени антропологияның әдіснамалық принциптері және нақты зерттеулерде оларды қолданудың шегі.
- Мәдени антропологиядағы арнайы әдіснамалық ыңғайдың танымдық мүмкіндіктері және негізгі мазмұны (таңдау бойынша);
- Әлеуметтік-антропологиялық зерттеуге әдіснамалық талап;
- Далалық зерттеудің құрылымы және сатылары (әдіснамалық сараптама);
- Далалық зерттеудің бағдарламасы: түсінік, құрылым және әдіснамалық талап.

3. тақырыптарға презентация дайындау:

- Әлеуметтік-антропологиялық зерттеулердің (таңдау бойынша) нақты-ғылыми әдістерін қолдану жолдары және ерекшеліктері;
- Әлеуметтік-антропологиялық зерттеулердің қорытындылары бойынша ғылыми есептің дайындалу және жариялану ерекшеліктері;
- Қолданбалы әлеуметтік-антропологиялық зерттеу: әдістерді қолданудың логикасы және құрылымы.
- әлеуметтік инженерияның пәні, міндеті және функциясы;
- Социоинженерлік әрекеттің нақты әдістері (таңдау бойынша).

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Адамның басқа тіршіліктен негізгі айырмашылығы неде?
2. Адамның дүниеге келуі жөнінде қандай гипотезалар бар?
3. Адамның биологиялық дене ретіндегі құрылымы қандай?
4. Адамның әлеуметтік мәнін сипаттаңыз;
5. Адам жөніндегі қандай ілімді “әлеуметтік редукционизмге” жатқызуға болады?
6. Адамның әлеуметтік ауытқу жолына түсуінің себептері қандай?
7. Адам шығармашылығын қалай түсінесіз?
8. Адамның жан-жақты дамуы дегеніміз не?
9. Адамның өлместігі неде?
10. Адам тұлғаға қалай айналады? Ұлы адам дегеніміз кім?

ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ.

Жоғарғы оқу орнының оқу жоспарына сәйкес, әрбір студент этика пәні бойынша бірнеше өзіндік жұмыстарды жазып өткізуі керек. Өзіндік жұмыстарға арналған тақырыптар екі бөлімде топтастырылған, себебі жұмыстардың әрқайсысы әр бөлімдегі тақырыптар тізімінен таңдап алынып, бірін-бірі қайталамауы керек. Тақырыптар саны жеткілікті мөлшерде құрастырылған, сондықтан да бір топтағы екі тр бір тақырып бойынша жұмыс орындауына болмайды. Әрбір бөлімдегі тақырыптар теориялық немесе тарихи кезеңдерді қамтитындықтан тиісті деген әдебиеттердің тізімімен қамтамасыз етілген, дегенмен, соңғы уақыттарда баспадан шыққан жаңа кітаптар тақырыпты ашуға көмектессе, тізімде көрсетілмеген әдебиеттерді де пайдалануға болады.

Студент тиісті кеңестер алуы қажет:

1. Таңдап алынған тақырыпты оқытушымен келісу, себебі көрсетілген тақырыптар шеңберінен шығуға студент мәжбүр болса жетекшімен ақылдасуы қажет.
2. Керек болған жағдайда ғылыми әдебиеттер, мақалалар туралы кеңес алу.
3. Өзіндік жұмыстардың жоспарын бекіту.
4. Жұмысты жазу және талапқа сай формада көркемдеу.
5. Түсінбеген мәселелер, сұрақтар жайында мағлұмат алу.
6. Өзіндік жұмыстарды белгіленген мерзімдерде тексеруге беру.
7. Ұстаз тарапынан жасалынған ескертулер мен түзетулерді толықтырып, жұмысты көрсетілген уақытта тапсыру.

Өзіндік жұмыстардың мазмұны мен формасына мынандай талаптар қойылады:

Жұмыс жоспары екі немесе төрт бөлімшіден артық-кем болмауы керек, ерекше бір жағдайда ғана бес бөлімше болуы мүмкін. Жұмыстың мазмұны, әртүрлі монографиялар мен ғылыми мақалаларды оқып-талдаудың нәтижесінде құрылуы керек. Аяқталған өзіндік жұмыстардың мынандай көрсеткіштері болуы қажет: біріншіден, студент зерттеп отырған тақырыбының мәнін, теориясы мен тарихын терең танып-білгендігін көрсету; екіншіден, автор мәдени құбылыстарды талдай отырып, оларды әртүрлі ғалымдар мен ғылыми ағымдар көзқарасы тұрғысынан түсініп, бағалай білу; үшіншіден зерттеп отырған мәдени құбылыстың өзектілігін, оның тарихтағы орны мен қазіргі заманғы маңызын ашып дәлелдеу.

Өзіндік жұмыстарда осы мәселеге қатысы бар деген пікірлер мен концепцияларды атап көрсетіп, олардың авторлары мен жазған еңбектерінің атын атап, текстте келтірілген сілтемелер болса нөмірлеп белгілеп қою қажет. Бір мәселе бойынша көп түрлі пікір қалыптасқан болса, оларды салыстыра отырып, автор өзінің түсінігіне сәйкес келетін біреуін негізге алуға тиіс. Ғылыми жұмыстың құндылығы да, студенттің жеке өзінің пікірінің қалыптасуы және соны айғақты түрде дәлелдей алуымен бағаланады. Мәселенің мәнін ашатын жақтарына назар аудара білу, фактілер мен уәждер арқылы тұжырым жасай алатындығы, жұмыстың деңгейін көтере түседі. Жұмыстың мазмұны логикалық тұрғыдан дұрыс және жасалған жоспарға сәйкес болуы шарт. Жұмыстың құрылымы кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде, автор, осы семестрлік жұмыстың мақсаты мен мұратын, тақырыптың өзектілігін атап өтіп, осы мәселеге қатысты әдебиеттерге қысқаша шолу жасайды. Қорытынды бөлімде негізгі тұжырымдар айтылады және солардың нәтижесі ретінде түйіндеме жасалып, семестрлік жұмыс аяқталады. Жұмыстың сыртқы формасына келсек, оның көлемі 8 - 10 компьютерлік қағаз беті шамасынан кем болмауы керек, кіріспе, қорытынды және сыртқы бетін қоспағанда. Жұмыстың әрбір бетінде орын қалдырылып, тараулардың аттары жазылып, сілтемелер бет соңында көрсетілуі қажет. Жұмыстың сыртқы беті ғана машинкада немесе компьютерде теріліп, негізгі мазмұны көрнекті және түсінікті жазумен, таза және түзетулерсіз қолмен жазылған болуы керек.

- **Білім мен құзыретті бақылау формалары:**
- Бақылау жұмыстары: семестрде 10 жұмыс (*кредиттердің саны бойынша – 1 кредитке 1 жұмыс есебінен*).
- СӨЖ: *жеке және топтық тапсырмалар СӨЖ ұйымдастыру технологиясына байланысты (реферат, презентация, эссе, жобаны қорғау, аналитикалық шолу және т.б. тапсырмалар жобалық-зерттеу сипатында)*.
- АБ: 2
- Аралық бақылау: емтихан емтихан сессиясы кезінде.
-

- Аралық бақылау пәннің мазмұнына кіретін теориялық және практикалық сұрақтар бойынша жүргізіледі (7, 8 апта).
- Модульдің пәндері бойынша кеңесті оқытушының кеңсе-сағаты (СОӨЖ) уақытында алуға болады.

ГЛОССАРИЙ

АВАНГАРДИЗМ, авангардшылдық (франц.— алғы шептегілер) — қалыптасқан қағидалар мен дәстүрден, өмір бірқалыптылығынан алшақтай отырып, көркем мәдениетті жаңғыртпақ болған мәдени ағым А. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. 60—70 жылдарында өрістеді. Ол *модернизмнің* тым әсер-ленген бағыты ретінде қалыптасты. А.-нің басты мәнісі—мәде-ни мирасқорлықтың маңызын кемітіп, «меңгі құндылықтар» деген ұғымды қайта қарау. А.-нің пайда болуына философияда постклассикалық ағымның (Шопенгауэр, Ницше, Бергсон, Хайдеггер, Сартр т.б.) ықпал етуі; психологияда — фрейдизм мен психоанализдің қалыптасуы, лингвистиканың мәдениеттанулық деңгейде көрінуі; еуропаорталықтық принциптен бас тартып, шығыстық мәдениеттерге, дінге назар аудару; теософия, антро-пософия жаңа эзотериялық ілімдердің жандануы үлкен әсерін тигізді. А. ұғым-терминін өнертануда алғашқы рет қолданысқа енгізген француз көркем өнер сыншысы Т. Дюре болды. А. өкілдері өнерді өмірден айырып қарап, оның әлеум. маңызын жоққа шығарды, өнердің ерекше эстет. табиғатын әсіреледі. Реализмді теріске шығарғандардың барлығы өздерін «авангард-шылар» қатарындамыз деп есептеді: тарихи-мәдени маңызды-лығы бойынша А.-нің екі бағытын айыруға болады: ғаламдық және шағын аумақты. Соңғылары өздерінің жеке ізденістері мен тәжірибелері арқылы жалпы А.-нің ықпалын күшейтті. А. өнердің әр саласында өзінше көрініс тапты: театрда реалистік декорация абстракті конструкциямен алмастырылды, қойылым-ның шарттылығына, еркіндігіне ерекше назар аударды (Б. Брехт, В. Мейрхольд, Е. Вахтанговт.б.); әдебиетте (А. Бехер, П. Элюар, М. Пруст, Ф. Кафка, Э. Ионеско т.б.) жаңа рәміздік-шартты-лық тәсілдер кеңінен қолданылды; бейнелеу өнерінде (П. Пикассо, М. Шагал, С. Дали, Маттисс т.б.) абстракшыл-дықтың, дадаизмнің, сюрриализмнің, конструктивизмнің т.б. тәсілдері алдыңғы қатарға шықты; музыкада, әсіресе, таспаға жазып алу және электронды синтезатордың пайда болуы, оны XX ғ. ырғақтарына сөйкестендірді; сәулет өнеріндегі А. стиліндегі ғимараттар адамзат қиялының нәтижесі ретінде керініс тапты. Ғасыр басында А. бағыты қаншама әділ сынға ұшырағанымен, өзінің мәдени құндылығын жоғалтпады.

АВТОКОММУНИКАЦИЯ — өзіндік қарым-қатынас. Ю.М. Лотманның семиотикалық мәдениеттануы шеңберінде қарастырылған ұғым. Коммуникацияда қарым-қатынас Мен-Басқа арнасында жүзеге асады. А.-да бұл байланыс Мен-Мен түрғысында жүреді. Бұл процестегі ең басты ерекшелік — Мен-нен Менге ауысқан ақпараттық уақыт бойынша үзілмейтіндігінде (яғни, ол жадыда түйінделіп сақталмайды). Өзіне бағытталған белгілі ақпаратты хабарлау коммуникацияның тылсымдық деңгейінің жоғарылауы нәтижесінде айқындалады. Мыс, белгілі бір ақын өзінің журналда жарияланған өлеңін оқып түр дейік. Мәтін мәдени таңбалар жүйесіне ауысқандықтан, оның мағы-насы мен маңыздылығы қосымша құндылықтарға ие болады. Мен-Мен жүйесінде ақпараттың иегері сол күйінде қалады, ал хабар коммуникация процесінде жаңа мағынаға ие болады. Мен-Мен арнасындағы ақпараттың сапалы өзгеруінің нәтижесінде Мәннің өзіндік санасы күрделі

трансформацияларды басынан өткізеді. Ақпаратты өзіне беру процесінде адресат өзінің ішкі мәнін түбегейлі өзгертеді, өйткені тұлға мәнін ондағы қарым-қатынасқа түсуге арналған ақпараттардың түйіні мен шешім кілті деп қарастыруға болады. Ал бұл жинақтық А. процесінде өзгеріп кетеді. Автор мәтінді ғана емес, А. кезінде мәтін автордың ішкі дүниесінде терең құбылыстар туғызды. А.-да ақпа-паттың ұлғаюы, оның құбылуы және қайтадан тұжырымдалуы көрініс береді. Бұл жерде жаңа хабарлар емес, жаңа кодтар енгізіледі және хабар беруші мен оны қабылдаушы тұтасып кетеді. А. процесінде тұлғаның өзі қайтадан жаңғырады. Бұл адам үшін мәнді өзінің жеке болмыстық бітімін аңғарудан өзін тану мен аутопсихотерапияға дейінгі мәдени қызметтері шеңберін арттырады.

АГОН, агонистика (грек.— күреске да-йын) — ежелгі грек болмысы мен мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі, қоғамдық құрмет пен абыройды әперетін ең жақсы жетістіктерге жетуге бағытталған жеке тұлғалардың, топтардың, полистердің өзара жарысу принципін білдіретін ұғым. Жарысу рухын гректер күнделікті өмірге енгізуге ұмтылған, бұл принцип, өсіресе, спорт ойындарында айқын көрінген (олимп-пиялық, истмийлік, немейлік т.б. ойындар). Ежелгі гректер үшін төндік сұлулық пен рухани үйлесімдік мәдениеттіліктің басты шарты ретінде танылған. А.-ның кейбір белгілері еуропалық мәдениеттің түпнегіздерінде кездеседі. Олар — тұлға күқықта-ры мен абыройлығы «фаустық шығарм. әрі белсенді бастама, еркін бәсекелестік. А. қасиеттерін кебірек сақтаған ғылымды, өнерді, философияны, спортты жоғары бағалау аса маңызды. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі. А. элементтеріне сез енеріндегі бәсекелестік, айтыс, еркіндікті жоғары бағалау, тұрмыстық ойын салттары, билер соты т.б. жатады.

АМБИВАЛЕНТТІЛІК (грек.— екі жағынан, лат.— күш) — бойында қарама-қарсы сезімдер (қуаныш-қайғы, махаббат-жекқору т.б.) туғызатын жағдайды білдіретін психологиялық ұғым. А. адамның қоршаған ортаға қарым-қатына-сының күрделілігін, екіұштылығын және құндылықтар жүйесінің қайшылығын білдіреді. А. терминін алғаш швейцар-лық психолог Э. Блейлеф ұсынған. К. Юнг оны мәдениеттану-да қолдана бастады. К. Юнгтің ұжымдық бейсаналық ілімінде архетиптік сананың мазмұнына екіұштылық тән, себебі тұрақ-ты ескі сананың бейнелері жаңа мазмұн динамикасының салда-рынан адамның тылсым дүниесіне ығыстырылады, бірақ ол күнделікті өмірде жоғалып кеткен, тылсым дүниеден бастау алатын А. керіністеріне әкеледі. *М. Бахтиннің* мәдениеттану тео-риясында А. орта ғасырлар мен *Кайта Өркендеудің* күлкі-әзіл мәдениетіне тән көркем бейнелерде байқалады. А. бұл жағдай-да ортағасыр адамына төн дене мен рухтың дуализмінен туын-дайды және жеке тұлғаның тіршілігіндегі циклдік өзгерістерге (ескі-жаңа, туу-олім, жас-кәрі т.б.) қатысты байқалып отыра-ды. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне де А.-тің керіністері тән: кешпелі тынымсыз қозғалыс және әлеуметтік тұрақтылық, мұсылманшылық және тәңіршілік, күнделікті тіршілік және сауық мәдениеті, еркіндік және қауымдастық т.б.

АНДЕГРАУНД ӨНЕРІ (ағыл.— жасырын) — ХХ ғ. екінші белігінде батысеуропалық және орыс мәдениетіндегі ресми өнерге қарсы оппозициялық қозғалыс А. е. рес-ми мәдениеттің құндылықтары мен догмаларын қабылдамай-тын, авангардтық өнердің, рок-мәдениеттің, қарсы-мәдениеттің, жастар қозғалысының кейбір принциптерін бойына сіңірген өнердің дәстүрлі емес бітімдерінен құралады. А. е.-ді мәдени өмірдің кейбір жергілікті көріністерімен де (самиздат, бейресми көрмелер, жасырын концерттер, дискотекалар, салондық мәдениеттің кейбір түрлері т.б.) байланыстарды. Тоталитарлық қоғамда А. е. саяси-идеологиялық екемдікпен өнер еркіндігін түншықтыруға бағытталған мемл.-әкімшілік жүйемен және бірден-бір өнер жүйесі болып танылған соц. реализммен келіспеушіліктен туындаған. Осы қоғамда жасырын

айтылатын анекдоттар да А. е.-не жақын. А. е.-нің кейбір түрлеріне қарадүрсіндік пен руханисыздық тән.

АНОМИЯ (франц.— заң, ұйымдасудың жоқтығы) — қоғамның құндылықтар жүйесіндегі түбегейлі дағдарыстарды білдіретін ұғым. А. езінің темендегідей белгілерімен анықталады: 1) қалыптасқан құндылықтардың мәнін жоғалту салдарынан болатын ретсіздік, нормативтік-баптық вакуум; 2) әлеуметтік үйлесімдіктің жоғалуы, қоғамдағы құндылықтардың жиынтық бейнесіне айналған жеке тұлғалар беделінің жоғалуы; 3) адамдардың жоғары мұраттардан, емірлік күштарлық-тарынан айырылуы; 4) мінез-құлықтағы тұрақсыздық, езін-езі өлтірудің көбеюі, т.б. А. терминін ғылыми айналысқа енгізген француз ғалымы — Э. Дюркгейм (1858—1917). «Еңбектің қоғамдық белінуінің кітабында А. еңбек белінісінің бұрмалануы нәтижесінде пайда болады деп тұжырымдайды және оның себебін мамандандыру кезіндегі адамдар арасындағы ынтымақтастық пен үйлесімдіктің жоғалуынан кереді. «Озін-өзі өлтіру деген еңбегінде Дюркгейм эгоистік, альтуристік және А.-лық суицидтердің түрлерін атап етеді. Соңғысы дәстүрлі шектеу нор-малары шайқалған кезде ырықсыз құмарлықтан туындайды делінеді. Шектелмеген тілектер орындалмаған жағдайда адамдарда шешімі жоқ түйық дағдарыстар пайда болады. А. ұғымын қазіргі социологияда әрі қарай дамытқан американдық ғалым Р. Мертон (1910). Ол А. мәселесіне ауытқушылық әрекетпен байланысты қарастырады. Мұндай әрекет тұлғалық мақсаттарға заңды құралдармен жете алмайтын жағдайларда қалыптасады. Нақтылы мәдени жүйеде туындайтын мүдделер үстемдік етіп тұрған басқарушы және реттеуші тетіктерге қайшы келуі мүмкін. А. әсіресе, етпелі қоғамдарда жиі кездеседі. Бұрынғы өдетке айналған бағдарлар жаңа талаптарға сәйкес құндылық-тармен жылдам ауыстырыла бермейді. Мұндай қайшылықтар тұлғалар санасында ауытқушылық туғызуы мүмкін.

АПОЛЛОНИЙЛІК ЖӘНЕ ДИОНИСИЙЛІК МӘДЕНИЕТ -Ф. Ницшенің адамдық болмыстың екі бастауы мен мәдениетті типтерді сипаттауға байланысты енгізген ұғымдар. Бұл типтер ойшылдың «Музыка рухынан трагедияның туындауы» атты еңбегінде тұжырымдалған. А. және Д. м. бастамалары мифол. шығарм.-тың қиялдық бейнелері емес, олар бір болмыстың екі қыры ретінде табиғаттың өзінен нәр алып, көркем өнер тұлға-сының бойында тылсымдық бастау ретінде оның ырығын билейді. Бірін-бірі толықтыра отырып, А. және Д. мәдениет ежелгі грек болмысының ғарыштық тұтастығын құрастырады. А. бастау — жарық, салқынқанды пайымдаушы, сыншыл және рационалдық бітімдерде болып келсе, Д. — қызу, күңгірт, шығарм.-сезімдік, органикалық-иррационалдық түрде айқындалады. Дионисийді Аполлонның басуы трагедияға әкеледі, ал трагедия, Ницше бойынша, мәдениет дамуының қозғалушы күші болып табылады. Кейінгі Еуропада рационалдық жеңісі рухани мәдениеттің құлдырауына әкеледі. Аполлондық бастау, Ницше бойынша пластикалық өнердің бейнелерінде ұяланады. Аполлон — үйлесімділіктің құдайы және бүкіл болмыс формаларынан әсемдікті тапқысы келеді. Бірақ бұл әсемдік кейбір жағдайларда химералар тәрізді, адамды ұйқыдағы түс көру мен елес сияқты шатастырып кетуі де мүмкін. Аполлон жеке тұлғалық принципін жүзеге асырады. Сократ сөзімен айтқанда, «Өзіңді таны!» дейді. Д. бастау музыка өнерімен түбірлес келеді. Оны түсіндіру мақсатында Ницше мас болу мен түс көруден мысалдар келтіреді. Мүлгіген тұлғалық санада бейнелер калейдос-коптағышай қисынсыз ауыса береді. Дионис — әлемнің жүрегі, оның сағынуы мен асқақтануы. Ретсіз хаостан да ырғақ табуға болады. Д. мәдениет адамның тылсым дүниесінің шексіздігін білдіреді. Д. экстаз тоқтаусыз қайнап жатқан тіршілік ағынан ену болып табылады. А. және Д. м. адамзаттың рухани тарихындағы әсерлі әрі мазмұнды символдарға жатады.

АРТЕФАКТ (лат.— жасанды істелген) — табиғи-лықтан тыс қолдан жасалған нәрсе, мәдениеттің жемісі. А. ретінде тек денелік белгілері емес, сонымен бірге таңбалық, рәміздік мазмұны бар кез келген жасанды нәрсе қарастырыла алады. Мәдени А.-ға мыналарды жатқызуға болады: адамдар жасаған заттар мен нәрселер, техника және еңбек құралдары, киім-кешек пен тұрмыстық жабдықтар, тұрғын үй, жол т.б. А. ретінде қоғамның рухани өмірінің кез келген құбылысын (ғылы-ми теория немесе наным-сенім, өнер және фольклер туынды-сы, моральдық қағидалар т.б.) алуға болады. А.-ның пайда болуын және олардың негізіндегі адамдық максаттар мен мүдделерді талдау арқылы, заттық болмыстың символикасын айқындауға болады. А.-лар әлемі — таңбалар әлемі және олар-ды адамдық әрекет контекстінде ғана түсінуге болады. Адам тұрмайтын үй қаңырап бос қалады, функционалдық мазмұны ескірген құндылықтар тек «музейлік» мағынаға ие болады. Қазіргі мәдениеттерде А. мәдениеттердің динамикасын зерттеуде бастапқы алғышарт ретінде қабылданады.

АРХЕТИП (грек.— бастау,— бейне) — алғашқы үлгі, түпнұсқа. А. жалпыадамзаттық рәмізділіктің негізіне, шығарм. жасампаз қиялдың нәр алатын бастауына жатады. А. өнерде ерекше рөл атқарады. Мәдени А.-тер — бұл ілкі мәдени түпнұсқалар, адам және оның табиғат пен қоғамдағы орны жөніндегі түсінік-рәміздер, тарихтың терең қойнауларынан үзілмей «өсіп шығып, қазіргі мәдениеттің нормалық-құнды-лық кеңістігінде өз маңызы мен мағынасын жоғалтпаған және бүгінгі адамдардың әрекеттеріне жалпы жоба беретін баптық-құндылық бағдарлар. А. туралы ілімдер К. Юнгтің «аналитика-лық психологиясындан, Л.С. Выготскийдің «мәдени-тарихи теориясындан, Дж. Кулидің «Рәміздік интеракционизмден және мәдениетті құндылық-рәміздік жүйе мен адамдар тіршілігінің рухани интенциясы деген түсініктерде жан-жақты дамытылды. К. Юнгтің аналитикалық психологиясында А. комексі сананың тылсымдық құрылымдарында «үжымдық бейсаналық түпнұс-қалар ретінде сақталды. Мәдени тұлғаның рухани-шығармашы-лық қазынасын қауымдық тылсымдағы А.-тер құрастырады. Оларға адамның рухани өмірін априорлы (тәжірибеге дейін) қалыптастыратын және оның іс-әрекетін, мінез-құлық жүйесін жалпылама анықтайтын құндылықтар қисыны жатады. Осы-ның негізінде адамда «меңдік сезім, этноста ортақ уақыттық-кеңістік өрісі пайда болады. Әрбір халық өз мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндік алған кезде А.-теріне жиі оралады. Мыс, Қазақстанда соңғы жылдары мәдениет пен өнердің әр саласын-дағы «ұлттық негіздерді жаңғырту» идеясы осымен тұстас.

АУТИСТІК ОЙЛАУ (грек.— өзін) — тұлға немесе мәдени феноменнің түйық, терең үңілген типі, тұлғаға қатысты «шизоид» термині де қолданылады. Оны «шизофреник» түсінігімен ауыстыруға болмайды. Шизоид — туысқандарының қанында шизофреникалық гендердің болуы мүмкін, бірақ, өзі шизофрениямен ауыра алмайды, өйткені, бұл орынды оның сипаттамалық типі алып қойған, оның басты белгілері: өзіне-өзі сіңу (интроверсия) және материалды өмірмен салыстырған-да рухани өмірді басты деп есептеу. Бұл мағынада А. о. — идеализмнің синонимі. Бірақ А. о. философиялық емес, психо-логиялық ұғым болып табылады. Шизоид-аутист міндетті түр-де ақын не философия профессоры емес, маңыздысы — оның санасы белгілі бір бағытта жұмыс істейді. А. о. ұғымын швейцариялық психолог және психиатр Эуген Блейлер енгізген, ал Эрнест Кречмер «Тән құрылымы және мінез-құлық деген кітабында оны суреттеп берген. Әдетте, ол арық және ұзын тұра, салқынқанды, тарамысты болып келеді. Әр мәдениеттің, өнердің әр түрінің өзіндік адам типі бар. XX ғ. аутист-шизоидтар жиі кездеседі. Сыртқы түрқымен аутистік типке жататын XX ғ. мәдениетінің ұлы өкілдері: Джеймс Джойс, Густав Малер, Ар-нольд Шенберг, Дмитрий Шостакович, Карл Густав Юнг. XX ғ. А. о. тек жеке тұлғалар емес, сонымен бірге тұтас ағымдарға да тен. Неомифология және авангардшылдық өнерге аутизм тән емес, оның сипаттамалық

белгісіне полифониялық мозаика жатады. Аутистер екі типті болады: авторитарлар — бұлар, әдетте, жаңа бағыттардың негізін салушылар (Н.С. Гумилев, А. Шен-берг, В. Брюсов) және дефензивтілер (агрессияшыл емес, қорғанушы ұстанымдағылар); мысалы, олардың қатарынан Ф. Кафканы — қорғансыз, әйелдерден және әкесінен қауіптенетін, өзіне өзі сенімсіз, бірақ өзінше тұтас көруге бола-ды. Классикалық аутистер қоршаған орта жағдайларына мүлдем бейтараптық танытады және осы арқылы төтенше жағдай-ларға тез икемделе алады. Мысалы, социалистік қоғамға іштей жат композитор С. Прокопьев компартияға арнап опералар жаз-ды. Ол бұл ісіне нашар ауа-райына төзімділік танытқан тәрізді қарады, ал ішкі рухы таза күйінде қала берді. А. Швейцер сияқты тынымсыз шизоидтар өзінің ішкі дүниесінің үйлесімділігіне сүйеніп, жанқиярлық әрекеттерге барады. Л. Витгенштейн «Ло-гикалық-философиялық трактатын» жазғаннан кейін философ кедей болуы керек және философ балаларға көмек беруі қажет деген өзінің аутистік адамгершілік императивіне сүйеніп, әкесінің миллиондаған мұрасынан бас тартып, алыс ауылға мектеп мұғалімі болып аттанды. А. о.-дың мәнісін Гессе өзінің «Ақын деген нақыл әңгімесінде дәл суреттеп береді. Онда қытай ақыны отанынан алыста бір ұстаздан тәлім алады. Отанын сағынған оны ұстазы үйіне қайтарады. Төбе басынан үйін көріп, оны лирика-лық сезінуден кейін, ол ұстазына қайтып келеді. Өйткені, ақын-ның ісі — күнделікті өмірден гөрі, өз сезімдерін жырлау.

ӘЛЕМ КАРТИНАСЫ, әлем суреті — тарихи кезендерді мәдени типология бойынша бейнелеу үлгілеріне қатысты ұғым. Белгілі неміс мәдениет тарихшысы Р. Гвардини «Жаңа заман-ның ақырың атты кітабында Ә. к.-сі жөнінде өзінің тартымды концепциясын ұсынады. Ол адамзат тарихын үш кезеңге (ан-тикалық, орта ғасырлық және Жаңа замандық) бөледі. Антикалық адам, деді ол, әлемнің сыртына шықпайды, оны ішінен суреттейді. Әлем әркімнің орны алдын ала белгіленген тұтастық емес, сондықтан адам әлемде өзін еркін сезінеді. Антикалық адам үшін әлем құдайылық бастаудан құрала-ды. Адам әлемде өмір сүргені тәрізді, әлем де адамның ішінде болады. Антикалық әлем, ғылым-білімдердің жай жинағы емес, ол әр түрлі көзқарастар мен типологиялардың жина-ғы. Гректер Элладаны қолдарынан келмегендіктен емес, бір-бірімен толассыз тартыста болғандықтан біріктіре алмады. Ортағасырларда Ә.к. Гвардини бойынша, мүлдем өзгеріп кетеді. Құдай әлемді жаратқанымен, одан тыс тұр. Адамдық болмыстың тірегі осы құдайға жету жолымен айқындалады. Діни философ ретінде ол ортағасырлық адамды рухани ізденгіштігі үшін жоғары бағалайды. Ортағасыр адамы әлемнің символикалық бейнесін қалыптастырды. Жаңа за-ман суреті, философ бойынша, XVII ғ. таман қалыптасады. Ғылым мәдениеттің дербес саласы ретінде діни бақылаудан босанады. Макиавелли саясаттың аморальды принципін жариялайды: мемлекеттік мақсат мораль мен азаматтық еркіндіктерден жоғары тұрады. Т. Гоббс бәрі бәріне қарсы күрестегі адамдық тіршіліктің қожасы болып табылатын мемлекеттілік идеясын негіздейді. Дж. Бруно жаңалықтары негізінде шексіз әлемдер түсінігі қалыптасады, бұл Жердің әлем орталығы болудан қалуына әкеледі. Библиялық дүниелік болмыстың ақыры туралы эсхатологиялық ілім күмәнға алынады. Осыдан келіп адам жер бетіндегі тірегінен айырылады: басқа жағынан алғанда, адам өзіне өзі шексіз еркіндік жариялайды. Адам өзін өзі абсолютты құндылық деп есептейді, әлем жаратылған дүние болудан қалып, «та-биғатқа айналады, адам өзін оның иесімін деп жариялай-ды. Бұл адамдық құлдырауға әкеледі. Қазіргі заманда адам әлеммен қайта тұтасуға ұмтылады және осы үшін жаңа діни мағына іздейді.

БИНАРЛЫҚ ОППОЗИЦИЯ (лат.- қос) - XX ғ. мәдениетінде әмбебапты қолданылған әлемді тану құрал-дарының бірі. Қоршаған әлем екіжақты — ең алдымен физиологиялық себептерімен айқындалады: адамның миы әр түрлі функциялар атқаратын қос жарты шарларда тұрады, адамда екі көз, екі құлақ, екі қол және аяқ бар. XX ғ.

фонологиясы Б. о. барлық құрылымдық гуманитарлық зерттеулерде қолданылады (С.Н. Трубецкой). Б.о. әлем суретін сипаттағанда ұтымды танымдық құралға айналады:

өмір — өлім	бақыт — бақытсыздық
оң — сол	жақсы — жаман
жақын — алыс	өткен шақ — болашақ
осында — онда	биік — аласа

Бұл тізбектің оң жағы теріс, сол жағы дұрыс деп белгіленген. Күнделікті өмірде де «болады — болмайдың, «жарайды — жарамайдың, «тийым салынған — рұхсатт тәрізді Б. о.-ларды жиі қолданамыз (модальдылықтар). Б. о. тетіктерін қарастырғанда оппозицияның шеткі мүшелерін дөнекерлендіретін медиация ұғымы маңызды рол атқарады. Фонологияда бейтараптандыру және сингармонизация тетіктері әрекет етеді (мысалы, мағ, код сездері мақ, кот деп айтылады). Егер бірдеңеге тыйым салынса, ал әлдене міндетті болса, онда оған рұхсат берілген, яғни міндетті емес, әрі тыйым салынбаған. Егер белгілі және айқындалмаған бар болса, онда ойдағы да — белгілі, алайда ашық емес. Б. о. тақпақ ырғақтарынан биологиялық және мәдени ритмдерге дейін қолдану табады. Осыдан зерттеушілер кең мағынасында билингвизмнің маңызын атап өтті. Әлемді біз толық түсіне алмаймыз, бірақ ол оған деген қозғалыстарды бинарлық толық-тырулар арқылы есесі қайырылады. Ю.М. Лотманның мәдени-етаану саласындағы концепциясы осыған негізделген.

ВЕСТЕРНИЗАЦИЯ (ағыл.— батыстық) — Батыс мәдениеті үлгілерін қабылдау, басқа мәдениеттердің батыстан-дырылуы немесе батыстық донор мәдениеттен реципиент ретінде жеке құндылықтарды қабылдау; В. деп Америка мен Африка құрылымындағыдай батыстық мәдени нормаларды күшпен енгізуді айтпайды. В. негізінен, мәдени қабылдаушы елдің бас-қарушы элиталық тобының белсенділігімен жүргізілген. Мыс, Бірінші Петр жүргізген реформаларды, Түркиядағы Кемал Ататүріктің «жас түрікшілдер» революциясын, Латын Амери-касының АҚШ-тық құндылықтарды біртіндеп қабылдауын т.б. атап өтуге болады. В. тек батыс технологиясы мен өндіріс жаңалықтарын қабылдаумен шектелмей, осы оркениеттілікке тән құндылықтарды (демократия, адам құқықтарының басымдылығы, толеранттылық, ақпарат еркіндігі, азаматтық қоғам т.б.) енгізумен айқындалады. Бұл белгілері бойынша В. қамтыған елдер деп Жапония, Оңтүстік Корея, Шығыс Еуропаның кейбір мемлекеттерін атап өтуге болады. ТМД кеңістігінде В. әлі қар-қын алған жоқ. Жастардың тек батыстық бұқаралық мәдениет үлгілерімен әуестенуі шынайы В.-ға жеткізбейді. В. ұшырап отыр-ған елдерде оған қарсы дәстүрі мәдениеттің оппозициялық көңіл-күйде қалыптасады. В.-ға қарсылықты, әдетте, діни топтар мен маргиналдық қауым керсетеді. Ойткені, олар В. нәтижесінде қоғамда алып отырған орындарынан айырылып қалу қаупінен қорқады.

ВИДЕО-АРТ (лат.— көремін) — постмодернизмнің интерпәндік формаларының бірі. XX ғ. 60 жж. Қалыптасты В.-а.-тың мақсаты шығыстық мистика мен иррационалистік бастау-лармен толықтырылып, батыстық технологиялық рационалдық-тан арылу үшін сананы «ұлғайту» және керуші сезімдерін интенсифтендіру. В.-а.-тың қолданатын нәрселері материалды заттар емес, олар теледидарлық техника, лазерлік немесе голографиялық қондырмалар арқылы жасалатын визуалдық әлде аудиовизуалдық «объект-еместер» болып табылады. В.-а. өкілдерінің пікірі бойынша, осындай «объект-еместер» болмыс субстанциясын электрондық бейнемен білдіріп, төменгі сана терендіктерін көрсете және сездіре алады, тұлға назарын оның ішкі тылсым дүниесіне аударады. Осы арқылы объект пен субъектінің дуализімі шешіледі, индивидтің субъективтік сезім толқыныстары шегінде сыртқы заттық дүниемен тұтастануы жүзеге асып, батыстық мәдениет жоғалтқан адам бірегейлігі қалпына келтіріледі. Осылай батыс адамдары «Шығыс данала-рына» айнала алады, Батыс пен Шығыс инверсиясы

жүйеге аса-ды. В.-а. өкілдері сананы электрондық құралдар арқылы өзгерту нәтижесінде мәдениетті өзгерте аламыз дейді.

ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ (лат. — ақиқат) — компьютерлік техниканың негізінде кеңістік-уақыттық континуум-ды адам тілектеріне сай өзгертіп, жаңа әлемді, шындықты — қолдан жасалған құрылымды қалыптастыру нәтижесі. В. ш. сөздің тар мағынасында «электронды көзәйнек киіп алғаннан кейін пайда болатын ойындық немесе техникалық қажетті жа-санды шындыққа жатады. Бұл жағдайда сана компьютер құрас-тырған мүмкін әлемге енеді, онда виртуалды түрде көріне, сезіне және әрекет ете алады. Сөздің кең мағынасында В. ш. — бұл сананың кез келген өзгертілген түрлері: жүйкелік шатасу, наркотиктік немесе шараптық мас болу, гипноздық қалып, нар-коз, ұзақ уақыт тар кеңістікте қалған адамдардағы психикалық өзгерістер (түрмедегілер, су асты кемелеріндегі т.б.). «Виртуал-дың (ақиқат) ұғымында парадокс бар: қарапайым сана оны «қиял, иллюзорлы, ойдан шығарылған» деп есептейді. Бұл парадокс шындықты бағалаудан да туындайды. Ойткені, ХХ ғ. философиясында реалдықты мойындауға қатысты материалисттер мен идеалисттер бөлінуі бұрмаланып жіберілді. Материя мен сана оппозициясы тіл — шындық қарсы қоюымен ауыстырылды. «Қайсы бұрын болды?» деген сұрақтың орнына тіл мен шын-дықтың прагматикалық маңызын айқындау алдыңғы қатарға шықты. «Шындық сөзінің өзі тілдік формаға жатады. Сол себепті жасанды иллюзорлы шындық виртуалды деп аталады, ол басқа «шындықтардан» шынайы болып табылады. Бақытты және бақытсыз адамдардың шындығы әр түрлі. Еуропалық экзистенци-алист әлемді шығыстық дзэндік уағызшыдан басқаша көреді. Сон-дықтан кез келген шындық виртуалы болып табылады.

ГЕНДЕРЛІК ОППОЗИЦИЯ - жыныстық негізде қалыптасқан мәдени еркек-әйел бастауларын бинарлық қатынастарда қарастыру дәстүрі. Әлемде қалыптасқан бірінші мәдени ажыратушылық Г. о.-дан басталады. Ксенофонт мұны былай түсіндіреді «Құдай ең басынан жыныстарды бөліп жаратты: әйелді — бала табу мен үй шаруашылығына, еркекті — сыртқы жұмыс-тарға. Г. о. табиғи құбылыстарға да таратылған: қытайлық инь және ян бастамалары, көптеген нанымдардағы Айды, суды, жерді әйелдік, ал Күнді, отты, жылуды еркектік бастаулар деп есептеу. Еркектік факторлар белсенді, еркін, ырықты деп саналса, әйелдіктер — енжар, қабылдаушы материяға теңелген. Үнділік ежелгі дін — тантризмде, керісінше, белсенділік әйелдік бастамаларға тән. Жаратушы уақыт құдай-анасы Кама бәрінің түпкі себебі болып табылады. Қазіргі мәдениетте Г. о. мәселесі феминистік қозғалыстарға қатысты қойылып отыр. Жаңа фе-минизм осыған дейін үстемдік етіп келген «патриархалдық» мәдениетті, Құдай-Логостың еркектік билігін тұтасқан адамзат билігімен және Ана-Материяның құндылықтарымен алмастыру керек дейді. Феминистік қозғалыс әйелді объект ретінде алуға қарсы шығады. Постструктуралист және постмодерндік ұстанымда өміршең және сезімдік әйелдік Мен еркектік қатып-сеніп қалған рационалдык стереотиптерінің жалғандығын көрсетеді делінеді. Қазіргі көптеген Г. о. негізделген теорияларда әйелдер туралы Фрейдтің «кастрация комплексі» деген ілімі бекерге шығарылады. Жалпы алғанда, Г. о. қазіргі мәдени өмірдің өзекті мәселесіне айналып отыр.

ГИПЕРМӘТІН (грек.— жоғары, ар жағында) — мәтіндер иерархиясында жүйеге айналған, сонымен қоса мәтіндердің көптігін білдіретін арнаулы құрылым. Г.-нің қарапайым мыса-лына сөздер мен энциклопедиялар жатады: ондағы әрбір мақала осы сөздіктегі басқа мақалаларға сілтеме береді. Осындай мәтінді әр түрлі оқуға болады: Г.-дік сілтемелерді ескермей, қажетіне қарай, бір мақаладан екіншісіне; сілтемелерді ескере отырып, мақалаларды басынан аяғына дейін; немесе, бір сілтемеден келесісіне ауысып, Г.-дік саяхат жасау. В. Рудневтің «Қазіргі мәдениеттегі, мыс, арнаулы осы

үшінші тәсілмен құрастырылған. Айталық Г. мақаласын оқу үшін гипершындық, виртуалдық шындық, сананың өзгерілген түрлері сияқты мақалалармен міндетті түрде танысу қажет. Г. әдетте, тізбектік сипатта болады және ол түзу сызықты емес ой лабиринтіне ұқсас. Оған бір енгеннен кейін, қайта шығу қиындық туғызады.

Мыс, «Көк шалғынды кесушің фильмінде кейіпкер компьютерлік виртуалды шындықтармен танысқан соң, пара-саты мен денесі күшейіп, әлемдік билікке үмтыла бастады, бірақ компьютерлік Г.-ге түскеннен кейін одан шыға алмай қалды, өйткені, ол өз паңдығының қақпанына түсті. Мыс, Адам белгілі бір Г.-ді қабылдайды: нақтылы бір тіл ойындары, қарым-қатынас шеңбері, ойлау тәсілдері, әдетті кітаптары т.б. Енді ол осы өзін жалықтырған дүниеден кетейін десе, оны қалыптасқан Г. ережелері ұстап тұрады. Олардан шығу үшін үлкен ырық қажет. Бірақ, ол адамды ырықсыз билей алады. Г. адаммен ойын ойнағандай болады.

ГИПЕРШЫНДЫҚ — *гипермәтін* және *виртуалды шындық* ұғымдарына жақын, француз философы Жан Бодрийар ұсынған ұғым. Г.-ты түсіну үшін шындықты мәтінмен қоса алу керек те, мәтінді гипермәтін ретінде қабылдау қажет, сонда Г. түсінігі шығады. Бодрийар пайымдауынша біз осы Г.-та өмір сүріп тұрмыз. Бұқаралық ақпарат құралдары, толассыз ақпарат ағын. Адам санасын мүлдем билеп алған. Адам дауыл кезіндегідей кемелінің үстінде бір шетінен екіншісіне домалай береді. Мыс, 1991 ж. Ирак пен АҚШ-тың арасындағы соғыс шындық мағынасында болған жоқ. Бұл компьютерлер дисплейімен видео-проекторлар экранына «отырғызылған» гипермәтіндік соғыс болды. Бұл ешқандай мистика емес, ол Г. метафизикасы, ояу түс Тіпті, компьютерлік көркем әдебиет және оның, тым болмаса, бір классигі белгілі. Оның фамилиясы да — Джойс, бірақ есімі Джеймс емес — Майкл және ол «Улиссаның емес, компьютерлік роман «Тал түстің жазды. Бұл романды тек компьютер дисплейінде ғана дәл оқуға болады. Ол Г. түрінде құрастырылған. Клавиштерді басу арқылы оны соңынан басына дейін де, эпизодтарын ауыстырып та оқи беруге болады. Г.-та уақыт пен кеңістік жасанды болып шығады: кеңістік — прагматикалық, ал уақыт болса — сериалы. Мыс, Г.-та қазіргі оқиғаны суреттей келе, тарихтың терең қойнауларына кетіп қалуға болады, одан болашаққа жету үшін бір кнопқа жеткілікті. Г. — адамдық мәдениеттің ерекше бір тілдік бітіміне жатады.

ДЕКАДАНС (франц.— түңілу) — XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы өмірден түңілу, келешектен үмітсіздікке бой алдыру сарындары, дара тұлғалардың жекеленуі байқалғанын білдіретін, еуропа мәдениетінде көрініс тапқан тоқырау құбылысының жалпы атауы. XX ғ. *модернизм* ұғымымен байланыстырылған кейбір бағыттардан Д. өзінің ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Д. аумалы-төкпелі замандағы адамның құлазыған көңіл-күйін ашып көрсетуге үмтылу, қоғамдық талас-тартыстан алшақтап, дарашылдық, сыршылдық сезімге бой ұрады. Төңкерістік бағыттағы үрдістердің қоғамды соқыр сенім үстінде қиратуға бағыттайтынын көріп, Д. — бағыттағы суреткерлер торығу күйін кешті. Д. — бағыттағы суреткерлердің көзқарасы бойынша кез-келген таптық күрес пен қоғамдық прогресс формасының мақсаты қоғамдағы қатынасты қайшылыққа әкеледі деп таниды. Өнердің саяси және азаматтық тақырыптан оқшаулануы суреткерлердің пікірінше шығарм.-тың еркіндік жағдайымен тікелей байланысты. Д. «өнер үшін деген қағиданы қолданғаны да тек қоғамдық күрестен бас тарту деп қана қарамай, көркем өнердің, әдебиеттің өзіндік құндылығын ескеру, шығарм. еркіндікті сақтауға үмтылу деп таныған жөн. Д.-тың тұлға еркіндігін тануы жалпы эстетикалық құндылықтардан, сұлулықты талғам биіктігімен парапар тең қарастыруымен үндеседі. Д.-тың тұрақты тақырыбы — өмір мен өлім мотиві, рухани құндылықтар идеялына деген сағыныш сарыны болып табылады. Д. барлық жағынан өнер мен әдебиетті әр деңгейде суреткер шығарм.-нан көрініс тапқаны бағыты — «модерн стилінде, символизм ағымында деп айтуға болады.

ДЕКОНСТРУКЦИЯ - француз ойшылы *Ж. Деррида* ұсынған ұғым, постструктурализм заманының сыни-философиялық ұстанымы. Оның өзгешелігі— егер *модернизм* кезеңінде сың дәстүрді құлату, жою, күйрету құралы болса, Д. сынаса да сын объектісін жоюға тырыспайды. Керісінше, оның бүге-шігесіне жетіп, қайта тірілтуге бейім. Әрине, тірілткенде, ол шартты түрде тірілтеді. Бірақ постструктурализмнің ең үлкен жеңісі — ойлау процесінің шарттылығын ұғыну, метафизикадан бас тарту. Егер Платоннан бері нақты дүние Идеялар әлемінің көшірмесі деп саналса, қазір бұл байланыс жоққа шығарылып, ойлау дегеніміз таңбалау әрекеті деп өйгіленеді. Демек зерттеушінің мақсаты әр ғасырдағы әр қоғамның, әр өркениеттің, әр автордың таңба-лау ерекшелігін айқындау. Міне, Д. дегеніміз осындай айқын-даудың құралы. Д. метафизикалық дәстүрді бірнеше бағыттан сынайды. Біріншіден, бар болу метафизикасы ретінде сынау. Себебі *Хайдеггердің* болмыс дегеніміз **бар болу** деген тұжырымы батыс метафизикалық жүйелерінің темірқазығына айналған еді. «Мән, тірлік ету, субстанция, субъект, ой аттамы, сана, құдай, адам сынды негіз, бастау, орта-лықтың барлық атаулары бар болудың өзге түрі ретінде таңба-ланған (Деррида). Ойлап қарасаңыз, бар болу, сәйкестік, әңгіме, сана сияқты метафизиканың негіз қалаушы ұғымдары жоқ болу, өзгешілік, хат, дене іспетті қудаланған қосалқы терминдердің ізі екенін пайымдау қиынға соқпайды. Батыс философиясының метафизикалығы уақытты, тарихты қарадүрсін зерделейтінінен де байқалады. Тарих белгілі бір құрылым, белгілі бағыттағы ой жобасы ретінде ұғынылады. Уақыт концепциясына сүйенген метафизиканың тарихын қарадүрсін деуге болады, себебі метафизика түсінігінің өзі уақытқа тәуелді. Демек метафизика-ны жою үшін, уақыттан тыс болу керек. Д. мақсаты терминді қайта тірілту емес, осындай әрекеттің мүмкіндігін, немесе мүмкін еместігін анықтау. Әдетте Д. объектісі ретінде метафизикалық жүйелер, философ. аискурстар көрінеді. Деррида Д. мақсатын төмендегідей түсіндіреді: «философиялық мәтінді оның форма-лық құрылымында зерттеу, оның мәтінді типтерінің өзгешілігін және көпнұсқалығын көрсету философиялық мәтіннің сахна-лық кеңістігін, оның синтаксисін ұғыну». Д. жалпы даму екі негізгі әрекетке байланысты. Бірінші әрекет — айналдыру, екінші — қайта тірілту. Айналдыру — аттап өтуге болмайтын әрекет, себебі бинарлық оппозицияның күшін жою дегеніміз тек қана оппозиция мүшелерінің орнын ауыстыру емес. Олай істегенде Д. жасалатын аймақ қозғалусыз қалады. «Мәселе әрбір сатылы тәртіптен (иерархиядан) бас тартуда емес, себебі анархия әрқашанда тірлік етуші билікті күшейтеді. Белгілі иерархияның терминін өзгерту, немесе, орнын ауыстыру қажет емес, иерархияның өзіндік құрылымын өзгерткен жөн (Деррида). Екінші әрекет предикат пен ұғымдар иерархиясын қайта жасап, жаңаша қортындылауға байланысты. Бұл сатыда ұғымдардың қудаланған иеліктері мен мүмкіндіктері қайта жан-далып, жаңа ұғымдар айналдырудың бірінші адымындағы үстемдік құрған дәстүрлі ұғымдарға енгізіледі. Сонда ғана Д. толық жүргізілді деп айтуға болады. Д. қос амалды ілім. Бірақ мәселе уақыт тізбегіндегі жалғастықта емес. Деконструкцияның екі ағымы — айналдыру мен қайта тірілту — бір уақытта жасалады. Сөйтсе де олардың арасындағы өзгешілік сақталады.

ДЕМИФОЛОГИЗАЦИЯ — гуманитарлық ғылымда ғылыми зерттеулерді мифологиялық танымнан арылту әдісі ретінде та-нылады. Д. қазіргі кезде тарих, философия, дінтану және мәде-ниеттану ғылымдарында қолданылады. Д. терминін ғылыми айналымға ХХ ғ. 40 жж. неміс философы әрі теологы Р. Бульт-ман енгізді. Д. христиан діні, оның қасиетті кітаптардағы жазба-лардағы қайшылықтарды айқындау, түсіндіру қажеттілігінен туындаған термин.

ДЕПРЕССИЯ (лат.— көңілсіздік, жабыраңқылық) — көңіл күйдің қаяулығы, зарығып сарғаюы, әртүрлі ауруларда кездесетін күй немесе психологиялық жағдай. Д. жағдайына душар болған адам өзіне көңілі толмаған күй кешеді (өзін кем санау комплексі), келешекке деген қорқыныш, үрей билейді. Оған өзінің барлық өмірлік жоспарлары орындалмайтындай көрінеді; ойлау қабілеті әлсірейді (сана жұмысы өзгереді) және ойы өзінің кемшілігімен өзі әуреге түседі. Д. күйіне түскен адам өзінің қорқынышы, кемшілігі жайында «қайғырып содан ләззат алады. Д. ХХ ғ. екінші жартысындағы әлеум. сілкіністер — төңкерістер, әлемдік соғыстар, тоталитаризм, жұмыстан айы-рылу қаупі, экологиялық кризис нерв жүйесіне және психика-сына ауырлық түсірді. Д.-ға шалдыққан адам қайғылы, көз кара-сы мұңды, әр уақытта төмен қарап, бір нәрсеге тесіліп, көпке дейін бір нүктеден көзін айырмай отырады. Оның сөйлеген сөзі де баяу, естілер-естілместей ғана болады. Басқа адаммен сөйле-суге ешбір күлқы болмай, сұраққа тез жауап қайтарғысы келмейді, қайтара қалса, қысқа бір сөзбен ғана жауап қайтара-ды. Д. күйіне өз тұрғысынан талдап, түсіндірген З. Фрейд бол-ды. Қайғы мен Д.-ның айырмашылығы туралы пікірінде адам-ның осы күй-жайын ажыратып береді. Алғашқысы дені сау, психологиялық жағынан дұрыс қалыптасқан тұлғаның ең жа-қын сүйікті адамын жоғалту, махаббатына қолы жетпеу сияқты терең толғаныстарының нәтижесі. Ал, Д.-лық күй жоғарыда аталғандай жағдайдағы адамның қайғысын жеңе алмай мелан-холияға беріліп, түсіп кетуін айтады. З. Фрейд адамның Д. жағ-дайда «Мен махаббатымнан айырылдым. Енді маған өмір жоқ. Сондықтан өлем, сол арқылы одан өшімді аламын деген сияқ-ты соңғы шешімге келуі мүмкін екенін айтады. ХХ ғ. Д.-дан екі тәсілмен: біріншісі — психотерапия, екінші — медикаментоз ар-қылы емдейді. Психотерапиялық жолмен емдеу көбіне нәтижелі болады. Алайда бұл жолмен емдеу айлап, не жылдап жүргізуді талап етеді. Кейде ешқандай нәтиже бермеуі де мүмкін. Тера-пия арқылы реабилитация жасауда Д.-мен ауырған адамның өлеум. қуаты басты фактор болады. Ал, Д.-ға қарсы формако-логиялық дәрілер салыстырмалы түрде жақында, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана пайда болды. Бұл бағыттағы терапия жаныңның жабыраңқылығын басуға демеу болады. Бірақ дәрінің ықпалы Д.-лық ауруға ұшыраған адамға әр түрлі күй-жайға түсіріп, кейде асқындырып кетуі мүмкін. Осы ба-ғыттағы ем туралы орыстың авангард-суретшісі П. Пепперш-тейн «өзін-өзі іштей емдеу деп атаған. Фармакологиялық емнің нәтижесін В. Руднев «Меркурий синдромы деп атаған. Жерден сәл көтеріліп, қалықтағандай күй кешкен. Ғылыми-техника-лық прогресс заманында Д. аса өзекті мәселенің бірі болып отыр.

ДЕСТРУКЦИЯ — *М. Хайдеггердің* фундаменталды онтоло-гиясының негізгі ұғымдарының бірі. Бұл ұғымды Хайдеггер Гуссерльдің жас кезіндегі философиясына, әсіресе, оның фено-менологиялық редукция тәсіліне қарсы пайдаланады. Егер бұрын Декарт, Кант философиясында сана абсолютті құбылыс ретінде дәріптелсе, Гуссерль сананың белгілі бір объектіге ба-ғытталғанда ғана өз-өзін толтыратынын ашып, идеализмге үл-кен соққы жасады. Мысалы, сіз Декартты оқымасаңыз, сізде Декарт философиясы туралы түсінік болмайды. Сол сияқты та-биғаттың белгілі бір құбылысы туралы ойланбасаңыз, ол тура-лы да сізде түсінік қалыптаспайды. Демек, санаға тумысынан түсіну қабілеті беріледі де, оның орындалуы сананың ыждаһа-тына, белгілі бағытта жұмыс істеуіне байланысты. Демек, Гегельдің абсолютті рух туралы ілімі жалған. Себебі бүкіл та-ным жұмысы жеке саналардың қызметіне байланысты. Міне, осы тұрғыдан Гуссерль бұрынғы фило. дәстүрге алаңдаудың қажеті жоқ, бұрынғы түсініктерді жақшаға шығарып, өз қабыл-дау мүмкіндігіне қарай жаңаша түсінік қалыптастыр дейді. Фе-номенол. редукция дегеніміз осы. Себебі редукция деген сөз орнына қайту, қайтадан бастау деген мағына береді. Егер Гус-серль феноменол. редукция ұғымы арқылы әрбір философтың өзінше көзқарас қалыптастыруға ерікті екенін дәлелдесе, Хай-деггер бүкіл бұрынғы фило. дәстүрді жоққа шығарады. Себебі

бұрынғы классик. философияда болмыстың атойын тыңдау, болмыспен сәйкестікте болу жоқ дейді. Демек, болмысты ұғыну-дың бұрынғы жолдарын жақшаға шығару керек. Егер класси-калық философия бар нәрсе туралы ілімімен шектелсе, Хай-деггер бар нәрсенің өзегі уақыт дейді. Әрбір бар нәрсе тек уақыт ішінде бар, уақыты таусылғанда жоқ болады. Яғни, болмыстың мүмкіндігі уақытта. Сондықтан бұл ұғымдар бір-біріне етене жақын.

Хайдеггер ойынша Д. үш әрекеттен құралады: а) редукция, бар нәрседен болмысқа қайта оралу, б) конструкция, немесе болмыс түсінігін қалыптастыру, в) деструкция, немесе дәстүрлі түсініктерді жаңаша түсінікке сәйкестендіру. Сонымен, Д. ре-дукциямен де, конструкциямен де шектелмейді. Д. арқылы ғана онтология өз ұғымдарының шынайылығын аша алады. Ал бұл өрекет дәстүрлі метафизикалық ұғымдарды бір уақытта пайда-лану мен өшіруіне байланысты.

ДЗЕНДІК ОЙЛАУ — будда дінінің бір тармағы дзен-будда-ның негізінде қалыптасқан ұғым-термин. Дзен-будда класси-калық үнді буддасының Қытайға, одан Жапонияға өтіп ұлттық дін мен философияның бірі ретінде қалыптасты. Д.о. — негізгі идеясы адамның өмір сүруінің, жалпы табиғатының ішкі әлемінде өтіп жатқан процесімен байланысқа түсу арқылы тану. Д. о.-дың негізгі мақсаты сананы сәулелендіру, оны «саториң деп атайды. Д. о. Аналитикалық, логикалық ойлау жүйесіне қарама-қарсы санаға инстинкті түрде ықпал ету деп анықтама беруге болады. Д. о. бағыты, оның мәселесі әр қырынан К. Юнг, Д. Судзуки т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

ИНТЕРМӘТІН — бір мәтіннің өзге мәтінге кіруі, мәтіндердің кірігуі. Бұл ұғымды әдеби мәтінді көп дауысты құрылым ретінде қарастырған М. Бахтиннің ықпалымен Ю. Кристева кіргізген. Ол үшін мәтін дегеніміз мәтіндер мен таңбалардың өрімі, өзге мәтіндердің өзгеріске түскен нұсқасы. И. мәтін шекарасын бұлдыратып, оны жаңаша пайымдауға жол аша түседі. И. негізгі қасиеті оның ішкі әртектілігі, ашықтығы, көпнұсқалығы. Мәтін өзге мәтіндерден, өзге мәтіндерге қатысты шығарылады. Және тек бұрынғы мәтіндерге қатысты емес. И.-дік аталатын құбы-лысқа кейде шығармадан кейін жазылған мәтіндерді енгізеді. Мәтіннің қайнар көздері тек мәтіннен бұрын емес, онан кейін де тірлік етеді, — дейді Р. Барт. Бұл тұрғыда кез келген мәтін өзге мәтіндер кеңістігінде жанданып, қосымша мағына тудыра-ды. И.-дік құбылыс семиотикалық жүйе ретінде бүкіл мәдениетті қамтиды. И. тұрғысынан мәтін мен оқырман, оқу мен хат ара-сындағы айырмашылық және қарсы тұру жоққа шығарылады.

ИНТЕРСУБЪЕКТІЛІК — таным субъектілері арасындағы ар-найы қарым-қатынас, өзара араласу мен білімін өзгемен бөлісудің негізі. XX ғ. дейін танымның нанымдылығы таным жасаушы субъектінің әмбебап құрылымына байланысты еді. И. мәселесін алғаш рет *Гуссерль* Бесінші картезиандық медитация-сында қояды. Гуссерль феномендық ойлау тәжірибесін санадан бұрынғы әлемге сүйенуден бас тартудан бастағандықтан, оған

ойлау тәжірибесінің маңыздылығын қамсыздандыру үшін жаңа негіз керек болады деп таниды. Сондықтан ол ойлауды ойлау арқылы түсіндіруді жөн көреді. Ойлану барысында әрбір субъект әлемді өзінше зейіндейді, бұл дүние — жеке тұлғаның тек өз танымына тәуелді жеке тәжірибесі. Демек, мәселенің шешімі субъектілердің, немесе, Мен және Өзгенің қарым-қатынасында. Гуссерльдің тұжырымдауынша. Мен табиғи түрде өз санасында Өзгелерді қалап шығарып, мүмкіндікте бар субъекті-лер — интерсубъектілер қауымын құрайды. Бұл қауымдағылар әркім әлемді өз тәжірибесінен түсінеді. Міне, осыған байла-нысты Меннің жеке тәжірибесінің негізі ретінде әлем барлық үшін бар болып қарастырылуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар И.-те Мен өз тәжірибесінің өзгелермен салыстырғанда айырықша екенін кескіндейді.

Интерсубъектілер қауымы негізінде, ұғыну мүмкіндігінің көкжиегіне және қауымның шексіз кеңістігіне ұмтылған интенционалдық қауым қалыптасады. Бірақ, білім сапасын анықтау мәселесі ашық қалады, себебі өз-өзіне шексіз үңіле беруге болады. Кейін Гуссерль жеке тұлғаның рухани тәжірибесіне сүйенген Өмірлік Әлем ұғымын енгізіп, оны И.-ке негіз ретінде қарастырады.

МАРГИНАЛДЫҚ (лат.— шет, жиектегі, шекара-дағы) — қоғамдағы әр түрлі процесстердің нәтижесінде (көші-қон, этномәдени әрекеттестіктер, қоғамдық жүйелердің модер-низациялануы және басқа) пайда болатын, өзге мәдениет. М. дәстүрлер мен нанымдарды иеленуші бола тұра бөтен мәдени құндылықтар мен әлеуметтік рөлдерді меңгеруге мәжбүр ара-лық, шекаралық әлеуметтік топтардың мәдени құндылықтары, дәстүрлері, нанымдары, бағдарлары және тұрмыс саясатының басқа да элементтерінің конгломераты. «Маргиналды тұлға ұғымын 1920 ж. өздері үшін жаңа урбанистік тұрмыс қалпына бейімдеуге мәжбүр жағдайға тап болған иммигранттар-дың мәдени статусы мен сана-сезімін белгілеу үшін Р. Парк ұсынды.

МӘТІН — бұл жалпы (бір) тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі. М. сөзінің этимологиясы семантикалық құрылымдардан тұрады; адамның жасаған нәрсесі, осы істелген нәрсе элементтерінің ішкі байланыстылығы, істелген нәрсенің шеберлілігі және осы аталған үш семантикалық құрылымдарға сай оны үш пән — мәтінтану, герменевтика және по-этика зерттейді. *Мәтінтану* қарастырылып отырған мәтіннің қай дәуірге немесе авторға тиесілі екендігін анықтайды.

МЕНТАЛИТЕТ, д і л (лат.— жан құрылымы) — өлем картинасын жасайтын және мәдени дәстүр немесе қауымдас-тықтың бірлігін нығайтатын жалпы рухани қоңыл-күй, наным-иланым, рух дағдысы, ойдың біртұтас жиынтығы. М. жеке және ұжымдық сананың өзіндік ерекшелігі бар деңгейлерін сипаттайды; бұл орайда М. — өзгеше ойлау типі. М. — табиғат және әлеум. жағдайлар салдарынан туындайтын және адамның өмір өлемі туралы ұғым-танымын ашатын жалпылық. М. терминін жанның негізгі орталық метафизикалық мәнін құндылықтар мен ақиқаттың түпдерек ретінде қарастыра отырып, американ фи-лософы Р. Эмерсан (1856) енгізді. М. қоғамның мәдениеті, ру-хани өмірі бейнеленгенде белгілі бір дәуірдің филос, діни, саяси, эстетикалық теорияларында көрінетін метаұғым болып табылады.

МОДЕРНИЗМ (франц. — ең жаңа, қазіргі) — XIX ғ. соңы XX ғ. ортасында әдебиет пен өнерде, мәдениетте қалып-тасқан филос.-эстетикалық қозғалыс. М. өнерде болып симво-лизм (П. Верлен, А. Рембо, С. Малларме, О. Уайльд, В. Соловьев, А. Блок); импрессионизм (Г. Тракль, Ф. Кафка, Э. Мунк, А. Шенберг) және акмеизм (А. Ахматова, А. Гумилев, О. Мандельштам) арқылы көрініс тапты. М. реализмге қарсы қойылады. Бұл ретте М. өмір болмысты бейнелеуге емес, өз шындығын көрсетуге ұмтылады. Модернистер үшін өмір шын-дығы ұғымы — аллюзиялар, реминисценциялар. Мұнда негізгі ұғым цитаталар, реминисценциялармен толыға, ұлғая келе интермәтінге айналатын «мәтін болып табылады. Жеке адам-ның жан-дүние, сезімдерін бейнелеу идеясы екінші қатарға кетіп, алғашқыға сана шығады. М.-ді норвегтік сыншы Э. Ховардсхолм шындыққа жанасу талабын жоққа шығаратын және айнала шын-дықты өзге аспектіде қабылдайтын өнер деп анықтайды. М. ұқсас-тық принципіне негізделген өнер өз мүмкіндіктерін тауысқан, өлі, біздің өмірге деген қарым-қатынасындағы ешқандай жаңалық әкелмейтін өнер деп таныды. Өнердің өзегі сыртқы планнан ішке ойысты: бұл ретте суреткердің міндеті өмірмен қарым-қатынасқа өзінің жеке көркемдік әлемі аясында түсу, оқырман мен көрерменге шығарм. процеске мейлінше көбірек қатысуға мүмкіндік беретін таза субъективтік өнер жасау.

НЕОМИФОЛОГИЯЛЫҚ САНА, жаңа мифологиялық — XX ғ. мәдени ментальдылықтың бір бағыты. Ғасыр басында-ғы символизмнен басталып постмодернизммен аяқталады. Н. XIX ғ. позитивистік санаға жауап ретінде пайда болды. Н. мәні — мәдениеттегі классикалық және архаикалық мифтерді зерттеуге кеп көңіл белуінде. Сол сияқты мифол. сюжеттер мен мотивтер керкем шығармаларда кеңінен қолданыла бас-тайды. Осының бір мысалы У. Фолкнердің «Улисс» романы. У. Фолкнер қосымша фон ретінде Одиссей туралы және со-ған ұқсас мифтерді қолданады. XIX ғ. 20 жж., яғни әдебиетте модернизмнің гүлденген кезінен бастап, әрбір керкем метін тікелей немесе жанама түрде мифті қолдану негізінде құрылған. М. Булгаков «Мастер мен Маргарита», Т. Маннның, Г. Гессенің, У. Фолкнердің, Ф. Кафканың, Дж. Апдайктың шы-ғармаларында мифті жиі қолданады. Ш. Айтматовтың «Боран-ды бекет» романында басқа да шығармаларында мифтерді қол-данды. Шығарма сюжетінде миф ретінде тарихи аңыздар, тұрмыс-тық мифология, мәдени-тарихи шындық, өткен дәуірлердің керкем мәтіндері көрініс табады. Бұл XX ғ. керкем мәтінінің өзі мифологиялық сипат алуына әкеледі. Мыс, Г. Маркес «Жүз жылға созылған жалғыздық».

НОМАДОЛОГИЯ — қазіргі постструктурализмдегі ең жаңа бағыт. Бұл бағыттың қалыптасуы Ж.Делез бен Ф.Гваттариге байланысты. Н.-ның басты ұстанымдары олар жұмысының екінші томында баяндалған. 1972 ж. шыққан бірінші том «Анти-Эдип» деп аталған еді. Екінші томды қалыптастыру барысында Делез бен Гваттари оған кіріспе ретінде «Ризома» деген жеке кітапша шығарды. Ризома постмодернистік сананың бейнесі, ол — орталығы жоқ және кеңістікте жайылған ау сияқты құры-лым. Егер тереңде орныққан тамыр отырықшы мәдениетке тән болса, жер үстінде сусыған ризома көшпенділер мәдениетін бейнелейді. Себебі, көшпенділер кеңістікті бөлмей, кеңістікте бөлінеді. Н.-дың бір-біріне қарсы қоятын екі ғылыми нұсқасы — компарс пен диспарс. Компарста ғылым объектісі өзгеріске түседі. Диспарс — көшпенділер ғылымының қағидасы — еш нәрсені өзгертпей, тұтас күйінде қабылдайды. Ол бір-біріне ма-терия мен форманы емес, материал мен қуатты қарсы қояды. Көшпенді кеңістік үстінде көш түзейді, бірінші көштен екінші көшке ілгерілейді. Бірақ бұл көштер алған бағытқа тәуелді, ал отырықшылар үшін белгілі орын өзіне деген бағыт қалыптас-тырады. Н. көне нұсқаның орнын ойлаудың жаңа нұсқасын қорғамайды, ол ойдың өзін көшпенді қылуға ықпал жасайтын өлеуметтік құрылымды көксейді. Мұндағы мәселе саясаттың көшпендіге тән ой еркіндігіне көтеріле алуында.

ОЙЫН, ойын теориясы — дәлел-дәйегі нәтижесінде емес, процестің өзінде болатын, қимыл-әрекет түрі. О.-ның мәдениет пен оның жекелеген формаларының пайда болуы және жұмыс істеуінің негізі ретіндегі теориясы XX ғ. Х. Ортега-и-Гассет, И.Хейзинга, Е. Финк, Г. Гадамер және басқа мәдениет-танушылардың әр түрлі концепцияларынан пайда болды. Го-ланд ғалымы И. Хейзинга ежелгіден қазіргі кезеңге дейінгі мәде-ни шығарм.-ты ойын деп қарастырады. Ол Канттан басталып, Шиллер т.б. жалғастырған өнер генезисін спонтанды, ешқан-дай да мақсаттан тәуелсіз, мүддесі жоқ қызмет ретінде О.-нан тарата пайымдау дәстүріне сүйенеді. Мәдени даму барысында қоғам пайда ұғымын меңгерген мәдениетінің еркін рухы жоға лып, ойын элементі екінші қатарға жылжиды. Ортега-и-Гассет көпшілік мәдениеті негізі — О.-ға элитарлық мәдениетті қарсы қояды. Шығарм.-тың еркін рухы, қиял үшқырлығы, сырттай бақылаушылық шын енердің О. өлшемдеріне үндес сипаттары. Финк мәдениеттің пайда болуын О.-мен байланыстырылады, себебі О. болмаса адам баласы өсімдік тектес болар еді. Адам үшін О. бәрін де қамтитындықтан О. адамды табиғаттан жоға-ры дәрежеге көтереді де, мәдениет феномені пайда болады. Га-дамер тарих пен мәдениетті тіл стихиясындағы ерекше О. ретінде талдады: бұл ретте адам өзі қиялынан тудыратын рольден гөрі басқаша рольде болады.

ПАРАДИГМА — үлгі немесе модель. Қазіргі философиялық ғылымның негізгі ұғымдарының бірі. Т. Кун енгізген ғылыми қауымдастық қабылдаған және ғылыми дәстүрдің өмір сүруін қамтамасыз ететін сенімдер, құндылықтар және техникалық дәстүрлердің жиынтығы мағынасын білдіреді. Жалпы мойындалған П.-ның қалыптасуы ғылымның жетілгенінің белгісі болып табылады. П.-дың ауысуы ғылыми төңкерістің көрінісі — бұрынғы беделдердің, үлгілердің, методологиялардың, теориялардың, дүниетанымдардың дүние-әлем бейнелерінің қирауы.

ПАССИОНАРЛЫҚ (лат. — күштарлық, сезімдік) — қимыл-әрекетті аңсаған күштарлық, жекелеген адамдарда да, топтарда да болуы мүмкін шектен тыс күш-қуатқа қабілеттілік. П. — *Гумилевтің* этногенез («Этногенез және Жер биосферасын») теориясында негізгі термин болып табылады. Ол этностың пайда болу негізінде П. яғни ағзаның биосферадан сіңірген өте мол биохимиялық қуаты жатқан табиғи процесс деп қарастырады. П. тұқым қуалайтын биологиялық сапа ретінде қарастырыла-ды; адам психикасында бейсана деңгейінде болады.

ПОСТМОДЕРНИЗМ — дәл мағынасында модерннен кейінгі, қазіргі заман дегенді білдіреді. «Қазіргі заман ұғымының нақты бір қатаң анықтамасы жоқ. П. термині 1917 ж. бастап қолданысқа енгенмен, оның кең таралуы мен терең түсінілуі 1960 ж. басталды. XX ғ. архитектурадағы стиль атауы ретінде пайда бо-лып, ол кейін әдебиет пен өнердегі өзгерістерді, сол сияқты әлеумет.-экономикалық, технологиялық және саяси аймақта-ғы өзгерістерді сипаттау мақсатында қолданылды. Франц. фи-лософ, П.Ж. Лиотардың «Постмодернизм тағдырың еңбегінің негізінде П. термин-ұғым статусына ие болды. Ол П. туралы пікір-таласты философия мен мәдениет аймағына да таратты. Ол белгілі бір парадигманың үстемдігін жоққа шығарып, орта-лықсыздандыру принципін орнықтырды.

ПОСТСТРУКТУРАЛИЗМ — структурализмнің екінші тол-қыны, структурализмді сынаумен байланысты және оның алдыңғы шектеушіліктерінен арылуға бағытталған ағым. П.-нің өкілдері — Ж. Деррида, Делез, Бодрийар, Лиотар, Ю. Кристева, М. Фуко т.б. П. басты міндеттерінің бірі — логоорталықтық метафизиканы сынау және мәдениеттегі тіл билігін және билік тілін айқындау. Деррида метафизиканы деконструкция арқы-лы, яғни мәтіндегі жүйеден тыс, маргиналдық элементтердің маңыздылығын көрсету арқылы жеңуге болады деп санайды. Ғылыми айналымға, осыған дейін тек тұрмыстық тілде қолда-нылған, сөздер мен ұғымдар енгізіледі, бірақ оларға бұрынғы мән-мағынаны толықтыратын және шектейтін жаңа мазмұн беріледі. Мәтін интерпретациясы — бұл мәтінге тікелей қатысы жоқ нәрсені түсіну. П. үшін адамды сипаттайтын негізгі катего-рия тілек болып табылады. Ол адамның басқамен қарым-қаты-насқа түсуге деген ынтасын айқындайтын әмбебап бітім. Ол индивидуальды және ұжымдық іс-қимылдық барлық бітімін, әлеуметтік және мәдени шындық бітімдерін анықтайды. П. қоғам мен мәдениет — «билік — бағынудың қарым-қатынасының жап-пай көрініс табатын орны ретінде көрініс табады. Билік өзін адамдық қарым-қатынастардың барлық деңгейінде — саяси док-тринадан қарапайым қарым-қатынасқа дейінгі аралықта жүзеге асырады. Сондықтан П. биліктің іске асу тәсілдерін анықтап, оған көптілікті, бірегейлікті және ыдыранқылықты қарама-қарсы қоюды өз міндеті деп таниды.

ПСИХОАНАЛИЗ — XX ғ. мәдениетіне зор әсер еткен авст-риялық ғалым З. Фрейд қалыптастырған психологиялық ілім. Фрейд адам психикасының үш құрылымнан: Ол, Мен, Жоғар-ғы Меннен тұратыны туралы идеяны ұсынды. Көмескі сана өткеннен мұраланған психиканың терең қабаты ретінде көрініс табады. Оның қойнауларында адамның жасырын жан сезімдері, құмарлықтары мен ынта-назары ұялаған. Бұл құрылым «ләззат-тану принципінң басшылыққа алады. Фрейд оларды «қайнаған

құмарлықтардың қазаның деп атайды. Адамның саналы Мені — Ол мен (көмескі сана) қоршаған дүние арасындағы делдал. Бұл құрылым «шындық принципінң басшылыққа алады, оның мақ-саты — адамның көмескі санасына ықпал ету. Адам Мені Оны (көмескі сананы) өзіне бағындыруға тырысады, алайда кейде өзі Оның (к.с.) ықпалыңда болады. Жоғарғы Мен орындалуды, мәдени тиым салуларды бейнелейді. Жоғарғы Мен ұят ретінде, немесе көмескі кінә сезімі ретінде адам Меніне үстемдік етуі мүмкін. Көмескі санада белгілі бір жағдайларда сана аймағына шығып кететін элементтер болады. Мен қабылдау мен қозға-лыс органдарының жүйесін бақылайды. Жоғарғы Мен сублимация арқылы Эдип комплексін шешкеннен кейін пайда бола-тын ең жас құрылым. Тиым салынған либидо импульстары (жыныстық қуат) мәдени шығарм. қайнар көзі мен күпиясы. Мәдениет адамды жүйке науқасы (неврозға) ұшырататын тиым са-лулар жүйесі ретінде көрініс табады, ал екінші жағынан шы-ғарм. фантазия және оның рәміздік бейнеленуі арқылы либидо энергиясының (қуатын) босатуға (сыртқа шығаруға) мүмкіндік береді. Фрейд адамның психологиялық өмірі туылған соң бас-талады деп санайды, ал жаңа туған сәбиді ол таза тақта деп атайды. Кейде ол организмнің анықталмаған бейімділігі туралы, тіпті адамның түс көруі мен қиялында орын алатын филогенездік сипаттағы, өзіне тән архаикалық еске түсірулер туралы айтады. Ф. психикалық процесстер динами-касында инстинкті құмарлықтар шешуші рөл атқарады деп са-найды.

СИНКРЕТИЗМ (грек.— біріктіру) — «жігі ашыл-мағанң, «біте қайнасқанң деген сөз тіркестерінің синонимі бо-лып табылатын бұл ұғым қандай да болмасын құбылыстың жетілмеген, дамымаған, өзара жіктеле қоймаған бастапқы күйін білдіреді. Бұл ұғым көбінде алғашқы қауымдық немесе архаикалық мәдени кезеңге байланысты көп қолданылады. Өйткені дәл сол мәдени кезеңде мәдениет салаларының жіктелінбеген, дербестелінбегендігін байқаймыз. С.-нің мәнін миф, мифологиялық сана өте жақсы анықтайды. Мифтердегі субъект-объектілік қатынастардың жоқтығы, жеке тұлғалық бастаманың көрінбеуі, адамның өзін айналасын қоршаған өлемнен бөліп-жарып қарамауы т.б. С. көріністері болып табылады. Архаика-лық мәдениеттегі ғылымдардың, өнер түрлері мен наным-сенімдердің жіктелінбеген бастапқы біртұтастық күйі — архаи-калық мәдениеттің синкреттік сипатын танытады. Сондықтан да мәдениет тарихында зерттеушілер «алғашқы қауымдық Сң деген үлкен кезеңді айқындайды. Адамзат дамуының бұл саты-сында қоғамдық өмір өзінің іріктелмегендігімен, біртұтас-тығымен, бір-бірімен етене тығыз байланыстылығымен сипатта-лады. Сол мәдени кезеңнің адамдарының дүниетанымындағы С. көріністерін алғашқы наным-сенім түрлерінен: фетишизм, анимизм, тотемизм т.б. айқын көруге болады. Қазірде бұл термин-мен эстетика, өнертану, мәдениеттану саласында әр түрлі өнер түрлерінің элементтерінің бірлестігі айқындалады.

СТРУКТУРАЛИЗМ (лат.— құрылым, байланыс, рет) — ХХ ғ. 20 ж. бастап гуманитарлық білімдер (лингвистика, әдебиеттану, тарих, этнография және т.б.) саласында қалыптасып келе жатқан бағыт. Бұл бағыттың ерекшелігі оның құрылымдық тәсілді, модельдеуді, семиотика элементтерін пай-далануында жатыр. С.-ның зерттеу нысанасы — белгілер жүйесінен құрастырылған мәдениет (тіл, ғылым, өнер, мифология, салт-дәстүр, мода, жарнама және т.б.). Бұл бағыттың С. деп аталу себебі де оның мәдениеттің түрлі салаларындағы құры-лымдарды тауып және суреттеу мақсатымен тікелей байланыс-ты. С. өзінің даму барысында бірнеше эволюциялық сатылардан өтті: біріншіден, құрылымдық лингвистикада С.-нің өзіндік тәсілі пайда болды; екіншіден, философиялық С. дүниеге келді; үшіншіден, С. постструктурализм мен мәтін семиотикасына ыды-рап кетті. 1920—1940 жж. өзінің құрылымдық лингвистика аясында қалыптасуын басынан өткізген С. 50—60-шы жылда-ры, әсіресе Францияда шарықтап шықты. С. сол кезеңнің өктем интеллектуалдық парадигмасына айналды. К.

Лэви-Строс фран-цуз С.-нің негізін қалаушы болып есептеледі. Өйткені ол тілдің жүйелік талқыламасын өзінің антропологиялық ізденістерінде алғашқылардың бірі болып қолданды. Леви-Стростың түсінуі бойынша, адамдардың некелік қарым-қатынас ережелері мен туысқандық байланыстары адамзат мәдениетінде жеке тұлға мен ұжым коммуникациясының белгілі бір түрін туындатады. Бұл коммуникация түріндегі байланыстырушы буын — әйел. Ол от-басы, ата, тайпа арасын жақындастырушы, дәнекер рөлін атқарады. Аталар арасындағы әйел алмасу әуелде инцесті, яғни жақын туыстар арасындағы жыныстық қатынасты болдырмау үшін жасалған шара еді. Кейінірек ол мәдени символизмге айналды.

Тілде — сөз дәнекерлеуші орталық буын болса, туысқандық қатынаста — әйел алмасу, ал экономикада — товар алмасу. Кейінірек С.-ді Ж. Лакан, М. Фуко, Р. Барт дамытты.

СУБЛИМАЦИЯ (лат. — көкке көтеру, биіктету, жоғары қою) — мәдениеттануға психологиядан З. Фрейд еңбектерінің ықпалының нәтижесінде енген термин. Психологияда С. деп инстинктивті энергия түрлерінің қоғам мен жеке тұлғаның қажеттіліктеріне жарамды процеске айналуы арқылы қақтығысты, жанжалды болдырмайтын психологиялық қалқан механизмін айтады. Психоанализ бойынша, С.-ның түр көріністерін либидоның (жыныстық энергия, жыныстық қозудың) шығармашылық процессіне айналуынан; өткір тілділіктен; шиеленіскен жағдайды езіл-сықақпен, ойын-күлкімен бәсеңсітуден және т.б. байқауға болады. З. Фрейд діни жөн-жоралардың, мәдени институттардың пайда болуын қалыптасуын және дамуын С. арқылы қарастырып, талдайды. С. термин ғылыми айналымға 1900 ж. З. Фрейд енгізгенімен де, оған дейін де С. идеясының болғандығын байқауға болады. Мысалы XVIII ғ. ақын-жазушылары Г. Штиллер пен Новалистің (Фридрих фон Харденберг), XIX ғ. философтары А. Шопенгауэр мен Ф. Ницшенің шығармаларынан витадды (өмірлік) қуаттың әлеуметке жағым-сыз жақтарын тиімділікке аудару туралы түсініктерді кездестіреміз. С. іске аспаған, жұмсалмаған табиғи әуестік — құмарлық қуатын мәдени салаларға — еңбекке, шығармашылыққа, өнерге және т.б. жаратуды аңғартады. Табиғи агрессия — спорт ойындарына; жыныстық құмарлық — махаббат, достық сезіміне; тәнін жала-наштауға әуестік (экзгибиционизм) — көзге ұрарлық ашық түсті киім-кешек киюге сублимацияланады. Сөйтіп үйреншікті әуестіктер рухани жағынан энергияның қайта жаңғыруының нәтижесінде өнегелі іске айналады.

СУБМӘДЕНИЕТ (лат. — төменгі, нем. — мәдениет) — делме-дәл аударымда «астыңғы мәдениет», ірі мәдени құрылым ішіндегі белгілі бір топтар, бірлестіктер мәдениеті дегенді білдіреді. С. көбінесе қоғамда өктем болып тұрған мәдениет пен әлеуметтік құрылымға оң немесе теріс қатынас нәтижесінде пайда болады. Қазіргі жағдайда С. үлкен аймақтық, ұлттық мәдени құрылым негізінде пайда бола отыра сол мәдениеттегі клас-сикалық дәстүрден тысқары тұрады. С.-тің әлеуметтік бастауын әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейрес-ми бірлестіктер т.б. құрайды.

МАЗМҰНЫ

ДӘРІСТЕР МӘТІНІ	5
СЕМИНАР ЖӘНЕ МӨЖ КЕСТЕСІ	48
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	50
МӨЖ / МОӨЖ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР	54.
ГЛОССАРИЙ	56